

Ризабек Батталұлы

Ақида сабақтары



رِضَابَكْ بَطَّالُ أُوغْلُو

دروس العقيدة



УДК 28
ББК 86.38
Б 27



Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының сараптама бөлімі
мақұлдаған

Батталұлы Ризабек

Б 27 **Ақида сабақтары** - «Siyaush» баспасы. Алматы 2011-
188 бет.

ISBN 978-601-80168-1-3

Қолыңыздағы «Ақида сабақтары» атты кітап «Әл-мұхтар минәт тәухид» атты арабша кітаптан аударылды. Алайда ішіне «Тахауи ақидасы», «Әл-фикһул әкбар», «Әбу Ханифаның өсиеті» атты бірнеше ақида жөніндегі мәтіндік кітаптар кіргізілгені себепті аударма ретінде өз атымен емес, жинақ ретінде «Ақида сабақтары» деп аталды. Еліміздегі мешіттер жанындағы діни сауат ашу үйірмелерінде оқытылатын оқулық ретінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан арнайы шығарылғандықтан осылайша бірнеше кітаптан жинақтау тиімді болды. Оның тиімділігі солки, ақида негіздері жөнінде жазылған бірнеше мәтіндерді оқу оқырманның көмескі істерге деген сенімін жан-жақты нығайтады.

Ақида терминдерінің таныс еместігі һәм түсініктемені қажет ететіндей күрделілігі себепті кітапты терең, өз мағнасында түсіну үшін оны ұстаздың көмегімен оқыған абзал.

Кітап мешіттер жанындағы діни сауат ашу үйірмелеріне арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-80168-1-3

© Р. Батталұлы., 2011
© «SIYAUSH» баспасы, 2011

РИЗАБЕК БАТТАЛУЛЫНЫҢ «АҚИДА САБАҚТАРЫ» АТТЫ КІТАБЫНА САРАПТАУ

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№ 21/0 688 «19» қазан 2011 ж.

Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары» атты кітабы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни сараптау және талдау бөлімінде қаралды. Еңбек ақида саласы бойынша жазылған. Бұл кітап Әбу Ханифаның «Әл-Фикһул әкбар» және «Әл-Уасия» кітабы мен ханафи мәзһабының көрнекті ғалыми имам әт-Тахауидің мәтіндері негізінде жазылған. Қазақ елінде бұған ұқсас кітап кең көлемде жарық көрмеген, алғашқы еңбек. Еңбекте ақиданың негізгі үш негізі Аллаһтану, пайғамбарлықтар, ғайып әлемі, яғни көзбен көрмей, Аллаһ елшісінен (с.а.у) жеткен хабарлардан есту арқылы иман келтіру тақырыптары, Әбу Ханифаның кеңестері түсінікті тілде қамтылған. Әсіресе діни қызметкерлерге немесе діни оқу орындарындағы және медреседегі оқып жатқан студенттер мен шәкірттерге көмекші құрал болары сөзсіз. Кітапқа Алматы қаласы бойынша орталық мешітінің бас имамы Құлмұхамед Махамбет пікір жазған. Кітаптың жалпы сипаты, көлемі мен мазмұны, стилі, тілі ҚМДБ Діни сараптау және талдау бөлімінің діни еңбекке қоятын талаптарына толық сай.

Қорыта келе Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары» атты кітабы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни сараптау және талдау бөлімі толық мақұлдайды.

ҚМДБ ДІНИ САРАПТАУ
ЖӘНЕ ТАЛДАУ БӨЛІМІНІҢ
БАС МАМАНЫ

Қ. БЕКЖАНОВ

Пікір

Тарихта әртүрлі есіммен аталып келген бұл ілім Орта Азия жерінде екі атаумен аталған: біріншісі – «ақайыд», екіншісі – «иғтиқад». Ақайыд «нанымдар» деген мағынаны білдірсе, иғтиқад «сену», «нану», «ұғыну» деген мағыналарды білдіреді. Бұл атауды біздің кемеңгер бабамыз Ибраһим Құнанбайұлының қара сөздерінен «иман-иғтиқад» деп кездестіреміз. Оның отыз сегізінші қара сөзі осы иман-иғтиқадқа арналған. Сол «ақайыд», «иғтиқад» деп аталған ілім қазіргі заманда «ақида» деп аталады.

Ислам дінінде ақиданың алар орны ерекше, өйткені ол – мұсылманның ғайыбтық істерге сенудің дұрыс жолын қамтыған ілім. Сол арқылы мұсылман ең алдымен Аллаһ Тағалаға қандай сипаттар тиісті (уәжиб), қандай сипаттар мүмкін емес (мүстәхил), қандай сипаттар мүмкін (жәйіз) екендігін, пайғамбарларға қандай сипаттар тиісті (уәжиб), қандай сипаттар мүмкін емес (мүстәхил), қандай сипаттар мүмкін (жәйіз) екендігін толық білетін болады. Нәтижесінде оған өмірде дұрыс көзқарас пен ұстаным қалыптасады.

Енді қолыңыздағы «Ақида сабақтары» деп аталған кітапқа келсек, ол осы саланы қамтып, мешіттер жанындағы сауат ашу курстарында оқулық ретінде қолданылуға арнап шығарылды. Сондай-ақ қазіргі күндегі ақида саласындағы белең алған олқылықтардың орнын толтырады. Кітап жеңіл тілмен, оқырманына түсінікті жазылған. Сондай-ақ кітапқа төл мәзһәбымыздың жол басшысы Имам Ағзам Әбу Ханифаның (Аллаһ оған разы болсын) «Әл-фикһүл әкбар», «Әбу Ханифаның өсиеті», «Тахауи ақидасы» кітаптарының мәтіндері кіргізілді. Бұдан ақида негіздері жөнінде жазылған елеулі кітаптардағы мәтіндермен оқырманның таныс болуы көзделді.

Алматы орталық мешітінің бас имамы
Құлмұхаммед Махамбет

АЛЛАҒТЫ ТАҢУ ІЛІМІ

الإلهيات

Бірінші бөлім

КІРІСПЕ

Мейірімді рақымды Аллаһтың атымен бастаймын. Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы болған, бұл әлемді, ондағы бар нәрселерді, жоқтан бар қылған Аллаһ Тағалаға тән. Бұл ғаламның бар болуы ұлы Жаратушының барлығына дәлел болса, ондағы таңғажайып құбылыстар Жаратушының құдіретті екендігіне дәлел болады және елшілердің ардақтысы болған пайғамбарымызға, оның отбасына, әрі сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Таухид ілімінің негіздері

مبادئ علم التوحيد

1) Анықтамасы:

Таухид сөзінің тілдік¹ және діндегі мағынасы:

- Таухид сөзінің тілдік мағынасы «уаххада»

¹ Араб тілінде кейбір терминдерді тілдік және діндегі мағынасы деп екі бөліп айтады. Тілдік мағынасы деп- Исламнан бұрын негізгі қолданыста болған мағынасын, ал діндегі мағынасы деп Ислам келгеннен кейін діни терминге айналып, белгілі бір құлшылық түрін білдіретін мағынаны айтады. Мысалы: «соләһ» - негізгі тілдік мағынасы «дұға», кейін діни мағынаға ауысып белгілі ережелері бар, арнайы бір уақытта орындалатын құлшылық түрі «намаз» ұғымында қолданылды.

бірлеу, жалғыздау сөзінен алынған, яғни бір заттың тек біреу, жалғыз екендігін білдіруді айтады.

- Таухид сөзінің діндегі мағынасы – айқын дәлелдер келтіре отырып, діндегі нанымдарды бекітетін ілім. Аллаһ Тағала жалғыз, Оның серігі жоқ және Оны ақыл, ойға елесі келетін барлық бейнелерден пәк деп иман келтіру, яғни санадағы қандай да бір елеспен, бейнемен Аллаһты сипаттауға болмайды, Ол барлық кемшіліктен пәк деп иман келтіру.

2) Тақырыбы:

Таухид ілімі үш тақырыпты қамтиды:

- *Илһият* – Аллаһ Тағалаға не нәрсе тиіс (*уәжиб*), не қайшы, не мүмкін екендігін қарастыратын ілім.
- *Нұбууәт* – Пайғамбарлардың (*Оларға Аллаһтың сәлемі болсын*) хақына не нәрсе міндет (*уәжиб*), не қайшы, не рұқсат екендігін қарастыратын ілім.
- *Сәмғият* – Пайғамбардан (*Оған Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын*) есту арқылы жеткен ақыретке қатысты істерді қарастыратын ілім.

3) Пайдасы:

Аллаһ Тағаланы шынайы танып, екі дүниеде бақытты болу.

4) Артықшылығы:

Таухид ілімі Аллаһ Тағаланың Өзіне дініміздің негізіне тікелей қатысты болғандықтан, ілімдердің ішіндегі ең жоғарысы, ардақтысы болып саналады.

5) Негізін салушы:

Таухид ілімі жаңадан пайда болған жоқ. Бұл –

жаратылыстың өзімен бірге пайда болған ілім. Барлық жаратылыс Аллаһ Тағаланың жалғыз екенін, Оның құдіретін мойындайды. Таухид негіздері барлық пайғамбарларда (*Оларға Аллаһтың сәлемі болсын*) бір болған, таухид өзгермейді. Аллаһтың әмірімен Пайғамбарымыз (*Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) жиырма үш жылда Ислам таухидінің толық негізін салды. Ал таухид ілімінің негізделіп, ережелері бекітіліп, белгілі бір жүйеде оқытылуын ғалымдар жүзеге асырды.

6) Есімдері:

Бұл ілімнің бірнеше атауы бар:

- Таухид ілімі – Аллаһ Тағаланың біреу ғана екенін білдіретін ілім. Оның негізгі мәселелерінің бірі Аллаһ Тағаланың біреу ғана екенін негіздейтін ілім болғандықтан, таухид ілімі деп аталған.
- Ақида ілімі – сенім ілімі. Оның зерттейтін мәселелерінің барлығы тікелей сенімге қатысты болғандықтан, ақида ілімі деп аталған.
- Усулуддин – дін негіздері ілімі, бұл ілім діннің негізі болып саналғандықтан «усулуддин» деп аталған.
- Илмүл кәләм – сөз ілімі, «мына мәселе мынадай» деген сияқты әр түрлі көзқарастарды алға тартатын ілім болуына байланысты, илмүл кәләм деп аталған.
- Имам Әбу Ханифа (*Аллаһ оған рақым етсін*) бұл ілімді «Әл-фикһүл әкбар» (үлкен ұғым) деп атаған.

7) Қайнар көзі:

Таухид ілімінің қайнар көзі – Құран мен сүннет² және тұжырымды ақыл.

Негізінде тұжырымды, дұрыс ақыл мен нақты дәлелдер ешқашан Құран мен сүннетке қайшы келмейді, ал қайшы келіп жатса, қабылданбайды.

8) Үкімі:

Таухидты білу – әрбір мұсылман адамға парыз. Бұл арада білу парыз болған іс – иманның алты шарты, осы алты шартқа иман келтіру – әрбір мұсылманға парыз, бұл өзге бір мұсылманның білуімен, орындауымен басқалардың мойнынан түспейді, өйткені бұл шарттарды білу – дінімізде маңызды болған істерден. Таухид іліміне келер болсақ, оны терең білу парыз кифәһ³ болып саналады. Әрбір адам оны терең білуге шамасы жете бермейді. Сондықтан ғұламалардың бір қатары ақида іліміне бойлау үшін терең іздену мен оның ережелерін білуді парыз кифәһ деп есептеді.

Ақыл үкімі және оның баяны

أقسام الحكم العقلي

Ақылмен үкім қылу дегеніміз – *тәжірибеге тоқ-*

² Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан сөзі, істеген ісі және бір істі мойындауы (яғни осы нәрселерді жеткізген хадистер) сүннет.

³ Парыз екіге бөлінеді: парыз айн және парыз кифәһ. «Парыз айн» деп әрбір мұсылманның өзі істеуі тиіс болған істер. Мысалы: намаз оқу, ораза ұстау сияқты. Бұл парыз басқа біреудің орындауымен мойыннан түспейді. «Парыз кифәһ» деп бір мұсылмандардың орындауымен басқа мұсылмандардың мойнынан түсетін амалды айтады. Мысалы: жаназа намазына қатысу сияқты парыз, біреулердің қатысуымен басқалардың мойнынан түседі.

тамастан бір істі бір іспенен бекіту немесе бір істі бір іспен қайтару.

Ақылмен үкім қылу үшке бөлінеді:

1) Уәжиб (міндетті):

Уәжиб дегеніміз – *Болуы міндетті іс және болатынына сенімсіздік білдіру құпталмайтын іс*. Мысалы, ақылға салып қарасақ: Аллаһ Тағаланың құдіретті болуы – *міндетті* (уәжиб), өйткені ақыл Аллаһ Тағаланың құдіретті болуын құптайды және мойындайды. Уәжиб екіге бөлінеді:

а) дарурий⁴;

б) назарий⁵.

а) Уәжиб дарурий дегеніміз – *Ақылдың бір нәрсені міндетті түрде ешбір дәлелсіз қабылдауы*. Мысалы: Әке баласынан бұрын дүниеге келді десек, бұған ешкім дәлел сұрамайды, өйткені әкенің баласынан бұрын болатындығына ақыл ешқандай шек келтірмейді, шек келтіруі мүмкін де емес.

б) Уәжиб назарий дегеніміз – *Адамның бір нәрсені міндетті түрде жақсылап, ақылмен ойланып, дұрыстығына көз жеткізіп барып қабылдауы*. Мысалы: Аллаһ Тағаланың барлығы. Аллаһ Тағаланың бар болуы – міндетті, бірақ кез-келген адам мұны бірден қабылдай бермейді, бұл – дәлелдеуді қажет етеді, бірақ міндетті түрде осыған сенуі керек, сенбеуге ешқандай негіз жоқ. Аллаһ Тағала жоқ деп ешкім айта алмайды, өйткені адамзат ақылы бұл нәрселерді жоққа шығара алмайды.

2) Мұстахил (мүмкін емес):

Болуы мүмкін емес дегеніміз – *Олай болуын ақыл мүлдем құптамайды, яғни бар болуы немесе солай болуы ақылға симайды*. Мысалы: ақылға салсақ, Аллаһ

⁴ міндетті, тиісті, қажетті

⁵ теориялық тұрғыдан, ой жүгірту

Тағаланың ілімсіз болуы мүмкін емес, өйткені Аллаһ Тағаланың міндетті түрде білуші болу керектігін ақыл құптайды. Мұстахил екіге бөлінеді:

а) дарурий;

б) назарий.

а) Мұстахил дарурий дегеніміз – *Болуы мүмкін емес нәрсені еш дәлелі болмаған себепті ақылдың қабылдамауы*. Мысалы: қандай да бір болмысты бір уақытта қозғалып та, тоқтап та тұр деу мүмкін емес.

б) Мұстахил назарий дегеніміз – *Болуы мүмкін емес нәрсені болды деп дәлелдегеннен кейін де ақылдың қабылдамауы*. Мысалы: Аллаһ Тағаланың ұқсасы болуы, басқа бір нәрсеге ұқсауы мүмкін емес, ақыл оны қабылдамайды, бірақ бұл дәлелді қажет етеді, бірақ бұлай болуы мүлдем мүмкін емес.

3) Жәйіз (болуы мүмкін):

Жәйіз дегеніміз – *Бар болуы да, жоқ болуы да мүмкін нәрсе*. Жәйіз да екіге бөлінеді:

а) дарурий,

б) назарий болып.

а) Жәйіз дарурий дегеніміз – *Бар болуын да, жоқ болуын да ақылдың ешбір дәлелді қажет етпей қабылдауы*. Мысалы: күннің жылып, салқындауы.

б) Жәйіз назарий дегеніміз – *Бар болуын да, жоқ болуын да ақыл қабылдайды, бірақ дәлелді қажет етеді*. Мысалы: Аллаһ Тағаланың пайғамбарларды жіберуі.

Аллаһты тану ілімі

الإلهيات

Таухид ілімі – дініміздің негізі болып саналады. Осы үлкен ілімнің негізін ғалымдарымыз оқушыларға түсінікті, әрі дұрыс болуы үшін, белгілі бір ережелерге сүйеніп, үлкен үш топқа бөліп қарастырған.

1. Иләһият – Аллаһ Тағаланың Өзіне қатысты ілім.
2. Нұбууәт – Пайғамбарларға (Оларға Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты ілім.
3. Сәмғият – Пайғамбарымыздан (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) есту арқылы жеткен, ақыретке қатысты істерді қарастыратын ілім.

Иләһият дегеніміз – Аллаһ Тағаланың Өзіне қатысты ілім. Біздер Аллаһ Тағаланы сипаттарын тану, білу арқылы ғана танимыз. Аллаһ Тағаланың хақиқатын Өзінен басқа ешкім білмейді.

Аллаһ Тағалаға жалпылай тиіс болған нәрсенің баяны және оның дәлелдері

Жалпы алғанда Аллаһ Тағалаға барлық кемелдік⁶ лайық және осы нәрселер Оған тиісті (уәжиб). Ол кемелдіктерге сан жетпейді және олар бітпейді әрі оны біздің іліміміз қамти алмайды. Аллаһ Тағалаға лайық болған барлық кемелдік Оған тиіс (уәжиб) болады, әрі Оның кемелдігіне шек жоқ деп иман келтіру – мұмин адамға уәжиб болады.

Аллаһ Тағаланың Өзіне лайық болған барлық кемелдіктің Оған тиіс (уәжиб) болатындығына дәлел: егер Аллаһ Тағала Өзіне лайық барша кемелдікпен сипатталмаса, кемшіліктермен сипатталып қалған болады. Ал егер Аллаһ Тағалаға кемшіліктермен сипатталу мүмкін болғанда, онда Ол өзінің кемшіліктерін жоюға шамасы келмей қалған болады, ал өз кемшілігін түзей алмаса, ол қалайша күдіретті, жаратушы құдай болмақ. Демек Аллаһ Тағаланың бұндай болуы мүмкін емес. Сондықтан кемшілік атаулы Аллаһ Тағалаға жат. Әлбетте Аллаһ Тағалаға Өзіне лайық болған барлық кемелдік қана тиіс (уәжиб) болды. Аллаһ Тағала Құранда:

⁶ Аллаһ Тағалаға лайық болған кемел сипаттар мен есімдер.

﴿هُوَ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَالِمُ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ هُوَ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْمَلِكُ الْقُدُّوسُ السَّلَامُ الْمُؤْمِنُ الْمُهِيمُنُ الْعَزِيزُ الْحَبَّارُ الْمُتَكَبِّرُ سُبْحَانَ اللَّهِ عَمَّا يُشْرِكُونَ هُوَ اللَّهُ الْخَالِقُ الْبَارِئُ الْمُصَوِّرُ لَهُ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَى يُسَبِّحُ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

«Ол сондай Аллаһ, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Көместі де, көрнеуді де біледі. Сондай-ақ Ол, тым есіркеуші, ерекше мейірімді. Ол сондай Аллаһ, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол патша – өте пәк, есендік беруші, қорғаушы, тым үстем, аса өктем, өте зор. Аллаһ олардың қосқан ортақтарынан пәк. Ол Аллаһ, жаратушы, жоқтан бар етуші және бейнелеуші. Аттардың ең көркемі Оған тән. Көктер мен жердегі әр нәрсе Оны дәріптейді. Ол – өте үстем, Аса дана»⁷.

Әл-қудус – қастерлі мағынасында.

Аллаһ Тағалаға жекелей тиіс болған сипаттар және оның дәлелдері

Аллаһ Тағалаға жекелей көптеген сипат тиіс (уәжиб) болады. Олар мыналар:

Әл-Үжуд – Бар болу

الوجود

- 1) Бар болу дегеніміз – Аллаһ Тағаланың бар екеніне дәлел болған сипат. Бар болудың мағынасы – Аллаһ Тағаланың сипатын айту емес, тек бар екенін

⁷ Хашыр сүресі, 22,23,24-аяттар.

ғана айту. Аллаһ «мәужүд» дегендегі «бар» сөзі – Аллаһ Тағалағаның сипаты. Сондықтан бар болу сипаты өзіндік сипат деп аталды. Құдірет сипаты сияқты емес. Аллаһ Тағала құдіретті десек, «құдіретті» деген сөз Аллаһ Тағалаға сипат болды. Құдірет сипаты Аллаһ Тағаланың Өзінде тұрған қосымша бір мағынаға дәлел болды. Сондықтан құдірет сипаты мағыналы сипат деп аталды.

Аллаһтың барлығына дәлел

دليل وجود الله

Өзіміз көріп отырған бұл әлемнің жаратылғандығы – шындық. Ал олай болса, әрбір жаратылыстың жаратушысы болуы – заңдылық, Ол жаратушы – Аллаһ Тағала. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿ذَلِكُمُ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ فَاعْبُدُوهُ﴾

«Міне, бұл сипаттарға ие болған – Раббыларың Аллаһ. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – барлық нәрсені жаратушы. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар»⁸. Және бір аятта:

﴿وَخَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ فَقَدَرَهُ تَقْدِيرًا﴾

«Сондай-ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі»⁹. Тағы бір аятта:

﴿وَلَمَّا سَأَلْتَهُمْ مَنْ نَزَّلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَحْيَا بِهِ الْأَرْضَ مِنْ

⁸ Әнғам сүресі, 102-аят.

⁹ Фұрқан сүресі, 2-аят.

بَعْدَ مَوْتِهَا لَيَقُولَنَّ اللَّهُ قُلْ الْحَمْدُ لِلَّهِ بَلْ أَكْثَرُهُمْ لَا يَعْقِلُونَ﴾

«Ал егер олардан: «Көктен жаңбыр жаудырып, онымен жерді өлімнен кейін жандандырган кім?»,- деп сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ» дейді. Мұхаммед: «Барлық мақтау Аллаһқа лайық» де. Бірақ олардың көбі түсінбейді»¹⁰.

Осы аяттар және осы сияқты басқа да аяттар бұл жаратылыстың жаратушысы Алла Тағала екендігіне дәлел болады. Барлығы жаратылыстардың жаратылғандығына дәлел болады, яғни жоқтан бар болған. Ал енді осы жаратылыстардың бақылаушысы және жаратушысы жоқ деген ақылға сыймайды. Өйткені жоқ болмыс – өздігінен бар бола алмайды. Өзі жоқ нәрсе біреуге еш нәрсе бере алмайды. Міне, осыдан кейін Аллаһ Тағаланың бар болуы міндет (уәжиб) болды. Аллаһ Тағаланың жоқ болуы мүмкін емес.

Аллаһ Тағала ежелден, басталусыз, жоқ болу деген нәрсе Оған тән емес. Аллаһ Тағала жоқ болмайды, жоқ болуы мүмкін де емес.

Аллаһ Тағалаға бар болуы міндет екендігінің дәлелі

والدليل على وجوب الوجود لله تعالى

Аллаһ Тағалаға бар болу тиіс (уәжиб) болды. Бұл әлем бар болуында, барлық істерінде Аллаһ Тағалаға мұқтаж. Кім бар болуға тиісті болса және оған әлем мұқтаж болса, ол – осы әлемнен емес, ол өзінен-өзі бар болады. Ал егер кімде-кім өзінен-өзі бар болса, оның болуы – тиіс (уәжиб), демек Аллаһ Тағалаға бар болу уәжиб болды.

¹⁰ Ғанкабут сүресі, 63-аят.

Ежелден бар болу

القدم

2) Ежелден бар дегеннің мағынасы – Аллаһ Тағаланың бар болуының басталуы жоқ дегенді білдіретін сипат. Аллаһ Тағала қашан да бар, және жоқ болмайды.

Аллаһ Тағаланың ежелден бар екенінің дәлелі

والدليل على وجوب القدم لله تعالى

Жоғарыда айтқандай, Аллаһ Тағалаға бар болу – уәжиб болады, ал кімге бар болу уәжиб болып бекісе, онда оған ежелден бар болу да – міндет. Сондықтан Аллаһ Тағалаға ежелден бар болу – тиіс болды да, пайда болу деген Аллаһ Тағалаға қатысты айтылар сөз емес. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿هُوَ الْأَوَّلُ وَالْآخِرُ﴾

«Ол Аллаһ Тағала әуелгі әрі соңғы (ежелден бар, бар болуының басталған уақыты жоқ әрі мәңгі қалады)»¹¹, яғни Аллаһ Тағала бар, бар болуының басталуы жоқ, әрі барлық нәрсе жойылғаннан кейін де Ол мәңгі қалушы.

Мәңгі болу

البقاء

3) Мәңгі болу – Аллаһ Тағала мәңгі бақи бар болады дегенді білдіретін сипат. Аллаһ Тағала мәңгі бақи. Ол ешқашан жоқ болмайды.

¹¹ Хадид сүресі, 3-аят.

Аллаһ Тағалаға мәңгі болудың тиіс екендігінің дәлелі

Аллаһ Тағалаға бар болу уә Оның ежелден болуы тиіс екені пысықталды. Ал кімге бар болу мен ежелден болу тиіс (уәжиб) болса, онда оған мәңгі болу уәжиб. Аллаһ Тағалаға мәңгі болу тиіс (уәжиб) болды, сондықтан мәңгілік Аллаһ Тағалаға тән сипат. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ وَيَبْقَى وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ﴾

«Бүкіл жер жүзіндегілер жоғалады. Ұлық дәрежеге ие әрі жомарт Раббың Өзі ғана қалады.»¹². Тағы бір аятта:

﴿كُلُّ شَيْءٍ هَالِكٌ إِلَّا وَجْهَهُ﴾

«Оның Өзінен басқа бүкіл нәрсе жоқ болады»¹³.

Жаратылысқа ұқсамауы

المخالفة للحوادث

4) Жаратылысқа ұқсамау дегеннің мағынасы – Аллаһ Тағала Өздігінде де, сипаттарында да өзге жаратылыстарға ұқсамайды дегенді білдіреді.

Аллаһ Тағала жаратылыстың заттары сияқты емес, және сипаттары да жаратылыстың сипаттары сияқты емес. Аллаһ Тағала дене емес, әрі денеге де, белгілі бір орынға да, тарапқа да еніп тұрған жоқ. Аллаһ

¹² Рахман сүресі, 26,27-аят.

¹³ Қасас сүресі, 88-аят.

Тағалада ағза мағынасындағы қол, жүз, көз жоқ. Аллаһ Тағала түсу, келу, бір денеге орнығу, хисси¹⁴ жоғары тарап (яғни бізге мәлім жоғарылық мысалы аспан жоғары тарапта) сияқты жаратылыстың сипаттарымен сипатталмайды (яғни жаратылыстың бойында бар мағынамен сипатталмайды).

Ал Құран мен сүннеттегі тура мағынасы ұқсас сөздердің мүтәшәбиһтардың¹⁵ тура мағынасы емес, астарлы мағынасы (тәуийл) алынады да, олар Аллаһ

¹⁴ Физикалық мағынадағы түсінік.

¹⁵ Мүтәшәбиһ дегеніміз – кейбір аяттар мен хадистерде келген мағынасы ұқсас сөздер. Мағынасы ұқсас аяттар мен хадистерді түсінуде әһлүс-сүннәт уәл-жамағатта екі жол бар, біріншісі «Тәфуийд» яғни аят пен хадисте келген мағынасы ұқсас сөздердің мағынасын Аллаһ Тағала біледі деп тілдік мағынасын алмастан иман келтіру, ал екіншісі «Тәуийл» яғни аят пен хадисте келген мағынасы ұқсас сөздерді Аллаһ Тағалаға лайық мағынада астарлап түсіну. Тәуийл екі түрлі болады. Біріншісі «тәуийл ижмәли» яғни мағынасы ұқсас аят пен хадисте бір мағына бар деп астарлы түрде жалпылама түсіндіру. Екіншісі «тәуийл тәфсыйли» яғни аят пен хадисте келген мағынасы ұқсас сөздерге Аллаһ Тағалаға лайық болған белгілі бір мағына жүктеп қолдануды айтады. Бұл тек тәуийл Халәфтарға (алғашқы үш ғасырдан кейінгі келген әһлүс-сүннәт уәл-жамағат ғалымдары) ғана қатысты емес, Сәләфтардың (алғашқы үш ғасырда өткен Сахабалар, Табиғиндер және оларға ерушілер) кейбірі тәуийл жасаған. Мысалы: «Аллаһтың иәді олардың қолдарынан үстем» деген аятқа Сәләф ғалымдары бұл аятта бір мағына бар, ол мағынаны Аллаһ біледі деп тәуийл ижмәли жасаған, Олар бір мағына бар деу арқылы бұл арада «тәуийл ижамлий» жасады. (Яғни «иәд» сөзіне белгілі бір мағына жүктемеді). Ал Халәф ғалымдары бұл аятты Аллаһ Тағалаға лайық болған мағынада астарлап түсінді, Олардың астарлап белгілі бір мағына жүктеп түсінулерінің мәніне келер болсақ: «тәуийл тәфсыйли» (яғни «иәд» сөзін «күдірет» мағынасында алса, «фәук» сөзін үстем мағынасында) астарлап түсінді.

Тағалаға лайық мағынада түсініледі. Мысалы Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يَدُ اللَّهِ فَوْقَ أَيْدِيهِمْ﴾

«Аллаһтың иәді¹⁶ олардың қолдарының үстінде»¹⁷ - деп келген аяттағы «иәді» сөзін «күдіреті», яғни «Аллаһтың күдіреті олардың қолдарынан үстем¹⁸» - деген мағынада астарлап түсінеміз.

﴿وَيَقْتَىٰ وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْحَلَالِ وَالْإِكْرَامِ﴾

«Ұлық дәрежеге ие әрі жомарт Раббының уәжһі¹⁹ ғана қалады»²⁰ - деп келген аяттағы «уәжһ» сөзі

¹⁶ «Иәд» араб тілінде бірнеше мағына береді. «Иәд» сөзінің негізгі тілдік мағынасы «қол» деген ұғымды білдірсе, балама, астарлы мағынада «күш», «күдірет», «жомарт» т.б. Мысалы: қолы ашық адам десе, жомарт, береген деген мағына түсініледі, «алақанын ашып жүр» деп түсінілмейді.

¹⁷ Фатх сүресі, 10-аят.

¹⁸ Бұл аяттағы «фәук» (үстінде) деген сөзді жоғары жағында деп емес, «үстем» мағынасында түсінеміз, ал «тәфуийд» жасап түсінетін болсақ, «Аллаһтың иәді олардың қолдарынан үстем»- деп тоқтаймыз. Аллаһтың қолы бар, бірақ біздің қолымыз сияқты емес деп айтуға болмайды.

¹⁹ «Уәжһ» сөзі араб тілінде «жүз» деген мағынаны білдіреді. Бірақ Аллаһтың жүзі қалады деп айтылмайды, Аллаһтың өзі қалады деп түсініледі. Мысалы: біреуге жүзінді көрсетпе десе, өзің көрінбе деген мағынада. Егер мына бір хадисті тілдік мағынасында тікелей алатын болсақ «садақа Аллаһтың алақанына түседі» деп айтуға тура келеді, бірақ садақаның кедей адамға берілетіндігі белгілі, бұл жерде «кәф» - «алақан» сөзінің Аллаһ Тағалаға тіркесіп келуі кедей адамға садақа берудің маңыздылығын көрсетеді. Ешкім бұл хадистен Аллаһтың алақаны бар, бірақ біздің алақанымызға ұқсамайды деп айтпайды, айтуға да болмайды.

²⁰ Рахман сүресі, 27-аят.

«Өзі», яғни «Ұлық дәрежеге ие әрі жомарт Раббың Өзі қалады» - деген мағына береді²¹.

﴿الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى﴾

«Әр-Рахман аршыға истәуэ²²»²³ - деп келген аяттағы «истәуэ» сөзі «меңгерді», яғни «Рахман аршыны меңгерді» - деген мағына береді.

﴿وَجَاءَ رَبُّكَ وَالْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا﴾

«Раббың жәэ, періштелер сап-сап болған кезде²⁴»²⁵ - деп келген аяттағы «жәэ» - «келді» сөзін «әмірі келді», яғни «Раббыңның әмірі келгенде және періштелер сап-сап болған кезде» - деген мағынада болады²⁶.

²¹ Ал «тәфуийд» жасасақ, «уәжһ» сөзінде не мағына барын Аллаһ біледі деп «Раббының уәжһі ғана қалады» - деп тоқтауымыз керек. Сәләф ғалымдарының бірі Суфян ибн Уәйнәһ (Аллаһ оған разы болсын): «Мағынасы ұқсас аяттардың тәфсирі – оның оқылуы» - деген.

²² «Истәуэ» сөзі араб тілінде «менгеру», «орнығу», «отыру», «басқару», т. б. бірнеше мағынада қолданылып келген. Халәф ғалымдары осы сөздерді Аллаһ Тағалаға лайық болған мағынаға қарай астарлап түсіндірген. Тәуийл жасау таухид ілімін терең түсіне бермейтін көпшілік бұқараны қате түсініктен, жаңсақ ұғымдардан сақтайды.

²³ Toha сүресі, 5-аят.

²⁴ Ал «тәфуийд» жасап түсінетін болсақ «Рахман аршыға истәуэ» - деп, «истәуэ» сөзінің мағынасын, не мақсатпен айтылғанын Аллаһ біледі деп иман келтіреміз. Имам Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «Рахманның аршыға истәуэсы өзін сипаттағаны сияқты, кейпі қандай деп айтылмайды, кейіп деп айтуға Аллаһ тарапынан тыйым салынған», яғни Аллаһты кейіптеуге болмайды.

²⁵ Фәжір сүресі, 22-аят.

²⁶ Имам Шафиғий (Аллаһ оған разы болсын) мағынасы ұқсас аяттар мен хадистер жайында: «Аллаһтан келген нәрсеге, Аллаһ нені мақсат етіп тұрған болса, соған иман келтірдім және Аллаһтың Елшісінен (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген нәрсеге Аллаһтың Елшісі (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) нені мақсат еткен болса, соған иман келтірдім» - деген.

Аллаһ Тағаланың жаратылысқа ұқсамауы тиістігінің дәлелі

Аллаһ Тағала Өзінің сипаты жағынан жаратылысқа ұқсамайды; ал ұқсаған жағдайда Ол жоқтан бар болған боп шығар еді. (Яғни басталуы бар, аяқталуы бар). Ал Аллаһ Тағаланың ондай болуы мүмкін емес, өйткені Аллаһ Тағаланың ежелден бар болуы уәжиб болды да, жаратылысқа ұқсауы мүмкін болмады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

«Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол – әр нәрсені естуші, толық көруші»²⁷.

Өздігінен тұру

القيام بالنفس

5) Өздігінен тұру дегеннің мағынасы – Аллаһ Тағаланың тұруы бір нәрсеге немесе бар қылушы жаратушыға мұқтаж еместігін білдіретін сипат.

Аллаһ Тағала сипат емес, керсінше сипаттармен сипатталушы. Аллаһ Тағаланың сипат емес екендігіне мына нәрсе дәлел болады. Егерде Аллаһ Тағала сипат болғанда: «құдіретті», «қалаушы», «білуші» сияқты сөздермен сипатталмаған болар еді. Өйткені сипат сипатпен сипатталмайды, мысалы: құдірет сипаты ғалым деп немесе, қалаушы деп айтылмайды. Бірақ Аллаһ Тағаланың мағыналы сипаттармен сипатталуы тиіс (уәжиб) екендігі Оның сипат еместігін, әрі Аллаһ Тағаланың жаратылмағандығын көрсетеді.

²⁷ Шура сүресі, 11-аят.

Ежелден бар болу – Аллаһ Тағалаға байланысты тиіс (*уәжиб*), ал кімге ежелден бар болу уәжиб болса, оған байланысты пайда болу деген сөз қолданылмайды. Егер Аллаһ Тағаланың жоқтан бар болмағаны мен сипат еместігі анықталса, онда Оның өздігінен тұрмауы деген мүмкін емес. Сөйтіп Аллаһ Тағалаға өздігінен тұру тиіс (*уәжиб*) болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ أَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ إِلَى اللَّهِ وَاللَّهُ هُوَ الْغَنِيُّ الْحَمِيدُ﴾

«Әй адам баласы! Аллаһқа мұқтажсыңдар. Аллаһ Ол әр нәрседен мұңсыз, өте мақтаулы»²⁸. Және бір аятта:

﴿فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

«Аллаһ барлық әлемнен бай»²⁹.

Міне осы екі аят Аллаһ Тағаланың барлық әлемнен бай екендігіне дәлел болды (*яғни Аллаһ Тағала еш нәрсеге мұқтаж емес*). Аллаһтан басқа нәрсенің бәрі әлем деп аталады. Егерде Аллаһ Тағала бір нәрсеге немесе бар қылушы жаратушыға мұқтаж болғанда, барлық әлемнен бай болмаған болар еді.

Әл-Уәхдәнияһ - Жалғыз болу

الوحدانية

6) Жалғыз болу дегеннің мағынасы – Аллаһ Тағала затында да, сипаттарында да, істерінде де жалғыз

²⁸ Фатыр сүресі, 15-аят.

²⁹ Әл Ғыран сүресі, 97-аят.

дегенді білдіретін сипат. Аллаһ Тағала жалғыз, әрі Аллаһ Тағала бөлшектерден құралмаған және Аллаһ Тағалаға ұқсайтын ешбір болмыс жоқ. Аллаһ Тағаланың сипаттары жалғыздан, яғни бір түрлі, екі немесе одан көп сипаттармен сипатталмаған. Яғни Аллаһтың сипаттары бір-бірінен, мысалы екі құдірет сипаты бар деп айтылмайды керсінше бір құдірет сипаты бар делінеді. Және де Аллаһ Тағаланың сипаттарына ұқсайтын ешкімде ешбір сипат жоқ. Аллаһ Тағала істеген ісінде жалғыз, яғни барлық жаратылыс Аллаһ Тағаланың құдіретіменен ғана жаратылған, оған ешкім ортақ болмаған, және де Аллаһ Тағаланың істерінде ешкімнің үлесі жоқ.

Аллаһ Тағалаға ұқсайтын болмыстардың жоқ екендігінің дәлелі

Егерде Аллаһ Тағаладан басқа құдайлық сипаттармен сипатталған бір зат (яғни Аллаһқа ұқсаған басқа біреу) болғанда екі құдай болып қалған болар еді. Ал егер екі құдай болғанда, сөзсіз екеуінің арасында қайшылық пайда болған болар еді. Яғни біреуі бір болмыстың болуын қалап, ал екіншісі болмауын қаласа, сөйтіп екеуінің де қалағаны орындалды десек, онда екі қарама-қайшы нәрсе бір орында, бір уақытта пайда болып, ол болмысты бар деп те, жоқ деп те айтуымыз керек болады, ал бұндай қарама-қайшы екі нәрсенің бір уақытта, бір жерде жиналуы мүмкін емес. Ал енді екеуінің де қалауы орындалмаса, екеуі де әлсіз болады да, бұл әлем мүлдем болмаған болар еді, ал көзбен көріп тұрған бұл әлемді жоқ деу мүмкін емес. Енді біреуінің қалауы орындалып, екіншісінің қалауы орындалмаса, қалауы орындалған құдай болады да, қалауы орындалмаған құдай бола алмай қалады. Міне, осы жағдай бірнеше құдайдың болуы мүмкін емес екендігін дәлелдейді. Сондықтан да Аллаһ Таға-

ла жалғыз деп сипаттау уәжиб болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ﴾

«Айт: Ол Аллаһ – жалғыз»³⁰. Және бір аятта:

﴿لَوْ كَانَ فِيهِمَا آلِهَةٌ إِلَّا اللَّهُ لَفَسَدَتَا﴾

«Егер жер-көкте Аллаһтан басқа да тәңірлер болса, сөз жоқ, жер мен көк бұзылып кетер еді»³¹. Тағы бір аятта:

﴿وَمَا كَانَ مَعَهُ مِنْ إِلَهٍ إِذَا لَذَهَبَ كُلُّ إِلَهٍ بِمَا خَلَقَ وَلَعَلَّ

بَعْضُهُمْ عَلَى بَعْضٍ سُبْحَانَ اللَّهِ عَمَّا يُصِفُونَ﴾

«Онымен бірге ешбір тәңір жоқ. Ондай болғанда, әрине, әр тәңір өз жаратқанын алып кетер еді де, бір-біріне үстемдік қылар еді. Аллаһ олардың сипаттағанынан пәк»³².

Құдірет

القدرة

Аллаһ Тағаланың құдіреті дегеніміз – Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағала іліміне және қалауына сай, құдіретіменен бұл әлемді бар қылады да, жоқ қылады да. Аллаһ Тағаланың сипаттары басталусыз, аяқталусыз өзгермейді, азаймайды да, көбеймейді де.

³⁰ Ықылас сүресі, 1-аят.

³¹ Әнбия сүресі, 22-аят.

³² Мүминун сүресі, 91-аят.

Аллаһ Тағалаға құдірет сипатының уәжиб екендігіне дәлел

Аллаһ Тағаланың аспан мен жердің, ондағы бар нәрселердің барлығының жаратушысы екендігі нақты дәлелдерменен көрсетілген. Демек осы әлемнің жаратушысы міндетті түрде құдіретті болуы керек. Олай болса, Аллаһ Тағаланың құдіретсіз болуы мүмкін емес. Аллаһ Тағаланың әлсіз болуы мүмкін емес, ал құдіретті болуы уәжиб болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿ذَلِكُمْ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ فَاعْبُدُوهُ وَهُوَ

عَلَى كُلِّ شَيْءٍ وَكِيلٌ﴾

«Міне, бұл сипаттарға ие болған – Раббыларың Аллаһ. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – барлық нәрсені жаратушы. Ендеше Оған құлшылық қылыңдар»³³.

Тағы бір аятта:

﴿وَخَلَقَ كُلُّ شَيْءٍ فَقْدَرَهُ تَقْدِيرًا﴾

«Сондай-ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі»³⁴.

Міне осы екі аят және осы сияқты басқа да аяттар бұл әлемнің жаратушысы Аллаһ Тағала екендігін көрсетеді. Ал жаратушы міндетті түрде құдіретті болуы керек. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ

وَالْفُلْكِ الَّتِي تَجْرِي فِي الْبَحْرِ بِمَا يَنْفَعُ النَّاسَ وَمَا أَنْزَلَ اللَّهُ مِنْ

³³ Әнғам сүресі, 102-аят.

³⁴ Фұрқан сүресі, 2-аят.

السَّمَاءِ مِنْ مَّاءٍ فَأَحْيَا بِهِ الْأَرْضَ بَعْدَ مَوْتِهَا وَبَثَّ فِيهَا مِنْ كُلِّ
دَابَّةٍ وَتَصْرِيفِ الرِّيَّاحِ وَالسَّحَابِ الْمُسَخَّرِ بَيْنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ
لَايَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْقِلُونَ ﴿٣٥﴾

«Күдіксіз, көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің ауысуында, адам баласына пайдалы нәрселер мен теңізде жүрген кемеде және Аллаһтың көк-тен жаңбыр жаудырып, жер өлгеннен кейін онымен жандандыруында әрі онда әр түрлі хайуандарды таратуында, желді және көк пен жердің арасындағы бағынышты бұлтты басқаруында әлбетте ойлаған елге (Аллаһтың барлығына, бірлігіне) белгілер бар»³⁵.

Және бір аятта:

﴿أَفَلَا يَنْظُرُونَ إِلَى الْإِبِلِ كَيْفَ خُلِقَتْ وَإِلَى السَّمَاءِ كَيْفَ رُفِعَتْ وَإِلَى الْجِبَالِ كَيْفَ نُصِبَتْ وَإِلَى الْأَرْضِ كَيْفَ سُطِحَتْ فَذَكَرْ إِنَّمَا أَنْتَ مُذَكَّرٌ لَسْتَ عَلَيْهِمْ بِمُصَيْطِرٍ﴾

«Олар, түйеге қарамай ма, қайтіп жаратылған? Олар, аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген? Олар, тауларға қарамай ма, қайтіп қағылған? Олар, жерге қарамай ма, қайтіп төселген? Ал енді насихат ет, негізінен, сен бір насихатшысың. Сен оларды зорлаушы емессің.»³⁶.

Осы аяттар және осы сияқты аяттар Аллаһ Тағала-

³⁵ Бакара сүресі, 164-аят.

³⁶ Ғашия сүресі, 17,18,19,20,21,22- аяттар.

ның барлығына және құдіреттілігіне дәлел болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿إِنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ﴾

«Рас, Аллаһтың әр нәрсеге толық күші жетуші»³⁷. Және бір аятта:

﴿وَكَانَ اللَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ مُقْتَدِرًا﴾

«Сондай-ақ Аллаһ, әр нәрседен үстем күш иесі»³⁸.

Қалау

الإرادة

Аллаһ Тағаланың қалауы дегеніміз – Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағаланың қалауы – кейбір мүмкін болған істерді ерекшелеуі.

Бұл әлемді жоқтан бар ететін бір Аллаһ. Наданды – білімді ететін, ғалымды – надан ететін, бір өлшемді келесі бір өлшеммен ауыстыратын, әр заманды өз уақытында, не ерте, не кеш қылмайтын және арнайы бір тарапта болдыратын, Өз қалауымен жарататын бір Аллаһ.

Аллаһ Тағалаға қалау сипатының уәжиб екендігінің дәлелі

Аллаһ Тағала әрбір нәрсені Өз құдіретіменен бар қылғандығының дәлелдері көз алдымызда. Әрбір нәрсе Аллаһтың құдіретімен болса, онда оны Аллаһ Тағаланың қалағаны. Аллаһ Тағала әуелі қалайды,

³⁷ Нұр сүресі, 45-аят.

³⁸ Кәһф сүресі, 45-аят.

одан кейін оны құдіретімен жаратады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَعَالٌ لِّمَا يُرِيدُ﴾

«Ол – қалағанын бұлжытпай істеуші»³⁹. Және бір аятта:

﴿إِنَّ اللَّهَ يَفْعَلُ مَا يُرِيدُ﴾

«Шынында, Аллаһ қалағанын істейді»⁴⁰. Тағы бір аятта:

﴿وَرَبُّكَ يَخْلُقُ مَا يَشَاءُ وَيَخْتَارُ﴾

«Раббың қалағанын жаратады да, сұрыптайды»⁴¹.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһтың қалағаны болады да, қаламағаны болмайды» - деді.

Жоғарыдағы аяттар Аллаһ Тағала қалаушы әрі қалағанын істеуші екендігіне және Аллаһ Тағаланың қалауынан басқа қалау жоқ екендігіне дәлел болады. Сондай-ақ хадис те Аллаһ Тағаланың қалағаны болып, қаламағаны мүлдем болмайтынына дәлел болады. Міне, осы хадис пен аяттар Аллаһ Тағаланың толық қалаушы сипатымен сипатталуына дәлел болады.

Егер Аллаһ Тағаланың қалауы болмағанда, бұл әлем болмаған болар еді. Бірақ бұл әлем бар. Демек, Аллаһ Тағала бұл әлемді жаратуды қалады. Егер Аллаһ Тағала әлемді жаратуды қаламаса, осы істі істеуге мәжбүр

³⁹ Буруж сүресі, 16-аят.

⁴⁰ Хаж сүресі, 14-аят.

⁴¹ Қасас сүресі, 68-аят.

болған, біреудің басқаруымен әрекет етуші болар еді. Өз ісінде мықты бола алмай, әлсіз болар еді де, бұл әлемді жаратушы, әрі жаратылысқа ұксамаған құдай бола алмас еді. Ал бұлай болуы мүмкін емес. Демек, Аллаһ Тағаланың қалаушы болмауы да мүмкін емес. Сонымен Аллаһ Тағалаға қалау сипаты уәжиб, мұнан басқаша болуы мүмкін емес.

Білу

العلم

Аллаһ Тағаланың білуі дегеніміз – Аллаһ Тағалада тұрған ежелден бар сипат. Аллаһ Тағаланың ілімімен барлық тиісті, мүмкін болған және мүмкін болмаған істер әшкере болып, толық ашылады.

Аллаһ Тағалаға білудің уәжиб екендігінің дәлелі

Бұл әлемнің жаратылғандығы анық. Жаратушысы – Аллаһ Тағала. Және бұл әлемнің жүйесі өте керемет, ол таңғажайып жаратылыстардың көркем түзілісі. Ондағы жаратылыстардың әрқайсысы өзгеше және олардың барлығына тіршіліктеріне қажетті нәрселер берілген. Міне, осы нәрселер жаратушының білуші екендігін көрсетеді, сонымен қатар, бұл әлемдегі нәрселерді жаратушы, білуші Аллаһ Тағала екендігі айдан анық және Аллаһ Тағаланың назарынан аспан мен жердегі зәредей нәрсе тыс қалмайды. Олай болса, бұл істердің жаратушысы ілімсіз болуы мүмкін емес. Аллаһ Тағалаға ілімсіз болу мүмкін болмады да, ілімді болуы уәжиб болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يَعْلَمُ خَائِنَةَ الْأَعْيُنِ وَمَا تُخْفِي الصُّدُورُ﴾

«Аллаһ көздердің қиянатын және көкіректердегі құпияны біледі»⁴². Және бір аятта:

﴿إِنَّ اللَّهَ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ﴾

«Күдіксіз, Аллаһ әр нәрсені толық біледі»⁴³. Тағы бір аятта:

﴿وَعِنْدَهُ مَفَاتِحُ الْغَيْبِ لَا يَعْلَمُهَا إِلَّا هُوَ وَيَعْلَمُ مَا فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَمَا تَسْقُطُ مِنْ وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا وَلَا حَبَّةٌ فِي ظُلُمَاتِ الْأَرْضِ وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُبِينٍ﴾

«Көместің кілттері – Аллаһтың хұзырында. Оны білетін тек сол ғана. Ол құрылықтағының да, теңіздегінің де барлығын біледі. Түскен жапыраққа дейін біледі. Тіпті жер астындағы бір түйір дән болсын, мейлі дымқыл, мейлі кепкен зат болсын, барлығы Ләухүл-махфұзда жазулы»⁴⁴. Және бір аятта:

﴿إِنَّ اللَّهَ عِنْدَهُ عِلْمُ السَّاعَةِ وَيُنَزِّلُ الْغَيْثَ وَيَعْلَمُ مَا فِي الْأَرْحَامِ وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ مَآذَا تَكْسِبُ غَدًا وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ بِأَيِّ أَرْضٍ تَمُوتُ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ خَبِيرٌ﴾

«Әрине, қиямет мерзімінің мәліметі – Аллаһтың хұзырында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатыр-

⁴² Ғафыр сүресі, 19-аят.

⁴³ Ғанкабут сүресі, 62-аят.

⁴⁴ Әнғам сүресі, 59-аят.

лардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді. Күдіксіз, Аллаһ толық білуші, хабардар»⁴⁵.

Ілім сөзінің антонимі – надандық және соған мағыналас жаңылысу, ұмыту, хабарсыз қалу сияқты сөздер. Қандай да бір істерді білмеу және соған мағыналас нәрселердің барлығы да Аллаһ Тағалаға мүмкін емес.

Тірі болу

الحياة

Аллаһ Тағаланың тірі болуы дегеніміз - Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағала – білуші, қалаушы, естуші сипаттармен сипатталуы тиіс. Және бұл сипаттармен сипатталған Аллаһ Тағаланың тірі болуы уәжиб болды.

Аллаһ Тағалаға тірі болудың уәжиб екендігінің дәлелі

Аллаһ Тағала білу, есту, көру, сөйлеу сипаттарымен сипатталған. Ал осы сипаттармен сипатталған Аллаһ Тағала міндетті түрде тірі болу сипатымен сипатталуы керек. Әйтпесе, тірі болмаған болмыстың естуші, қалаушы, білуші сипаттармен сипатталуы мүмкін болмай қалады.

Ақылды адам аспан мен жерді жаратушы, құлшылық қылуға лайық, еш нәрсеге мұқтаж емес, керісінше, барлығы Оған мұқтаж болған Құдайдың тірі болмауын ақылына сидыра ала ма? Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْحَيِّ الَّذِي لَا يَمُوتُ﴾

⁴⁵ Лұқман сүресі, 34-аят.

«Еш қашан өлмейтін тірі Аллаһқа тәуекел ет»⁴⁶.
Және бір аятта:

﴿اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ﴾

«Аллаһ, Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол – тірі, толық меңгеріп тұрушы»⁴⁷. Тағы бір аятта:

﴿هُوَ الْحَيُّ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ﴾

«Ол – тірі, Одан басқа ешбір тәңір жоқ»⁴⁸. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَعَنَتِ الْوُجُوهُ لِلْحَيِّ الْقَيُّومِ﴾

«Тірі, меңгеруші Аллаһқа бастар иіледі»⁴⁹.

Есту

السمع

Аллаһ Тағаланың естуі - Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағаланың естуімен барлық жаратылыс толық мәлім болады. Есту сипаты білу, көру сипатынан басқаша.

Аллаһ Тағалаға естудің уәжиб екендігінің дәлелі

Есту сипатымен сипатталу кемелдік болып саналады. Ал барлық кемелдік Аллаһ Тағалаға уәжиб. Аллаһ Тағала Құранда:

⁴⁶ Фұрқан сүресі, 58-аят.

⁴⁷ Бақара сүресі, 255-аят.

⁴⁸ Гафыр сүресі, 65-аят.

⁴⁹ Таһа сүресі, 111-аят.

﴿وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

«Ол – әр нәрсені естуші, толық көруші»⁵⁰. Аллаһ Тағала Мұса мен Һарунға (ол екеуіне Аллаһтың сәлемі болсын) былай деді:

﴿قَالَ لَا تَخَافَا إِنِّي مَعَكُمَا أَسْمَعُ وَأَرَى﴾

«Қорықпаңдар! Мен сендермен біргемін, естимін, көремін» деді»⁵¹.

Егерде есту сипаты болмағанда, онда қарама-қайшы сипатқа ие болған болар еді, ал бұлай болуы кемістік, ал Аллаһ Тағалада кемістік болуы мүмкін емес.

Көру

البصر

Аллаһ Тағаланың көруі – Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағаланың көруімен барлық жаратылыс толық ашылады. Көру сипаты білу, есту сипатынан басқаша.

Аллаһ Тағалаға көрудің уәжиб екендігінің дәлелі

Көру сипатына ие болу кемелдік болып саналады. Ал барлық кемелдік Аллаһ Тағалаға тиіс (уәжиб) болады. Егер бұл сипатпен сипатталмаған болса, бұл сипаттың қарама-қайшысымен сипатталған болады, ал бұлай болуы кемістік болып саналады. Ал Аллаһ Тағалада кемістік болуы мүмкін емес. Есту, көру си-

⁵⁰ Шура сүресі, 11-аят.

⁵¹ Таһа сүресі, 46-аят.

паттарыменен сипатталу кемелдікті білдіреді. Ал естімеу, көрмеу деген – кемістік. Аллаһ Тағала Құранда Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) әкесіне⁵² айтқанын баяндап:

﴿يَا أَبَتِ لِمَ تَعْبُدُ مَا لَا يَسْمَعُ وَلَا يُبْصِرُ وَلَا يُغْنِي عَنْكَ شَيْئًا﴾

«Сол уақытта әкесіне: «Әй әкетайым! Естімейтін, көрмейтін, сондай-ақ өзіңе бір пайдасы жоқ нәрсеге неге шоқынасың?»⁵³. Және бір аятта Аллаһ Тағала пұтка табынушыларды алған беттерінен қайтарып, ол істерінен еш пайда жоқ екенін Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) аузымен былай деп жеткізеді:

﴿قَالَ هَلْ يَسْمَعُونَكَ إِذْ تَدْعُونَ أَوْ يَنْفَعُونَكَ أَوْ يَضُرُّونَ﴾

«Олар шақырғандарыңды ести ме?, - деді. Немесе олар сендерге пайда, зиян келтіре ала ма?»⁵⁴.

Олар кемелдіктен жұрдай пұттарға табынады. Міне, осының өзі Құдайдың дұға қылушыны еститін, құлшылық қылғанды көретін кемелдіктермен сипатталғанына дәлел болады (яғни кемелдік пен танылғандығын көрсетеді). Тіпті ақылдың өзі саңырау құ-

⁵² «Әб» сөзі араб тілінде әкесіне де, ағасына да байланысты қолданылады, сондықтан кейбір ғалымдар мұны Ибраһимның әкесіне емес, ағасына айтқаны деген. Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) хақына әкесі мүшрик болды деп айтудан сақтанған.

⁵³ Мәрім сүресі, 42-аят.

⁵⁴ Шұғара сүресі, 72,73-аяттар.

дайға құлшылық қылуды, әрі соқыр құдайға бойұсынуды қаламайды (яғни Аллаһ жоғарыдағы сипаттар мен танылмағанда, Оны ақыл мойындамас еді). Аллаһ Тағалаға есту, көру тиіс (уәжиб) болды, бұған Құран да, ақыл да дәлел. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ بَصِيرٌ﴾

«Расында, Аллаһ – аса естуші, тым көруші»⁵⁵.

Сөйлеу

الكلام

Аллаһ Тағаланың сөйлеуі – Аллаһ Тағалада ежелден бар сипат. Аллаһ Тағаланың сөйлеуі – біздің ұғымымыздағы әріптерді дыбыстаудан, екпін, ырғақ сияқты тілдік белгілерге негізделмеген сөйлеу. Аллаһ Тағаланың сөйлеуі тиіс (уәжиб) болған, мүмкін болған, мүмкін емес (мұстахил) болған нәрселерге катысты.

Сөйлеу сипаты бұйрықтарға бойұсынуға, тыйым салынған істерден тыйылуға, бойұсынушыларға сауап болатынын, күнә жасаушыларға жазаланатынын ескертуде және өткен істерге де, келешекте болатын барлық істерге де дәлел болады. Әрі Аллаһ Тағаланың жалғыз, құдіретті, білуші, барша кемелдікке ие, барлық кемшіліктен пәк болған, бәрін қалаушы құдай екендігіне дәлел болады. Және Аллаһ Тағаланың бұл әлемнің жаратушысы екендігіне және Оның елшілері, пайғамбарлары, періштелері, кітаптары бар екеніне дәлел болады.

⁵⁵ Лұкман сүресі, 28-аят.

Қияметтің болары анық және қияметте қайта тірілу, жиналу, есеп-қисап, жәннәт, тозақ, сауап, жаза бар, оған ешбір күмән жоқ, тіпті бізді бөгеіп тұрған тосқауыл алынып тасталған күннің өзінде осы нәрселерді түсінгендіктен, Аллаһ Тағалаға сөйлеу сипаты тән.

Аллаһ Тағалаға сөйлеу сипатының тиіс екендігінің дәлелі

Сөйлеу сипатымен сипатталу кемелдікті білдіреді. Ал барлық кемелдік Аллаһ Тағалаға тиіс (*уәжиб*) болады. Аллаһ Тағала сөйлеу сипатыменен сипатталмағанда оған қарама-қайшы сипатпен сипатталған болар еді. Сөйлемей кемістік болып саналады. Ал Аллаһ Тағалада кемшілік болуы мүмкін емес. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا﴾

«Және Аллаһ Мұсамен тілдесті»⁵⁶.

Аллаһ Тағалаға мүмкін болған істер және оның дәлелі

Аллаһ Тағаланың Өзіне лайық болған барлық ұлықтық кемелдікпен сипатталғанын және барлық кемшіліктен пәк екендігін, Оған еш нәрсе ұқсамайтындығын және қалаған істерін жүзеге асыруда Оны ешкім жұмсамайтындығын және серік бола алмайтындығын, сонымен қатар Аллаһтың ілімінен, қалауынан және құдіретінен еш нәрсе тыс болмайтынын білдің. Барлық кемелдікке ұлық болған Жалғыз Аллаһ Тағала ғана лайық. Ол еш нәрсеге мұқтаж емес, барлығы Оған мұқтаж, аспандар мен жердің иелігі бір

⁵⁶ Ниса сүресі, 164-аят.

Өзінде және оларды іліміне сай, қалауына қарай даналығымен басқарады. Оның серігі жоқ, әрі Оны басқарушы жоқ, барлық істерін Өз қалауымен істейтін басшы, Аллаһ Тағаланың бір нәрсені бар қылуы немесе жоқ қылуы, пендені бақытты қылуы немесе бақытсыз етуі, оны жарылқауы немесе нығыметтерінен шектеуі және пендесіне сауап беруі де, азаптауы да мүмкін. Бойұсынған пендесіне сауапты беру де, бермеу де, күнәһар пендесін жазалау да, жазаламау да Аллаһ Тағала үшін мүмкін нәрсе.

Әрбір мүмкін болған істерді істеу немесе істемеу – Аллаһ Тағаланың қалауында, өйткені Аллаһ Тағалаға құдірет, қалау, білу, жалғыздық сипаттары уәжиб болды. Осылайша Аллаһ Тағала барлық істерінде толық қалаушы екендігі расталды да, мүмкін болған әрбір істі істеуі де, істемеуі де мүмкін болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَرَبُّكَ يَخْلُقُ مَا يَشَاءُ وَيَخْتَارُ﴾

«Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды»⁵⁷. Және бір аятта:

﴿فَعَالٌ لِّمَا يُرِيدُ﴾

«Ол – қалағанын бұлжытпай істеуші»⁵⁸.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Аллаһтың қалағаны болады да, қаламағаны болмайды».

⁵⁷ Қасас сүресі, 68-аят.

⁵⁸ Буруж сүресі, 16-аят.

**Аллаһ Тағалаға жалпы мүмкін
болмаған істерге дәлел**

Аллаһ Тағалаға тиіс (*уәжиб*) болған сипаттарға қарама-қайшы істер Аллаһ Тағалаға жат. Тіпті жалпылай уәжиб болған сипаттарға қарама-қайшы іс болсын, әрі жекелей тиіс (*уәжиб*) болған сипаттарға қарама-қайшы іс болсын, Аллаһ Тағалаға жат.

Аллаһ Тағаланың ұлықтығына лайық болған жалпы барлық кемелдік (яғни көркем сипаттар) оған уәжиб, ал барлық кемшілік атаулы Оған жат. Жекелей мына сипаттар тиіс (*уәжиб*) болады: Бар болу, басталусыз ежелден болу, аяқталусыз, мәңгі болу, жаратылысқа ұқсамау, өздігінен тұру, жалғыз болу, құдіретті, қалаушы, білуші, тірі, естуші, көруші, сөйлеуші сипаттары. Осы сипаттарға қарама-қайшы нәрселер Аллаһ Тағалаға жат, олар мыналар: жоқ болу, пайда болу, жоғалу, жаратылысқа ұқсау, мұқтаж болу, жалғыз болмау, әлсіздік, мәжбүрлік, білімсіздік, өлу, саңырау, соқыр, мылқау болу. Әрбір мұмин адамға осы айтылған сипаттардың Аллаһ Тағалаға жат екеніне иман келтіру уәжиб болады.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТАР

النبوات

Екінші бөлім

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейірімді, Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын. Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға тән. Елшілердің ардақтысы болған Пайғамбарымызға, оның отбасына, әрі сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Пайғамбарлық тақырыбын бастамай тұрып, Ислам мен иман және олардың айырмашылығына тоқталамыз.

Иманның ақиқаты

حقيقة الإيمان

1. Иманның ақиқаты мен ол жайындағы мәзһабтардың баяны:

Иман сөзінің тілдік мағынасы – «жалты сену» дегенді білдіреді.

Иман сөзінің дініміздегі мағынасы жайлы көптеген мәзһабтар бар, солардың ішіндегі танымалы әрі дұрысы – екі мәзһаб.

Біріншісі – Ашағира,⁵⁹ екіншісі – Матрудия.⁶⁰ Бұл екі мәзһабты ұстанушы ғалымдардың басым көпшілігінің көз қарасы: Иман дегеніміз – *Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шын жүрекпен сену, өйткені Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келуі дініміздің тарихындағы маңызды оқиға. Ол дегеніміз – мұсылмандардың арасында белгілі болған барлық діни істерді Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дінінен деп сену. Пайғамбар ілімі әр адам илануға тиіс әрі дәлелді керек етпейтін ең маңызды,*

⁵⁹ Ашағира деп бұл мәзһабтың негізін салушы Әбу Әл-Хасан Али ибн Исмағил Әл-Ашғариға (Аллаһ оған рақым етсін) ерушілерді айтамыз. Имам Ашғарий жетінші атадан үлкен сахаба Әбу Муса (Аллаһ оған разы болсын) ал-Ашғариге барып қосылады, ол хижраның 260-жылы Ирактың Басра қаласында туып, 324-жылы қайтыс болған.

⁶⁰ Матрудия деп бұл мәзһабтың негізін салушы Мұхаммад ибн Махмуд Әби Мансур Әл-Матрудиге (Аллаһ оған рақым етсін) ерушілерді айтамыз. Имам Самарқанд қаласының Матрид ауылында дүниеге келген. Ханафи мәзһабын ұстанған. Әбу Мансур Әл-Ғиади медресесінде тәлім алған және ханафи мәзһабының төртінші буыны болып саналады. Әбу Ханифаның шәкірттері Насир ибн Иахия Әл-Балхидан сабақ алған, фикһты, ақиданы және тағы басқа да діни пәндерді менгеріп, көптеген еңбектер жазған. Заманында болған Мугтазила сияқты қателескен топтарға тойтарыс беріп, әһлүс-сүннәттың ақидасын қорғаған. Заманында адамдар оны «Тура жолдың Иамы» деп атаған. Оның сол заманнан біздерге жеткен «Әттәухид», «Мақалат», «Тәуиләт Әл-Құран» атты кітаптары бар. Хижраның 332-жылы қайтыс болған, Аллаһ оларға разы болсын. Әһлүс-сүннәт уәл-жамағаттың ақидасы осы екі имамның атымен аталуы тегін емес. Ақиданы кеңінен түсіндіруде және оған көптеген ережелер енгізіп, айқындап беруде екі Имамның үлесі үлкен және заманында орын алған көптеген қателесуші, адасушы топтарға тойтарыс беру де олардың орындары бөлек..

ел мойындаған ілімге айналды. Тіпті көпшіліктің өзі Аллаһтың барлығын, бір екендігін, құдіретті екендігін, қалаушы, білуші екендігін және періштелеріне, пайғамбарларына (оларға Аллаһтың сәлемі болсын), кітаптарына, ақырет күніне, онда қайта тірілу, есеп-қисап, жәннәт пен тозақ, сауап пен жаза болатынын, және намаздың, оразаның парыз екендігін, адам өлтірудің, арақ ішудің харам екендігін білгені сияқты дәлел келтіріп, пікір таластырып жатпай-ақ біледі.

Байқағанымыздай, періштелердің көпшілігіне, пайғамбарларға, қасиетті кітаптарға жалпылай иман келтіру иманның толық болуы үшін жеткілікті. Ал жекелей иман келтіретін болсақ, мысалы, Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), Ибраһим, Мұса, Ғиса және қалған аттары елге мәлім пайғамбарларға, ал періштелерден Жәбірейіл, Микайл, Исрафил және аттары белгілі басқа да періштелерге, кітаптардан Құранға, Тауратқа, Інжілге, Забурға иман келтіреміз. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сенудегі мақсат - Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алып келген ілімге бойұсынып, мойындап, қабылдау және ерегісіп, тәкаппарланып, бас тартуды тастау болып саналады. Ал Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһтың шынайы Елшісі деп қана иман келтіру жеткіліксіз болады. Өйткені Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) заманында болған көптеген адамдар оның шыншылдығына сенетін және ол әкелген ілімнің бәрі хақ дейтін, сөйте тұрып шынайы мұмин болмады, себебі олар Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бой ұсынбаған әрі алып келген ілімін қабылдамай және өздерінің менмендіктерін, ерегісулерін қоймаған еді. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ وَإِنَّ فَرِيقًا مِنْهُمْ لَيَكْتُمُونَ الْحَقَّ وَهُمْ يَعْلَمُونَ﴾

«Өздеріне Біз тарапымыздан кітап берілгендер оны (Мұхаммадты) ұлдарын танығандай таниды. Негізінде, олардың бір тобы (ғалымдары) шындықты біле тұра жасырады»⁶¹. Және бір аятта:

﴿وَجَحَدُوا بِهَا وَاسْتَيْقَضَتْهَا أَنْفُسُهُمْ ظُلْمًا وَعُلُوًّا﴾

«Олар мұғжизаларға көңілдері сене тұра, бұған зұлымдық, менмендікпен қарсы шықты»⁶².

Осыған байланысты осы екі мәзһабтың ұстанымы мынадай: жақсы амалдармен қатар тілмен куәлік айту иманның негізіне кірмейді, өйткені бұл екі мәзһабта иман – тек жүрекпен сену, ал жақсы амалдар – иманды толықтырып тұрушы міндеттерден, себебі амалдарды тастап қойғанмен иман жоғалмайды. Ислам қабылдаймын деген дінсізге дүние істерін орындауы үшін куәлік келтіру тиіс болады, өйткені иман деген – жасырын нәрсе. Сондықтан мұсылман екендігін дәлелдеуі үшін, міндетті түрде жариялау керек. Тілімен айтуға шамасы келген адам үшін «Аллаһтан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммад Оның елшісі» деп куәлік келтіру тиіс (уәжиб) болады. Осы сөзді айтуға шамасы келмейтін адам оның орнын басатын бір нәрсе істейді.

Егер дінсіздің бірі осыған жүрегімен сеніп, тілімен куәлік берсе, ол – Аллаһтың хұзырында және біздің алдымызда мұмин болады да, түбі жәннәтқа кіреді, әрі оған мұсылмандарға жасалатын мәмілені жасаймыз.

⁶¹ Бақара сүресі, 146-аят.

⁶² Нәміл сүресі, 14-аят.

Ал егер кімде-кім жүрегімен сеніп, тілімен куәлік келтірмесе, ол Аллаһтың хұзырында мүмин болады да, біздің алдымызда мүмин емес, әрі оған мұсылманға жасалатын мәміле жасалмайды. Балиғатқа толған мұсылман баласына куәлік келтіру тиіс емес. Ол біздің алдымызда мүмин болып саналады, тіпті өмірінде бір рет те куәлік келтірмесе де. Өйткені оның иманы бар. Егер одан осы иманды жоятын қандай да бір белгілер байқалып жатса, мысалы, пұтқа табыну немесе Аллаһ Тағалаға лайық болмаған бір сипаттармен сипаттап, Оның пайғамбарларын (оларға Аллаһтың сәлемі болсын), періштелерін, қасиетті кітаптарын сөгіп, балағаттап, Құранды, Кәбаны кемсітсе, дінді масқаралап, харам саналған арақты, зинаны, адам өлтіруді халал санаса, әрі дінімізде орындалуы парыз болған намаз, ораза, хажылық, зекетті мойындамаса, оны дінсіз деп санаймыз. Егер ол адам осы істерді мойындамай жатса, бұл іс, сөзсіз, оның жүрегінде иманының жоқтығына дәлел болады.

Өмірінде бір рет куәлік келтіріп, Аллаһқа мақтау айту, Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту сияқты істерді әрбір адамның өтеуі міндет. Ал егер айтпаса, күнәһар мүмин болады.

Әбу Ханифа (Аллаһ оған разы болсын) және кейбір Ашғарий ғалымдарының ұстанған көзқарасы бойынша: Иман дегеніміз - Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шын жүрекпен сену, әрі куәлік беру. Иман бұларда екі бөліктен құралған, бірі орындалмай, екіншісі орындалмайды. Егер пенденің куәлік келтіруге шамасы келмей қалған болса, яки қорқытылған жағдайда ғана бірі-біріңсіз орындала береді. Бұл екі жағдайда ол екеуінің (яғни қорқытылған адам мен мылқау адамның) иманы жүректен сену арқылы дұрыс болады. Жүрекпен сену – иманның бір бөлігі, жүрекпен сенуде орындалмай қалу деген нәрсе

болмайды. Сол сияқты, куәлік беру де – иманның бір бөлігі, бірақ кейде пенде мылқау болғанда немесе қорқытылған жағдайда орындалмай қалады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا﴾

«Аллаһ кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді»⁶³. Және бір аятта:

﴿إِلَّا مَنْ أَكْرَهَ وَقَلْبُهُ مُطْمَئِنٌّ بِالْإِيمَانِ﴾

«Жүрегі иманмен орныққаннан кейін, зорлық көрген біруден басқа»⁶⁴.

Исламның ақиқаты

حقيقة الإسلام

2. Исламның ақиқаты мен ол жайындағы мәзһәбтардың көзқарасы:

Ислам сөзінің тілдік мағынасы – «жалты бойұсыну» дегенді білдіреді.

Ислам сөзінің шарифаттағы мағынасы жайлы екі мәзһәбтың екі түрлі көзқарасы бар.

а) Ашағира мәзһәбын ұстанушы ғалымдардың басым көшілігі ұстанған көзқараста: Ислам дегеніміз – діннің бұйрықтарына және тыйымдарына сырттай бойұсыну, яғни бас тартпай қабылдау, тіпті бойұсынушы бұйрықтар мен тыйымдарды дін талабына сай орындаса да, орындамаса да. Амалдар дегеніміз – бұйрықтарға бойұсыну, тыйымдардан тыйылумен өтеле-

⁶³ Бакара сүресі, 286-аят.

⁶⁴ Нахыл сүресі, 106-аят.

ді. Ол Исламның негізінен емес, керісінше Исламды толықтырып тұрушы істер, олардың орындалмауымен Ислам жоғалмайды.

Осыған орай, Ашағира мәзһәбының ұстанымында: Ислам мен иман бір-бірінен ажырап тұрады, өйткені Ислам – бұйрықтар мен тыйымдарға сырттай бойұсыну болса, ал иман - Пайғамбарымыз (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) алып келген нәрсеге іштей сену. Осылай болмаған жағдайда дін істерін өтеуде Ислам мен Иман ұғымдары бір болып қалар еді. Имансыз Ислам, Исламсыз иман дінімізде есепке алынбайды. Ал екіжүзді адамдардың ұстанғаны сияқты имансыз Ислам болады, бірақ бұндай Ислам дінімізде есепке алынбайды әрі бұндай исламды ұстанған адам түбі жазадан құтылмайды (*яғни тозақ болады*).

б) Әбу Ханифаға еруші, Мәтуридий мәзһәбін ұстанушы ғалымдар мен кейбір Ашғарий ғалымдарының ұстанған көзқарасы бойынша: Ислам дегеніміз – іштей бойұсыну және Пайғамбарымыз (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) алып келген нәрсеге сену.

Осыған орай, Мәтуридий мәзһәбының ұстанымында Ислам мен иманның мағыналары бір де, сөздері бір-бірінен ажырап тұрады. Мысалы: «*бұр*», «*қамх*» сөздері әртүрлі болғанымен, «*бидай*» деген бір ғана мағынаны береді. Жүрекпен сенген нәрсеге куәлік келтіру исламға дәлел болады.

Пайғамбарлық

النبوات

•Адамзаттың пайғамбарлардың шақыруына мұқтаждығы:

Аллаһ Тағала Өзінің көптеген жаратылыстарының ішінен адам баласын ардақтап, оған жансыз бол-

мыстарды, өсімдіктерді, жануарларды бағындырып және оларды адам баласының қалауына бойұсынатын қылып қойды. Адам баласы жақсы көрген нәрселеріне жету үшін, оларды қалағанынша пайдаланады. Сонымен қатар, жамандық пен жақсылықты, пайда мен зиянды ажыратуы үшін және істерін басқаруы үшін, Аллаһ адам баласына ақыл нығметін берді. Сондай-ақ адам баласын еңбек етуге бейімдеп, оған табиғи сезімдер мен күштер берді. Солардың ішінде өзін жақсы көру, қорғану және ләззәт алу, ашуға берілу сезімдерін берді. Адам баласының үміті мен талаптары белгілі бір мөлшерде шектеліп қалмайды. Адам баласы ләззәт алуға құмартып, өзінің қалаған нәрсесінің құлы болады. Ал тән қызығына берілу, нәпсінің құлы болу адамды зұлымдыққа, талас-тартысқа, бұзақылыққа, соғысқа итермелейді (*яғни осы істерге өз мақсатына жету үшін барады*).

Негізінде адам баласының табиғи болмысы пайда әкелуге, зиянды істерден бой тартуға, өмір сүрудің амал-тәсілдерін үйренуге және қоғамда адамдармен үйлесімді өмір сүруіне негізделген. Осы қоғамда қалуы үшін бір адам көп адаммен, азшылық көпшілікпен санасуы керек болады. Ал енді адамзат өзара өмір ережелері мен заңдарды тек қана ақылына сүйеніп түзіп шыға ала ма? Әлбетте, жоқ! Адам баласының бұл әлемде өмір сүру жүйесін толықтырып, әділ ережелер құруға ақылының күші жетпейді, тіпті жеке тұлға мен көпшіліктің арасындағы қандай да болмасын қарым-қатынастарында тепе-тендік орната алмайды. Негізінде ақылдың өзі шектеулі және әр адам баласының ойлау қабілеттері де әртүрлі, біреулер жақсы деп санаған нәрсені, екінші біреулер жаман санайды. Тіпті бір адамның өзі бір уақытта бір нәрсені жақсы десе, басқа уақытта жаман санауы мүмкін. Сондықтан ақылдың бір өзі амандыққа кепіл бола алмайды.

Адам баласы бұл жалған өмір үшін жаратылмаған, керісінше Аллаһ Тағала әзірлеген мәңгі аяқталусыз

өмір үшін жаратылған. Ол өмірде екі орын бар, бірінде әрдайым рахат болса, екіншісінде әрдайым азап болады. Адам баласының бұл дүниедегі істеген амалдары келесі өміріндегі несібе жолы. Адам баласының ақылы бұл дүниенің істерін жүйелеуде әлсіздік танытады, сондықтан қайта тірілу, есеп-қисап, жәннат және оның рахаты, тозақ және оның азабы сияқты ақырет істерін ойлауға, сол сияқты құлшылықтың түрлерін, олардың орындалуын, міндеттерін, уақыттарын дініміз баяндағандай түсінуге шамасы келмейді және әрбір амалдың жазасын мына бұйырылған амалдың сауабы осынша, мына қайтарылған амалдың жазасы осынша деп нақтылай алмайды. Сонымен қатар, Жаратушының болмысына не нәрсе тиіс, не нәрсе мүмкін емес, не нәрсе мүмкін деген жайларды білуге де күші жетпейді.

Міне, осы істерді қателеспей үйрететін, адамдарға Аллаһты танытып, әрі Оның ұлықтығын, үстемдігін баяндайтын, Оның бұйрықтарына, тыйымдарына бағыну үшін ақылға бастайтын, елшілеріне иман келтіруге шақыратын, қоғам мен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынасты әділеттілікпен реттеп жүйелейтін, сондай-ақ, ақыретке қатысты сауапты істерге қызықтыратын және күнәлі істерден қайтаратын, әрі Аллаһ Тағаланың пенделеріне ақидадан, құлшылықтан, ахлақтан не жүктегенін білдіріп, оларды пұтқа табынудан, серік қосудан сақтандыратын, жалпы адамдарды әділет жолына, тыныштыққа бастайтын баяндаушы керек.

Аллаһ Тағала пенделерін ардақтап, оларды тура жолға бастайтын, бір Аллаһқа шақырып, Раббыларын танытатын елшілер жіберді. Алауыздықтан сақтап бір ауыз сөзге тоқтайтын, өмірдің әртүрлі жағдайларына қатысты құлшылықтарды үйрететін елшілерді жіберді. Патшаны да, оның қол астындағыларды да істеген істерінде Аллаһтың ұлықтығына сүйеніп, әділ заңға

бағындырған елшілер келді. Қантөгісті тоқтатып, аманатқа берік болуды, өтірік айтпауды, уәдеде тұруды, әлсіздерге болысуды, күштілердің ынсапты болуын, олардың әлсіздерге жәрдем етуін, әрбір жаратылыстың хақысын майындауды, байлардың кедейлерге қол ұшын беруін, тура жолдағылардың адасқандарды тура жолға шақыруын насихаттайтын сол Елшілер (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) болды.

Аллаһтың елшілері

رُسل الله

Елші (Расул) дегеніміз – *Оған Аллаһтан уахи түсіп, шариғат берілген және оны жеткізу бұйырылған, басы бос, азат адам баласы.*

Пайғамбар (Нәби) дегеніміз – *Оған Аллаһтан уахи түсіп, дінді жеткізу бұйырылған басы бос, азат адам баласы.* Елшілерге дінді жеткізу міндетті болғандықтан, ол – пайғамбарларға қарағанда ерекшелену⁶⁵. Әрбір елші пайғамбар бола алады да, әрбір пайғамбар елші бола алмайды. Аллаһтың елшілеріне, пайғамбарларына иман келтіру – уәжиб, өйткені оларға иман келтіру иманның негіздерінен, ал мойындамаған адам – имансыз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿أَمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنْزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ

⁶⁵ Елшілер мен пайғамбарлардың айырмашылығы мынада: Елшілерге кітап түсіріліп, белгілі бір шариғат түсіріледі, ал пайғамбарларға кітап, белгілі бір шариғат түсірілмей, өздерінен бұрын өткен немесе замандас болған елшілердің шариғатымен жүреді. Бір уақытта, бір қауымға елші де, пайғамбар да қатар жіберілген.

بِاللّٰهِ وَمَلَأَتْكَهٖ وَكُتِبَ وَرُسُلُهُ لَا تَفْرُقَ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ

«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтіреді. Мүминдер де барлығы Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді. Елшілердің араларын айырмаймыз»⁶⁶.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Иман дегеніміз – Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне иман келтіру», - деді. Аллаһ Тағала көптеген елшілер мен пайғамбарларды жіберді, «олардың санының қанша екендігін Аллаһ біледі» деп жалпы иман келтіру – міндет (уәжиб), ал Құранда аттары аталған жиырма бес пайғамбардың әрқайсысына жеке-жеке иман келтіру уәжиб болады. Олар: Мұхаммад, Ибраһим, Мұса, Иса, Нұх, Адам, Идрис, Нуд, Шұғайб, Салих, Зұл-Кифіл, Исхак, Яғкуб, Дәуд, Сүлейман, Әйюб, Юсуф, Харун, Зәкрия, Яхия, Илияс, Исмағил, Әл-Ясағ, Юныс, Лут (оларға Аллаһтың сәлемі болсын). Ал бұлардың бірін мойындамаған адам – кәфир болады. Пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) алғашқы бесеуін Мұхаммадты, Ибраһимді, Мұсаны, Исаны, Нұхты (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) «сабыр иелері» деп атайды (яғни, көп қиыншылық көріп сабыр еткен)⁶⁷.

Және Аллаһ Тағала өзінің елшілерін мұғжизалармен қуаттағанына, күнә істерден сақтағанына және кейбіріне кітаптар түсіргеніне иман келтіру – уәжиб болады, сол сияқты аттары белгілі болған кітаптарға да жекелей иман келтіру – уәжиб болады. Олар: Забур, Таурат, Інжіл, Құран, ал аттары белгісіз болған

⁶⁶ Бақара сүресі, 285-аят.

⁶⁷ Бесеуінен басқа пайғамбарлар сабыр қылмады деген сөз емес, оларға да сынақ берілді, сабыр қылған.

кітаптарды, «Аллаһ Тағала басқа да кітаптар түсірген» деп жалпы иман келтіру – уәжиб болады.

1) Жекелей және жалпылай елшілерге уәжиб болған нәрсенің баяны:

Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) адамзаттың бойындағы барлық кемелдік, әділдік, уәдеде тұру, батырлық, көркем мінез, жомарттық, тектілік, дене мүшелерінің көзге жаман көрінетін кемшіліктерден сау болуы сияқты қасиеттерге ие болу жалпылай уәжиб болады.

Ал жекелей Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) төрт сипат тиіс (уәжиб) болады. Олар: шыншылдық, аманатшылдық, дінді жеткізу және зеректік.

Шыншылдық

الصدق

Шыншылдық дегеніміз – болып жатқан оқиғаға хабардың сәйкес келуі. Аллаһтан жеткен дінге шақыруда Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) барлық сөздерінде шыншыл болу – уәжиб болады.

Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) шыншылдықтың уәжиб екендігінің дәлелі: Аллаһ Тағала елшілерді (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) мұғжизалармен қуаттады. Аллаһ Тағала: «пендем Менен жеткізіп жатқан нәрседе шыншыл болды», - деп айтқандай, егер Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) өтірік айту мүмкін болғанда, Аллаһ Тағала оларды қолдамаған болар еді, ал Аллаһ Тағалаға өтірік айту мүлдем жат нәрсе. Сөйтіп, Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) өтірік айту деген мүмкін болмай, оларға шыншылдық тиіс (уәжиб) болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَصَدَقَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ﴾

«Аллаһ та, Елшісі де рас айтқан»⁶⁸. Және бір аятта:

﴿وَمَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوَىٰ﴾

«Ол ойынан шығарып сөйлемейді»⁶⁹. Тағы бір аятта:

﴿وَلَوْ تَقَوَّلَ عَلَيْنَا بَعْضُ الْأَقَاوِيلِ لَأَخَذْنَا مِنْهُ بِالْيَمِينِ ثُمَّ لَقَطَعْنَا مِنْهُ الْوَتِينَ﴾

«Егер елші, кей сөзді өзі айтып, Бізге жапса; Әрине, оның оң жағынан қолға алар едік; Сосын оның күре тамырын кесер едік»⁷⁰.

Аманатшылдық

الأمانة

Аллаһ Тағала Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) ішкі және сыртқы жан дүниесін күнәлі істерден сақтаған.

Елшілер (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бұйырылған нәрсені тастамайды да, тыйым салынған нәрселерді істемейді. Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) аманатшылдықтың тиіс (уәжиб) екен-

⁶⁸ Ахзап сүресі, 22-аят.

⁶⁹ Нәжім, 3-аят.

⁷⁰ Хакка сүресі, 44,45,46-аяттар.

дігінің дәлелі: Аллаһ Тағала біздерді Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) еруге бұйырды. Егер Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бұйырылған нәрсені орындамай, тыйым салынған нәрселерді орындауы, қиянат жасауы мүмкін болғанда, Аллаһ Тағала біздерге оларға еруді бұйырмаған болар еді. Өйткені, Аллаһ Тағала қиянатшылдарға еруге бұйырмайды. Сөйтіп Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) қиянатшыл болу мүмкін болмай, оларға аманатқа адал болу уәжиб болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَأْمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ﴾

«Аллаһқа және Аллаһтың сөздеріне сенген сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер. Және оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар де»⁷¹. Және бір аятта:

﴿إِنِّي لَكُمْ رَسُولٌ أَمِينٌ﴾

«Рас, мен сендер үшін сенімді бір Елшімін»⁷². Тағы бір аятта:

﴿وَأَنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْخَائِنِينَ﴾

«Күдіксіз, Аллаһ, қиянатшылардың қастығын оңалтпайды»⁷³.

⁷¹ Ағраф сүресі, 158-аят.

⁷² Шұғара сүресі, 107-аят.

⁷³ Юсыф сүресі, 52-аят.

Жеткізу

التبليغ

Жеткізу дегеніміз – Аллаһ Тағаланың барлық бұйрықтарын Елшілердің тиісті орынға жеткізуі.

Жеткізуі бұйырылған істерді Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) толық жеткізгендігіне иман келтіру тиіс (уәжиб) болады.

Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) жеткізудің уәжиб екендігінің дәлелі - жеткізуге бұйырған нәрсені жасыру - қиянат, ал қиянат жасау олардың табиғатына жат. Сөйтіп, Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) жасырып қалу деген – мүмкін болмайтын нәрсе, оларға жеткізу міндеті уәжиб болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يَا أَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَا أُنْزِلَ إِلَيْكَ مِنْ رَبِّكَ وَإِنْ لَمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ رِسَالَتَهُ﴾

«Әй Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жалғастырмаған боласың»⁷⁴.

Зеректік

الفتانة

Зеректік дегеніміз – Ақылдың тапқырлығы, тез түсіну, жылдам ойлау және дәлелінің мықты болуы.

Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) зерек

⁷⁴ Мәйдә сүресі, 67-аят.

болудың уәжиб екендігінің дәлелі: Негізінде Елшілер (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) өздеріне түскен нәрсені оған сенбей күмәнданған адамдарға нақты дәлелдермен түсіндіру үшін жіберілген. Ал бұл іс тек зеректікті қажет етеді. Егер олар зерек болмағанда, дәлел келтіруге дәрменсіз болар еді және де осы істі атқарамын деуі де бос әурешілік болар еді. Ал мұндай қасиетке ие болмаса, Аллаһ Тағала ондай елшілерді қаламаған болар еді. Сөйтіп, оларға ақылды болу, зерек болу уәжиб болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَجَادِلْهُمْ بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ﴾

«Әрі олармен көркем түрде пікірталастыр»⁷⁵. Және бір аятта:

﴿وَتِلْكَ حُجَّتُنَا آتَيْنَاهَا إِبْرَاهِيمَ عَلَىٰ قَوْمِهِ﴾

«Ибраһимнің еліне байланысты берген дәлеліміз – осы»⁷⁶. Тағы бір аятта:

﴿قَالُوا يَا نُوحُ قَدْ جَادَلْتَنَا فَأَكْثَرْتَ جِدَالَنَا﴾

«Олар: Әй Нұх! Рас, бізбен жанжалдастың, сондықтан тартысуың көбейіп кетті»⁷⁷.

2) Жекелей және жалпылай елшілердің бойында болуы мүмкін емес сипаттар:

Жалпылай алғанда Елшілерде (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) адамдарды дінге шақыру ісінде кедергі

⁷⁵ Нахыл сүресі, 125-аят.

⁷⁶ Өнғам сүресі, 83-аят.

⁷⁷ Худ сүресі, 32-аят.

болатын адам баласының бойындағы кемшіліктердің болуы мүмкін емес. Мысалы: тас жүрек, тексіздік, қорқақтық, залымдық, опасыздық, әділетсіздік, уәдеде тұрмаушылық, келісімді бұзушылық, тәкәппарлық, жындылық, сияқты сипаттар Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бойында болуы мүмкін емес.

Ал енді жеке-жеке айтатын болсақ, мына сипаттар Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бойында болуы мүмкін емес: Өтірік айту, қиянат жасау, жасырып қалу, ақымақ болу.

Бұл сипаттар Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бойында болуы мүмкін еместігіне дәлел: дінге шақыруға кедергі болатын әрбір іс Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) қызметіне қайшы келеді. Жоғарыда айтқан шыншылдық, аманатқа адал болу, дінді насихаттау, зеректік сипаттары Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) уәжиб болды, ал бұған қарама-қайшы сипаттар Олардың бойында болуы мүмкін емес.

3) Елшілерге мүмкін болған істер:

Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) адамзаттың бойындағы үлкен кемшілікке апармайтын немесе адамдар ол істерден жиіркенбейтін: ішіп-жеу, базарларда жүру, егін егу, сауда жасау, ұсталық, жеңіл аурулармен ауыру, зұлымдық зардабын тарту сияқты көрністер мүмкін болады, тіпті Пайғамбарлар өлтіріледі де (оларға Аллаһтың сәлемі болсын). Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَيَقْتُلُونَ النَّبِيِّنَ بِغَيْرِ حَقٍّ﴾

«Және жазықсыз пайғамбарларды өлтіргендер»⁷⁸.

⁷⁸ Әл Ғымран сүресі, 21-аят.

Осы сияқты көрністердің Елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) мүмкін екендігінің дәлелі: Осы кітапта Елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) хақысына не уәжиб, не мүмкін емес, не мүмкін екені баяндалды және барлық Елші (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) шыншыл, аманатқа адал, дінді жеткізуші, зеректік сипаттарымен сипатталуы уәжиб болғаны айтылды. Және осы сипаттарға қайшы сипаттар мүмкін емес екендігі айтылды.

4) Елшілер жасаған мұғжизалардың пайдасы:

Аллаһ Тағала Елшілеріне (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) олардың шынайы Елші екендігіне дәлел болу үшін мұғжиза беріп қуаттады. Өйткені олар өздерінің дінге шақыруында шыншыл болды, егер олар арқылы мұғжизалар жүзеге аспағанда, олардың сөзін қабылдау, әрі оларға еру міндет болмаған болар еді.

Мұғжиза

المعجزة

Мұғжиза дегеніміз – әдеттен тыс іс, Аллаһ Тағаланың Өзі жіберген пайғамбарына деген елдің сенімін ояту үшін, Өзінің қалауы бойынша, басқа тірі жан иелерінің қолынан келмейтіндей, таңғажайып іс істеуді нәсіп етіп, пайғамбарын елден ерекше көрсетуі. Елшілер (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) көрсететін мұғжиза сиқыр сияқты таңғажайып істерге жатпайды. Себебі, бұл істер әдеттен тыс іс емес, үйренумен, жаттығумен бола беретін істер, тіпті бұл істердің белгілі бір ережелері бар, оны кейбір адамдар біледі. Сондықтан бұлар осындай істерді білмеген адамға керемет болып көрінеді. Аллаһ Тағала мұғжизаны өзінің

Елшілері арқылы (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) көрсетеді десек те, ирхас, карамат, мағунаһ, истидраж сияқты істер есепке алынбайды. Өйткені, бұл істер мұғжиза емес, тіпті әдеттен тыс істер болған күннің өзінде Пайғамбарларда болмағандықтан есепке алынбайды.

Ирхас қана пайғамбарлық келердің алдында пайғамбарлардан көрінеді. Пайғамбарлығына белгі, бастама ретінде Пайғамбарымызға (оган Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлық келерден бұрын бұлттың көлеңке болып ілесіп жүруі сияқты істер.

Керемет

الكرامة

Керемет дегеніміз – бұл да әдеттен тыс іс, пайғамбар болатын адамда емес, өте тақуа адамдардың қолынан келетін танғажайып іс, керемет жасау қасиеті оларға құрмет ретінде беріледі.

Жәрдем

المعونة

Мағунаһ (жәрдем) дегеніміз – бұл да әдеттен тыс іс, пайғамбар болатын адамда емес, өте қатты бойұсынған тақуа адамдарда болады.

Масқара болу

الاستدراج

Истидраж дегеніміз – бұл да әдеттен тыс іс, өзін құдай санаған, пайғамбар санаған адамдарға, оларды масқаралау үшін жіберіледі.

Мұғжизаның елшілерді растайтындығы жайлы

Елшілерді қуаттайтын ең үлкен дәлелдердің бірі – мұғжиза. Өйткені, пайғамбар дінге шақыруында және өзінің Аллаһтан келген жеткізуші екендігін дәлелдеуде мұғжизаға сүйенеді. Аллаһ Тағаланың оған мұғжизаны көрсетуі – пайғамбарды қуаттауы болып табылады. Егер дінге шақырушы өтірікші болғанда, Аллаһ оны қуаттамаған болар еді. Өйткені өтірікті қуаттаудың өзі – өтірік. Ал Аллаһ Тағала өтірікке қарсы.

Мұғжизаның болуы және оның дәлелі

Аллаһ Тағала Елшілерін (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) қуаттап, оларға әдеттен тыс іс бергендігін саналы, сау ақыл кері қақпайтынын мұсылмандардың барлығы мойындады. Тіпті мұғжизаның болмысы Аллаһ Тағаланың жаратылысты бар қылуындағы әдеттегі табиғи нәрседен тыс болуы да мұғжизаның болуын жоққа шығармайды. Әдеттен тыс болуы, оның мүмкін емес екендігіне дәлел бола алмайды. Мұғжизаның болуына тағы бір дәлел, оның болғаны туралы хабардың біздерге тәуәттүр (көптің хабарымен) жеткендігі және Аллаһ Тағаланың Өз Елшілерін (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) мұғжизамен қуаттауы. Бұл жайында Құранда және сүннетте дәлел көп.

Пайғамбарымыздың (оган Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), мұғжизаларының бірі – айдың жарылуы, бұған мұсылмандардың бәрі бір ауыздан келісті. Аллаһ Тағаланың Мұхаммадты (оган Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айды жару мұғжизасыменен қуаттағанына Құран және сүннетте дәлел бар. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿اِقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ وَانْشَقَّ الْقَمَرُ﴾

«Қиямет жақындады, ай жарылды»⁷⁹.

Сүннетте айдың жарылғандығы жайлы әңгіме көптеген сахабалардан жеткен. Мысалы: Әнәс ибн Мәлик, Ибн Масғуд, Ибн Аббас, Али, Хузайфа, Жүбәйірлерден (*Аллаһ оларға разы болсын*) Имам Әл-Бұхари мен Мүслим жеткізген. Әнәс ибн Мәликтен жеткен хабарда, Мекке тұрғындары Пайғамбарымыздан (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) пайғамбарлығын білдіретін бір белгі көрсетіп беруін сұрағанда, Пайғамбарымыз (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) оларға айды екіге жарып көрсеткен.

Оның мұғжизаларының тағы бірі – Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) шарапатты саусақтарының арасынан судың шығуы. Тіпті сол судан адамдар да, жануарлар да ішкен.

Және мұғжизаларының бірі Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) Қатәдәһ ибн Ән-Нұғман (*Аллаһ оған разы болсын*) атты сахабасының «Ұхд» соғысында бір көзі шығып кеткенде, соны орнына салып бергені мен сол көзі сау көзінен жақсы көріп кеткені.

Сондай мұғжизаларының бірі – ағаш дінгегінің Пайғамбарымызды (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) сағынуы, Пайғамбарымыз (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) хұтба айтқанда оған сүйеніп тұратын еді.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығы, әрі оның жалпыға бірдейлігі және пайғамбарлардың соңғысы екендігі жайлы

Адамзатты тура жолға салу үшін, оларды екі дүниеде бақытқа бастау үшін, жүректерін тазалау үшін, жан дүниесін тәрбилеу үшін, адамдар арасында амандық

⁷⁹ Қамар сүресі, 1-аят.

пен әділдік орнату үшін, жандүниелерін қате наным-сенімнен, қате құлшылық, жаман мінезден тазарту үшін, адамдардың жүрегіне дұрыс сенім ұялатып, көркем мінезге баулу, дұрыс құлшылық қылуды үйрету үшін Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) бүкіл адамзатқа пайғамбар болып жіберілуі – Аллаһ Тағаланың адам баласына деген мейірімі. Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) барлық заманға және барлық жерге қолайлы дінменен жіберіп, бүкіл пайғамбарлар мен елшілердің соңы қылды.

Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) шарифаты, алдыңғы шарифаттардың бәрінің орнына, қиямет күніне дейін жалпы адамзат пен жындарға жіберілді.

Пайғамбарымызға (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) елшілердің соңы, қиямет күніне дейін, адамдар мен жындарға Аллаһтың жіберген пайғамбары деп иман келтіру – *уәжиб*.

Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) пайғамбарлығына ақылмен дәлел келтіретін болсақ, бұған Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызды (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) көптеген мұғжизалармен қуаттауының өзі үлкен дәлел. Солардың бірі әрі ең үлкені – Құран Кәрім. Және Пайғамбарымыздың (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) пайғамбарлығы көптеген адамдардың куә болуыменен, еш үзіліссіз қазіргі күнімізге дейін жетуінің өзі осыған үлкен дәлел, сонымен қатар, жоғарыда айтылған мұғжизаларының өзі көптеген адамдардың куә болуыменен жеткен, оларды мойындамауға болмайды.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көрсеткен көптеген мұғжизалары әдеттен тыс істер болғандықтан, ешбір адам баласы оған ұқсас керемет жасай алмады және жасай да алмайды. Өйткені, Пайғамбарымыз – (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала жіберген-хақ пайғамбар. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَلْيَأْتُوا بِحَدِيثٍ مِّثْلِهِ إِنْ كَانُوا صَادِقِينَ﴾

«Олар шыншыл болса, Құран сияқты бір сөз келтірсін»⁸⁰. Және бір аятта:

﴿قُلْ لِّئِنْ اجْتَمَعَتِ الْإِنْسُ وَالْجِنُّ عَلَى أَنْ يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا﴾

«Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «Егер адамдар, жындар осы Құранның ұқсасын келтіруге жиналса, тіпті олар, бір-біріне көмекші болса да, келтіре алмайды» де»⁸¹. Және бір аятта:

﴿أَمْ يَقُولُونَ افْتَرَاهُ قُلْ فَأْتُوا بِعَشْرِ سُوْرٍ مِثْلِهِ مُفْتَرِيَاتٍ وَادْعُوا مَنِ اسْتَطَعْتُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ﴾

«Немесе олар: «Құранды өзі жасады» дей ме? Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)

⁸⁰ Тур сүресі, 34-аят.

⁸¹ Ибра сүресі, 88-аят.

оларға: «Егер айтқандарың шын болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да, сол сияқты ойдан құрастырылған он сүре келтіріңдер» де»⁸². Және бір аятта:

﴿وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُورَةٍ مِثْلِهِ وَادْعُوا شُهَدَاءَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ﴾

«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де сол құсаған бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса»⁸³.

﴿وَأَرْسَلْنَاكَ لِلنَّاسِ رَسُولًا﴾

«Мұхаммед, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сені адамдарға елші етіп жібердік»⁸⁴. Және бір аятта:

﴿مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ﴾

«Мұхаммед – (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар діңсідерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді»⁸⁵. Тағы бір аятта:

⁸² Hud сүресі, 13-аят.

⁸³ Baqara сүресі, 23-аят.

⁸⁴ Nisa сүресі, 79-аят.

⁸⁵ Fatḥ сүресі, 29-аят.

﴿وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ﴾

«Мұхаммед – оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен»⁸⁶.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Мен көркем мінездерді толықтыру үшін жіберілдім».

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бүкіл адамдар мен жындарға ортақ пайғамбар екендігіне Құран мен сүннеттен дәлел

Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَإِذْ صَرَفْنَا إِلَيْكَ نَفَرًا مِنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْآنَ فَلَمَّا حَضَرُوهُ قَالُوا أَنْصِتُوا فَلَمَّا قُضِيَ وَلَّوْا إِلَى قَوْمِهِمْ مُنْذِرِينَ قَالُوا يَا قَوْمَنَا إِنَّا سَمِعْنَا كِتَابًا أُنْزِلَ مِنْ بَعْدِ مُوسَى مُصَدِّقًا لِمَا بَيْنَ يَدَيْهِ يَهْدِي إِلَى الْحَقِّ وَإِلَى طَرِيقٍ مُسْتَقِيمٍ يَا قَوْمَنَا أَجِيبُوا دَاعِيَ اللَّهِ وَآمِنُوا بِهِ يَغْفِرَ لَكُمْ مِنْ ذُنُوبِكُمْ وَيُجِرْكُمْ مِنْ عَذَابٍ أَلِيمٍ﴾

«Мұхаммед, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте:

«Үндемеңдер» десті. Сонда оқылуы біткен кезде,

⁸⁶ Әл Ғыран сүресі, 144-аят.

елдеріне ескертуші болып қайтты. Олар: «Әй, еліміз! Шын мәнінде біз Мұсадан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кейін түсірілген алдыңғы кітапты растаушы, сондай-ақ шындыққа және тура жолға салатын бір Кітап тыңдадық» деді. «Әй, халқымыз! Аллаһтың шақырушысы Мұхаммедті (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қабылдаңдар. Және Аллаһқа иман келтіріңдер. Күнәларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды»⁸⁷.

Сүннеттен дәлел:

«بُعِثْتُ إِلَى النَّاسِ كَافَّةً»

«Адамдардың бәріне жіберілдім».

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлар мен елшілердің соңғысы екендігіне Құран мен сүннеттен дәлел

Аллаһ Тағала Құранда:

﴿مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَلَكِنْ رَسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا﴾

«Мұхаммед (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық білуші»⁸⁸.

Сүннеттен дәлел:

⁸⁷ Ахқаф сүресі, 29,30,31-аяттар.

⁸⁸ Ахзап сүресі, 40-аят.

«أنا العاقب فلا نبي بعدى»

«Мен соңымын, менен кейін пайғамбар жоқ». Имам Мұслим мен Имам Әт-Тирмизи Әбу хұрайраһтан риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (оган Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Басқа Пайғамбарларға берілмеген алты нәрсе маған берілді: шешендік берілді, дұшпанымның жүрегіне қорқыныш салып, жеңу берілді, олжа хала болды, жер бетінің барлығы мешіт етіп берілді, адамдардың бәріне жіберілдім және менімен пайғамбарлық аяқталды».

АҚЫРЕТ ІЛІМДЕРІ

السمعیات

Үшінші бөлім

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға тән. Елшілердің ардақтысы болған пайғамбарымызға, оның отбасына, әрі сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Сәмғият дегеніміз – Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) есту арқылы жеткен хабарлар, әрі ақыретте болатын істер, ондағы жағдайлар адам баласына беймәлім. Оған иман келтіру міндет. Өйткені ол Құран және сүннет арқылы бекіген.

Қабір сұрағы

سؤال القبر

1) Қабір сұрағы және оның дәлелі әрі оған иман келтірудің үкімі:

Қабір сұрағы⁸⁹ – Адам баласы өлгеннен кейін екі періштенің «Раббың кім?, дінің не?, пайғамбарың кім?» деп сұраққа алуы. Екі періштенің сұраққа алуы

⁸⁹ Қабір сұрағындағы мақсат пенденің өлгеннен кейін сұраққа алынуы, жерленбесе де, яғни қандай да бір себептермен жанып кетсе, жыртқыш аңдар жеп қойса да. Жалпы көпшілігі жерленеді, сол себепті қабір сұрағы деп көптік жағынан есеп қылып айтады.

ақылмен қарасаң, мүмкін іс, әрі оның хақ екендігі Құранда және сүннетте келді, әрі мұсылман ғалымдары мұның хақтығын бірауыздан құптады. Қабір сұрағына иман келтіру *уәжиб*, ал мойындамау адасу болып саналады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يُثَبِّتُ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا بِالْقَوْلِ الثَّابِتِ فِي الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَفِي الْآخِرَةِ وَيُضِلُّ اللَّهُ الظَّالِمِينَ﴾

«Аллаһ Тағала сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де, ақыретте де мықты сөзбен табанды қылды. Аллаһ залымдарды адастырады»⁹⁰.

Ибн Аббас (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) өзінің тәфсірінде: «Олар өлгеннен кейін қабірлерінде «*шәһәдәһ*» (күәлік) келтіруі сұралады», - десе, ал Икрима (Аллаһ оған рақым етсін) бұл аяттың тәпсірінде: «Пайғамбарымыз Мұхаммадке (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтіруі және таухид жайлы сұралады және кім қандай халде жан тапсырған болса, соған сай сұраққа алынады. Иман келтірген – иманына, ал дінсіз болған немесе күмәнданып өткен пенде амалына сай жауап береді»-деді. Бұл жайында Аллаһ Тағала Құранда:

﴿قَالُوا رَبَّنَا أَمَتَنَا اثْنَتَيْنِ وَأَحْيَيْنَا اثْنَتَيْنِ فَاعْتَرَفْنَا بِذُنُوبِنَا﴾

«Олар: «Раббымыз! Бізді екі рет тірілтіп, екі рет өлтірдің. Енді күнәларымызды мойындадық. Ал енді бізге шығар жол бар ма?-дейді»⁹¹.

Осы аяттың тәпсіріндегі екі көзқарастың біріне қарап, екінші өлім қабірдегі сұрақтан кейінгі өлім де-

⁹⁰ Ибраһим сүресі, 27-аят.

⁹¹ Ғафыр сүресі, 11-аят.

ген тұжырымға келеміз. Ал қабір сұрағының сүннеттегі дәлелдерінің бірі Усмәннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хабарда былай деді: «Егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өлікті жерлесе, қабір басында тұрып айтатын еді: «бауырларыңа Аллаһтан кешірім тілеңдер, расында, ол қазір сұралуда». Және басқа бір риуаятта, расында, адамдар мәйітті жерлеп, қабір басынан кеткеннен кейін, оған Мүңкәр, Нәкир атты екі періште келеді. Ол екеуі өлікті отырғызады. Аллаһ оған рухын қайтарады да, сұраушының сұрағын түсінерліктей өлім мен тіршіліктің арасында орташа бір халде тірілтеді де, сезімдері мен ақылын қайтарады. Сөйтіп, ол сұралған кезде жауап беруге шамасы келеді, сол кезде оған екі періште: *Раббың кім?, дінің не? және сендерге жіберілген кісі жөнінде не айтасың?* деп сұрағанда мұмин адам: Раббым – Аллаһ, дінім – Ислам, бізге жіберілген пайғамбар – Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) деп жауап береді. Сонда екі періште оған: «ана тозақтағы орныңа қара! Аллаһ оны саған жәннаттағы бір орынмен ауыстырып қойды», деп екеуі оған барлығын көрсетеді. Ал дінсіз немесе екіжүзді адам болса: «білмеймін, ол жайында адамдар не айтса, соны айтар едім», - дейді. Сонда екеуі: «сен оны айтпадың да, білгің де келмеді», - дейді. Кейін оған лайықты азап беріледі. Пайғамбарлар, шәһидтер, шыншылдар сұралмайды. Жоғарыда келген хадистен сұрақтың дене мен рухқа бірге қойылатындығын түсінеміз.

Қабір азабы мен рахаты

نعم القبر وعذابه

Қабір азабы мен рахаты және дәлелі, әрі ол екеуіне иман келтірудің үкімі:

Қабірдің рахаты мен азабы жайлы Құранда және сүннетте келген, әрі оған ғалымдар бір ауыздан келіскен. Ол екеуіне иман келтіру міндет (*уәжиб*) болады, ал ол екеуін мойындамау адасу болып саналады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَلَا تَحْسَبَنَّ الَّذِينَ قُتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ أَمْوَاتًا بَلْ أَحْيَاءٌ عِنْدَ رَبِّهِمْ يُرْزَقُونَ فَرِحِينَ بِمَا آتَاهُمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ﴾

«Аллаһ жолында өлгендерді өлі деп ойлама, керісінше, олар тірі. Раббыларының хұзырында олар ризықтануда. Олар Аллаһтың берген нәрселеріне мәзмейрам»⁹². Және Нұх (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымы жайлы келеді. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿أُغْرِقُوا فَأَدْخِلُوا نَارًا﴾

«Суға батырылады да, отқа салынады»⁹³. Аяттағы «фә» таъқийб мағынасында келіп жатыр (яғни артыңша мағынасында). Және Перғауын қауымы жайлы келеді. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿النَّارُ يُعْرَضُونَ عَلَيْهَا غُدُوًّا وَعَشِيًّا وَيَوْمَ تَقُومُ السَّاعَةُ أَدْخِلُوا آلَ فِرْعَوْنَ أَشَدَّ الْعَذَابِ﴾

«Олар ертелі-кеш отқа тасталады. Қиямет-қайым болған күні: «Перғауын әулетін азаптың ең қаттысына кіргізіңдер»⁹⁴. Оларды қатты азапқа кір-

⁹² Әл-Ғыман сүресі, 169,170-аяттар.

⁹³ Нұх сүресі, 25-аят.

⁹⁴ Ғафыр сүресі, 46-аят.

гізіндер дегенінің сыртқы көрінісі⁹⁵ тозаққа кіргізуі. Сырттай алғанда, оларды тозаққа кіргізуі отқа тастауы емес, өйткені оған ғатыф қылынуы дәлел болады. Егер оларды отқа кіргізуі қиямет күні болса, мына сөздің дәлелімен (وَيَوْمَ تَقُومُ السَّاعَةُ) – «Қиямет- қайым болған күні», демек олардың отқа тасталуы қиямет күнінен басқа күні болады. Яғни бұл іс қиямет күнінен кейін болмаған болса, онда қиямет күнінен бұрын болуы тиіс болады⁹⁶.

Енді олардың бұл дүниеде отқа тасталуы мүмкін емес, сол себепті бұл іс өлгеннен кейін, қияметтен бұрын болатыны белгілі. Міне, осылайша қабірде азап бары пысықталды. Және қабір рахаты мен азабының сүннеттегі дәлелдерінің бірі: «Қабір жәннәт бақтарынан бір бақ немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр» және тағы бір риуаятта Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) екі қабірдің жанынан өтті де, айтты: «Расында, бұл екеуі азапталып жатыр, бірақ үлкен күнәмен азапталып жатқан жоқ. Кейін, «иә, ол екеуінің бірі сөз тасып жүретін еді, ал екіншісі кіші дәреттен кейін тазаланбайтын еді», – деді.

Кейбір Мұғтәзиләһ⁹⁷ мәзһәбын ұстанушылар қабір азабы мен рахатын мойындамады. Олардың күмәндары: қабірдегі сұраққа жауаптың, рахат пен пен азап-

⁹⁵ Яғни тілдік мағынасы.

⁹⁶ Бұл аятпен қияметтен алдын бір азаптың, болатындығына дәлел келтіріп жатыр. Демек, қабір азабын тартады.

⁹⁷ Мұғтәзиләһ сөзінің тілдік мағынасы «иғтәзал» сөзінен шыққан. Бөлініп шығушылар деген мағына береді. Бұлардың бұлай аталуы әһлүс-сүннәт уәл-жамағаттан ажырап бөлініп шығулары себепті «мұғтәзиләлар» (бөлініп шығушылар) деп аталды. Негізін салушы Уасыл ибн Ғатоға. Хижраның алғашқы жүз жылдығының ортасында Басра қаласында пайда болды. Бұлар өзара бірнеше топтарға бөлінген.

тың болуы қиындық көру (яғни қабір азабы мен рахатының болуы оларға күмәнді болды). Бұзылып жатқан денеде тіршілік жоқ, (сол себепті шіріп жатқан дене қалай сұрақ, азап-рахат көреді деп күмәнданды). Бұл жағдай сәмғияттың осы түрінен бас тартуды білдіреді (яғни өздерінің ақыл мен келтірген түсіндірмелері сәмғияттан болған қабір сұрағы, азабы, рахатының болмайтындығына дәлел дейді). Олар: «Расында, біз бұл өліктің еш қимылсыз үнсіз жатқанын көреміз. Және оның шаттыққа бөленіп жатқанын да, күйзеліп жатқан әсерін де көрмейміз. Мүмкін, тар қабірге жерленген шығар, онда отырғанын елестете алмаймыз. Бұдан да мықты көрініс кейбір мәйіттің отқа жанып, желге ұшқаны» - дейді (яғни өліп жатқан адамның бұндай көрністермен суреттелуі мүмкін емес, тіпті тар қабірде де бұндай азап-рахат кейіптің болуы мүлдем болмайды, ал отқа жанып кеткен адам үшін бұл көрініс мүлдем мүмкін емес дегені). Жалпылай жауап беретін болсақ, мойындамаушылардың айтқандары ақыретте бұл істің болмайтындығына дәлел бола алмайды. Ақылға сыймайтындығына дәлел болса да. Тіпті ақыл да бұл істердің болуын жоққа шығара алмайды. Жекелей жауап беретін болсақ, олардың шіріп жатқан денеде тіршілік жоқ деген сөздері мойындалмайды, өйткені олардың бұл сөзі дене тірі болу керек дегенді шарт қылмайды, тіпті шарт қылған күннің өзінде Аллаһтың адамның барлық мүшелерінің ішінен бір мүшені сақтап, оған тіршілік дарытып қоюына ешбір кедергі жоқ, ал қабір өмірінде рух барлық дене мүшелерімен қатысты болуы керек деген нәрсе шарт емес, өйткені қабірдегі тіршілік бұл дүниедегі тіршіліктен азырақ, сол жерде өлік сұралады, жауап береді, рахатқа бөленеді, азапталады. Және олардың тар қабірге қойылған өліктің отырғызылуын суреттеу мүмкін емес деулері ақылға қонбайды. Себебі, Аллаһтың қабірді кеңейте алатындығына ешбір кедергі жоқ. Тағы олардың өліктің біраз уақыт

қимылсыз қалғандығын, сөйлемейтіндігін көреміз деулері (жансыз дененің рахат, азап сезбейді деулері) оларға дәлел болмайды.

Қайта тірілу

النشر

2) Қайта тірілу және оның дәлелі, әрі оған иман келтірудің үкімі:

«Нәшір» сөзі мен «бағс» сөзінің мағынасы бір, екеуі де қайта тірілуді білдіреді⁹⁸. Қайта тірілу дегеніміз – Аллаһ Тағаланың пенделердің негізгі мүшелерін жинағаннан кейін, оларды қайта тірілтіп, қабірлерінен шығаруы. Ал бұл іс, ақылмен алып қарағанда, болуы мүмкін және Құран мен сүннетте айтылған, һәм бұл ұғым бүкіл діндерде де айтылған. Қайта тірілуге иман келтіру – уәжиб, ал мойындамаған адам – дінсіз болады. Қайта тірілудің ақылмен болатындығына дәлел: өліктің ағзаларының өз қалпына қайтадан келіп, жиналуы, қайта тірілуге дәлел болады. Аллаһ Тағала барлық дененің ағзаларын біледі және қайтадан өз қалпына келтіруге, құрауға, тірілтуге толық құдіреті жетеді. Қайта тірілудің болатындығына Құранда көптеген аяттар келген. Солардың бірқатары мыналар. Аллаһ Тағала Құранда:

⁹⁸ Біреулер айтты: «нәшір, бағс» сөздерінің мағыналары екі бөлек, өйткені «бағс» деген – Аллаһ Тағаланың өлікті тірілтуі болса, ал «нәшір» өлікті тірілткеннен кейін қабірлерінен шығару, бұл жерде «нәшір» сөзінің мақсаты тірілту, шығару мағынасында бірге болып жатыр.

﴿ زَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُعْثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبُّونَ بِمَا عَمِلْتُمْ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ ﴾

«Сондай қарсы болғандар, әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. Айт оларға: Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте, өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің түсіндіріледі. Осылар Аллаһқа оңай де»⁹⁹. Және бір аятта:

﴿ وَهُوَ الَّذِي يَبْدَأُ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَهُوَ أَهْوَنُ عَلَيْهِ ﴾

«Ол, жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай»¹⁰⁰. Тағы бір аятта:

﴿ مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَى ﴾

«Топырақтан сендерді жараттық. Топыраққа қайтарамыз да, екінші рет содан шығарамыз»¹⁰¹. Ал қайта тірілудің сүннеттегі дәлелдерінің бірі ретінде Әба ибн Халафтың Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шіріген бір сүйекті алып келіп, тартысқандығы риуаят қылынды. Сүйекті ұстады да, сындырып: «Ей, Мұхаммад, көріп тұрсың ба, Аллаһ бұны шірігеннен кейін тірілте ме? деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «сені тірілтеді де, тозаққа кіргізеді», - деді.

⁹⁹ Тағабұн сүресі, 7-аят.

¹⁰⁰ Рум сүресі, 27-аят.

¹⁰¹ Тоһа сүресі, 55-аят.

Жиналу

الحشر

3) Жиналу және оның дәлелі, әрі оған иман келтірудің үкімі:

Жиналу дегеніміз - Пенделердің қайта тірілгеннен кейін, есеп-қисап жасайтын және өзара үкім кесетін орынға жиналулары. Бұл жөнінде Құранда келді. Жиналуға иман келтіру – міндет (үәжиб), ал мойындамаған адам - дінсіз болады, діндегі белгілі болған, маңызды істі теріске шығарғаны үшін. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يَوْمَ تَشَقَّقُ الْأَرْضُ عَنْهُمْ سِرَاعًا ذَلِكِ حَشْرٌ عَلَيْنَا يَسِيرٌ﴾

«Сол күні жер жарылып, олар тез арада шығады. Сол жинау Бізге оңай»¹⁰². Және бір аятта:

﴿وَيَوْمَ نَحْشُرُهُمْ جَمِيعًا ثُمَّ نَقُولُ لِلَّذِينَ أَشْرَكُوا آيِنِ شِرْكَائِكُمْ

الَّذِينَ كُنْتُمْ تَزْعُمُونَ﴾

«Оларды қиямет күні түгел жинаймыз да, сонан соң: Аллаһқа ойша қосқан ортақтарың қайда? дейміз»¹⁰³.

Жиналуда адамдардың жағдайы әрүрлі болады: Мініп барушылар, олар – тақуалар, екі аяғымен жүріп барушылар, олар – құлшылықты аз қылғандар, жүздерімен сүйретіліп барушылар, олар – дінсіздер, маймыл бейнесінеде барушылар, олар – зинақорлар, соқыр болып барушылар, олар – үкім қылғанда зұлымдық қылушылар, саңырау, сақау болып баратындар,

¹⁰² Қаф сүресі, 44-аят.

¹⁰³ Әнғам сүресі, 22-аят.

олар – өздерінің жасаған құлшылықтарына таңданушылар, тілдерін шайнап, ауыздарынан сасық тер ағып баратындар, олар – сөздері істеріне қайшы келетін уағыз айтушылар, өліктен де қаттырақ сасып баратындар, олар – тән құмарлығына беріліп, зекет бермегендер. Алғашқы болып махшарға келетін және ең алғашқы болып жәннәтқа кіретін, ең алғаш болып жерден шығатын – Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Аллаһ біздерді Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тобынан қылсын. (әмин).

Қыл көпір

الصراط

4) Қыл көпір және оның дәлелі, әрі оған иман келтірудің үкімі:

Қыл көпір дегеніміз, ол – тозақтың үстінен тартылған көпір. Одан адамзаттың барлығы – мұмині болсын, басқасы болсын бәрі де өтеді. Бұл – есту арқылы белгілі болған істерден, Құранда және сүннетте келген. Қыл көпірге иман келтіру – міндет (үәжиб). Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَاسْتَبِقُوا الصِّرَاطَ﴾

«Сонда олар жол іздесе»¹⁰⁴.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Аллаһ Тағала тозақтың үстінен көпір қояды, мен және ұмметім алғашқы болып өтеміз».

¹⁰⁴ Ясин сүресі, 66-аят.

Көпірдің шаштан жіңішке, қылыштан да өткір екендігі жайлы айтылған. Ал кейбір әһлүс-сүннәт ғалымдары сыртқы мағынасын ұстанып (*яғни шаштан жіңішке, қылыштың жүзінен де жұқа деген*) былай дейді: «көпірдің осындай екендігіне қарамастан, пенденің өтетіндігіне ешбір кедергі жоқ, өйткені Аллаһтың бұлісті болдыруға толық құдіреті жетеді». Кейбір әһлүс-сүннәт ғалымдары айтты: «бұл арада көпірдің сипатын тура мағынасында түсінбеу керек, мұнда, керісінше астарлы мағына меңзеліп жатыр, себебі ол кейбір өтушілерге қиыншылық туғызады. Кейбір хабарларда келгендей, Жәбірейіл періште көпірдің басында, Микайл ортасында тұрып, адамдардан өмірін қайда жұмсады, жастық шағын неге сарп етті, мал дүниесін қандай жолмен тауып, қайда жұмсағандығын сұрайды және көпірдің шетінде ілгектер болады да, тиіс болған пендені іліп қалып тұрады».

Адамдардың көпірден өтуі әртүрлі болады. Көпірден өтудің жылдамдығы адамдардың амалдарына қарай болады. Көпірден қас-қағым сәтте, найзағайдай жарқ етіп, желдей есіп, құстай ұшып, жүйрік аттай шауып, жүріп, еңбектеп өтетіндер бар. Тіпті көпірден өтпей, тозаққа мәңгі құлайтындар бар, олар – дінсіздер немесе белгілі бір уақытқа құлап, кейін шығатындар бар, олар – күнәһар мұсылмандар, өйткені Аллаһ олардың тозаққа біраз уақыт азапталуын қалады.

Ал кейбір Мұғтазила мәзһәбын ұстанушылар көпірдің болуын жоққа шығарды да айтты: «Кімде-кім көпірді растап, шаштан жіңішке, қылыштың жүзінен жұқа деп сипаттаса және осылай болады деп есептесе, онда одан өту мүмкін болмай қалады, тіпті болған күннің өзінде пайғамбарларға, салихтарға қиындық болмайтындығына қарамастан, оларға қиямет күні қиындық туғызады. Сондықтан шариғат наставрында (Құран, хадистер) келген көпірді жәннәтқа немесе тозаққа апаратын жол деп қолдану тиіс болады», - деді (яғни егер сират көпірі

шаштан жіңішке болса, адамдар одан қалай өтеді деп мойындағылары келмеді, бұндай сыйраттан өту қиын болғандықтан әрі жіңішке болғандықтан пайғамбарлардың, тақуалардың өзіне сыйраттан өту қиындық туғызған болар еді деп, сыйраттың болатынын мойындағылары келмеді). Бұған әһлүс-сүннәт ғалымдары: Аллаһ Тағала құтылушыларға көпірден өтуге мүмкіндік беріп, оларға қиындық келмейтіндей жеңілдетіп қояды деп жауап берді. Ақыретте көпір бар деп сену уәж, өйткені бұл – діндегі белгілі болған маңызды іс. Ал бұдан басқалары көпірдің тозақтың үстінен тартылғандығы немесе көпір – керісінше жәннәтқа немесе тозаққа апаратын жолды білдіретін астарлы мағына беретін сөз деуі негізгі сенімнен емес, сол себепті бұл істерді мойындамаған адам дінсіз болмайды. Хадистердің тура мағынасы және көпшілік ғалымдардың анықтамасына сүйенсек, қыл көпір дегеніміз – тозақтың үстінен тартылған көпір. Кім көпірді қандай да бір мағынамен жоққа шығарған болса, дінсіз болады, діндегі белгілі болған маңызды істі мойындамағаны үшін. Ал егер кім ақыретте көпір бар деп сеніп, бірақ шариғат наставрында (Құран, хадистерде) келген көпірді жәннәтқа немесе тозаққа апаратын жол деп сенсе, хадистерде айтылған сөздерге және көпшілік ғалымдардың ұстанымына қайшы келгендігі үшін бидғат жасаушы мұмин болып саналады. Ал кім ақыретте тозақтың үстінен тартылған көпір бар деп сенсе, ол ақидасы дұрыс мұмин болғаны.

Таразы мен өлшем

الميزان والوزن

5) Таразы мен өлшем және дәлелі әрі ол екеуіне иман келтірудің үкімі:

Ақыретте таразы мен өлшемнің болатындығы Құ-

ранда және сүннетте келген, ол екуіне иман келтіру – уәжиб болады. Аллаһ Тағала Құранда:

«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз»¹⁰⁵.
Және бір аятта:

﴿وَالْوِزْنُ يَوْمَئِذٍ الْحَقُّ فَمَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ
وَمَنْ خَفَّتْ مَوَازِينُهُ فَأُولَٰئِكَ الَّذِينَ خَسِرُوا أَنْفُسَهُمْ بِمَا كَانُوا
بِآيَاتِنَا يَظْلُمُونَ﴾

«Ол күні бәрінің таразыға тартылары – шындық. Сонда кімнің таразысы (жақсылықта) ауыр тартса, міне, солар – құтылушылар. Және кімнің таразысы жеңіл тартса, аяттарымызға сай емес орынсыз іс-әрекет еткендері себепті зиян қылды»¹⁰⁶.

Таразы дегеніміз – екі табағы, тілі бар, көз көріп, ақыл білетін құрал. Бұл – әһлүс-сүннәттың көпшілігі ұстанған көзқарас, бұған Имам Әт-Тирмизиде (Аллаһ оған рақым етсін) келген мына хабар дәлел болады. Әмір ибн Әл-Астан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хабарда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Расында, Аллаһ Тағала қиямет күні менің үмметімнен болған бір адамды көпшіліктің алдында құтқарады, сөйтіп оған көз жетер жердей қашықтыққа дейін созылған тоқсан тоғыз амалдары жазылған кітапты алып келеді, кейін оған айтады: сен мына істеріңді мойындайсың ба? Әлде саған жазушыларым зұлымдық қылды ма? Ол айтады:

¹⁰⁵ Әнбия сүресі, 47-аят.

¹⁰⁶ Ағраф сүресі, 8,9-аяттар.

жоқ, Әй Раббым! Сонда оған: сенде үзір бар ма? Ол айтады: жоқ, Әй Раббым! Сонда оған: расында, бізде сенің бір жақсылығың бар, әрі онда саған зұлымдық жоқ, сөйтіп оған куәлік шығарылады, онда Аллаһтан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммад – Оның құлы, әрі елшісі деген. Аллаһ айтады: өліше деп, сонда ол: уа, Раббым! мына куәлік не тұрады, мына кітаптардың жанында? Айтты: расында, сен зұлымдық көрмейсің. Сөйтіп, кітаптар – таразының бір табағына, куәлік бір табағына қойылады, кітаптар жағы жеңіл тартып, куәлік жағы ауыр басады, Аллаһтың есімінен ешбір нәрсе ауыр келе алмайды».

Әһлүс-сүннәтта барлық амалдарға және түгел үммет үшін бір таразы қойылатындығы мәлім. Ал аяттағы ﴿وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ﴾ көпше түрде айтылатын таразылар (мәуэзин) сөзі тағзыйм (ұлықтық) мағынасында. Біреулер төмендегі мына аятты дәлелге алып, әрбір адамға бірнеше таразы қойылады, сөйтіп таразының әрқайсысымен, оның амалдарының әрбір түрі өлшенеді деді. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَمَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ وَمَنْ خَفَّتْ

مَوَازِينُهُ فَأُولَٰئِكَ الَّذِينَ خَسِرُوا أَنْفُسَهُمْ فِي جَهَنَّمَ خَالِدُونَ﴾

«Ал сол күні, кімнің таразысы ауыр тартса, міне, солар – құтылушылар. Ал және кімнің таразысы жеңіл тартса, міне, солар – өздерін зиянға ұшыратқандар. Олар тозаққа мәңгі қалады»¹⁰⁷.

Кейін өлшенетін нәрсеге байланысты талас пікірлер туды. Амал дәптері ме, әлде амалдардың өзі ме? деген.

¹⁰⁷ Мүминүн сүресі, 102,103-аяттар.

Көбісі «амал дәптері өлшенеді» деді, бұны жоғарыда келген хадис қуаттайды деп есептеді, Пайғамбарымыз да (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) амал дәптерінің өлшенетіндігі туралы айтты, деді, ал кейбір ғалымдар амалдардың өзі өлшенеді, өйткені жақсылықтардың суреттелуі нұр суретінде болып, таразының оң жақ табағына қойылады, ал жамандықтың суреттелуі қараңғы суретінде болып, таразының сол жақ табағына қойылады деп есептеді. Өлшеу мүминге де, дінсізге де болады. Ал Аллаһ Тағаланың мына сөзі имансыздарға айтылған:

﴿فَلَا تُقِيمُ لَهُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَزَنًا﴾

«Сонда оларға қиямет күні еш мән бермейміз»¹⁰⁸. Бұл аяттың мағынасы қиямет күні оларға пайда беретін өлшем қоймаймыз дегенді білдіреді. Пайғамбарларға (*оларға Аллаһтың сәлемі болсын*), періштелерге, жәннәтқа есепсіз бірден кіретіндерге өлшем қойылмайды.

Мұғтазиланың көпшілігі таразы мен өлшемді көз көріп, ақыл білетіндігін жоққа шығарды: Аяттарда айтылатын таразы мен өлшемді «әділдіктің сақталатынын білдіретін өлшем» мағынасында түсіну керек (яғни таразыдағы мақсат әділдік деп түсінеді). Олардың күмәндары мынада: адамдардың істеген істері істеліп өтіп кеткені үшін сол амалдар елеске айналды, елеске айналған нәрсені қайтадан затқа айналдыру мүмкін емес. Сондықтан елес таразыда өлшенбейді, себебі елесте жеңілдік, ауырлық деген салмақ жоқ, Аллаһ барлық нәрселердің салмағын таразбен өлшемей-ақ біледі, ал таразыда өлшеу деген сөз – қисынсыз, дейді, (яғни мағнауи нәрселердің таразыда өлшенуі мүмкін

¹⁰⁸ Кәһф сүресі, 105-аят.

емес, біздердің амалдарымыз жазылып қойған мағнауи нәрсе, салмағы жоқ сондықтан өлшенбейді дейді. Аллаһ кім қанша амал жасады оны өлшемей ақ біледі, сол себепті ақыретте біз білетін мағынада таразы болмайды деп санайды).

Жауап: өлшенетін нәрсе – амал дәптерлері. Пайғамбарымыздан (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) амалдардың қалай өлшенетіндігі жайлы сұралған еді. Пайғамбарымыз (*оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын*) айтты: «Расында, өлшенетіні – амал дәптерлері».

Олардың: «амалдардың өлшенуінен пайда жоқ» деулері – ағаттық, өйткені өлшеу хикметі – пендені жазалаудағы әділдік, әрі кешірім етудегі және сауапты арттырудағы кеңшілігі көрінеді, содан кейін артықшылығы мен масқарасы ашық, айқын көрінеді.

Ақыреттегі таразының барлығына сену – уәжиб, ал оны мойындамаған адам дінсіз болады, өйткені ол – діндегі белгілі болған маңызды іс. Ал сол таразыдан басқа амалдар заттай өлшене ме, елестей өлшене ме, астарлы түрде жүзеге аса ма, ашық көрініспен жүзеге аса ма, осы сияқты нәрселерге сену, сенбеу адамның дінсіз болатынына себеп болатындай жауапты іс емес. Ең дұрысы амалдардың таразыда қалай тартылатынын Аллаһқа тапсырған абзал. Яғни, таразыға иман келтіріп, оның қандай болатындығын мойындамаса, адам имансыз болмайды, ал таразының қандай екенін Аллаһ біледі деу абзал болады.

Есеп-қисап

الحساب

6) Есеп-қисап және оның дәлелі, әрі оған иман келтірудің үкімі:

Есеп-қисап дегеніміз - Аллаһ Тағаланың пенделері-

нен махшар алаңынан кетпей тұрып дүниеде істеген амалдарынан есеп алуы. Пенделердің есепке тартылуы белгілі бір кейіпте болады, оны Аллаһ қана біледі. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَوَرَبُّكَ لَنَسْأَلَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ عَمَّا كَانُوا يَعْمَلُونَ﴾

«Раббыңа серт, әлбетте оларды түгел сұраққа тартамыз. Олардың қылған қылықтарынан»¹⁰⁹. Және бір аятта:

﴿وَقَفُّهُمْ إِنَّهُمْ مَسْئُولُونَ﴾

«Оларды тоқтатыңдар. Өйткені олар сұраққа тартылады»¹¹⁰. Тағы бір аятта:

﴿إِنَّ اللَّهَ سَرِيعُ الْحِسَابِ﴾

«Күдіксіз, Аллаһ – тез есеп көруші»¹¹¹. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Сендерден есеп алынбай тұрып, өздеріңе өздерің есеп беріңдер». Есеп-қисап амал дәптерін алғаннан кейін болады. Бойұсынушы амал дәптерін оң жағынан алады, ал күнәһар сол жағынан алады. Сол кезде адамға дене мүшелері куәлік береді және адамдар бір-біріне куәлік береді. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿فَأَمَّا مَنْ أُوْتِيَ كِتَابَهُ بِيَمِينِهِ فَسَوْفَ يُحَاسَبُ حِسَابًا يَسِيرًا﴾

¹⁰⁹ Хыжыр сүресі, 92,93-аяттар.

¹¹⁰ Саффат сүресі, 24-аят.

¹¹¹ Ғафыр сүресі, 17-аят.

وَيَنْقَلِبُ إِلَىٰ أَهْلِهِ مَسْرُورًا وَأَمَّا مَنْ أُوْتِيَ كِتَابَهُ وَرَاءَ ظَهْرِهِ فَسَوْفَ يَدْعُو ثُبُورًا وَيَصْلَىٰ سَعِيرًا ﴿

«Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе. Сонда ол, дереу жеңіл есеппен есептеледі. Ол, үй-ішіне қуанып қайтады. Ал және кімнің дәптері арқа жағынан берілсе сонда ол, дереу өлім шақырады. Қайнаған тозаққа түседі»¹¹².

Есеп-қисап әртүрлі болады. Бірі – жасырын, бірі – жария, бірі – жеңіл, бірі ауыр болады. Адамдардың жәннәтқа есеп-қисапсыз кіретіндері, сол сияқты тозаққа да есеп-қисапсыз кіретіндері бар. Хадисте былай деп келеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Үмметімнен жетпіс мың адам есеп-қисапсыз жәннәтқа кіреді деген кезде, Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): Раббың одан арттырмай ма? – деп сұрайды, сол кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Арттырды да және олардың әрбір жетпіс мыңы, жетпіс мыңнан алып кіреді», - деді. Ол тағы да Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): Раббың одан арттырмай ма?-дегенде, былай айтты: Кең рақымшылығымен арттырады да, әрбіріне үш еседен көбейтеді». Үш есе дегенді көптікті білдіретін астарлы мағына деп түсінбей, шын мәнінде үш есеге артқандығы деп түсінеміз.

¹¹² Иншикақ сүресі, 7,8,9,10,11,12-аяттар.

Сауап пен жаза

الثواب والعقاب

7) Сауап пен жаза және ол екеуінің дәлелі, әрі ол екеуіне иман келтірудің үкімі:

Адам баласының бұл дүниедегі жасаған жақсылықтары мен жамандықтарына қарай Ахиретте сауап пен жаза бар. Бұл екеуі жайында шариятта көптеген дәлелдер келген, әрі бұл ұғым басқа да діндерде айтылған. Аллаһ Тағала пенделеріне бойұсынуға бұйырып, оны орындағандарға сауап береді, жамандықтан тыйылуға бұйырып, оны орындамағандарға жаза тарттыруға уәде етті. Бойұсынғандарға жәннәт пен оның рахатын дайындаса, күнаһарларға тозақ пен оның азабын дайындады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ يُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا وَذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَتَعَدَّ حُدُودَهُ يُدْخِلْهُ نَارًا خَالِدًا فِيهَا وَلَهُ عَذَابٌ مُهِينٌ﴾

«Бұл – Аллаһтың қойған шектері. Кім Аллаһқа және Елиісіне бой ұсынса, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізіледі де, олар онда мәңгі қалады. Зор табыс – осы. Ал кім Аллаһқа, Елиісіне қарсы келіп, Оның шектерінен шықса, ол ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар»¹¹³. Және бір аятта:

¹¹³ Ниса сүресі, 13,14-аяттар.

﴿فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ﴾

«Сондай-ақ кімде-кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді.

Ал кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді»¹¹⁴. Тағы бір аятта:

﴿كُلُّ امْرِئٍ بِمَا كَسَبَ رَهِيْنٌ﴾

«Әркім істегенінің бодауынан ұсталады»¹¹⁵.

Ақыретте бойұсынушылар үшін сауап бар, күнаһарлар үшін жазаның барлығына иман келтіру – шарт (уәжиб), ал осы шартты мойындамаған адам діндегі маңызды істі жоққа шығарғаны үшін дінсіз болады, яғни сауап пен жазаның берілетіндігін мойындамаған адам діннен шығады.

Сауапты Аллаһ өзінің рахымымен береді, бірақ ол Аллаһ Тағалаға міндет емес. Аллаһ Тағала – барлық жаратылыстың Патшасы. Аллаһ пендеге сауапты Өзіне міндет болғандықтан емес, пенденің бойұсынғаны үшін береді. Ақиқатында Аллаһ Тағалаға еш нәрсе міндет болмайды. Тіпті құлшылық қаншалықты көбейсе де, Аллаһтың пенделеріне берген нығметтерінен бір нығметке шүкір етуге жетпейді. Құлшылықтың пайдасы Аллаһ Тағалаға емес, оны жасаушы пенделерге қайтады. Өйткені Аллаһ Тағалаға құлшылықтан пайда, жамандықтан зиян келмейді, егер Аллаһ пендесін марапаттап жатса – рақым еткені, ал жазалап жатса – әділдік еткені, Оған дау айтуға ешкімнің хақысы жоқ.

¹¹⁴ Зилзәлә сүресі, 7,8-аяттар.

¹¹⁵ Тур сүресі, 21-аят.

Бойұсынушының Аллаһтың сауабына лайық болуы, тек қана Аллаһтың жарылқауымен және оны уәде еткендігі себепті болады. Ол жайында Құранда Елшілердің тілімен хабар берді. Әлбетте, Аллаһ оны орындайды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَعَدَ اللَّهُ لَا يُخْلِفُ اللَّهُ وَعْدَهُ﴾

«Бұл – Аллаһтың уәдесі. Аллаһ уәдесінен айнымайды»¹¹⁶. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Аллаһ кімнің амалына сауап уәде етсе, міндетті түрде оны орындайды».

Ал жаза – Аллаһтың әділдігімен, өйткені күнәһарлар Аллаһтың әміріне және тыйымына өз еріктерімен қарсыласты да, жазаға лайық болды. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَمَا ظَلَمَهُمُ اللَّهُ وَلَكِنْ أَنْفُسُهُمْ يَظْلِمُونَ﴾

«Оларға Аллаһ зұлымдық етпеді, бірақ олар өздеріне зұлымдық етті»¹¹⁷.

Жәннәт пен тозақ

الجنة و النار

8) Жәннәт пен тозақтың мәңгі болуы және дәлелі, әрі ол екеуіне иман келтірудің үкімі:

Жәннәт – Аллаһ Тағаланың бойұсынушы пенделері үшін дайындаған марапаттау мекені. Ал тозақ

¹¹⁶ Рум сүресі, 6-аят.

¹¹⁷ Әл-Ғыран сүресі, 117-аят.

- күнәһарлар үшін дайындалған жазалау үйі. Бұл екеуі де сәмғияттан (ақыретке қатысты істерден) болып саналады, сондай-ақ бұл ұғым басқа да діндерде айтылған. Бұл екеуінің қазір барлығына және ақыретте болатынына иман келтіру уәжиб болады. Ал ол екеуінің қазір барлығын және ақыретте болатынын мойындамағандар діндегі маңызды істі жоққа шығарғандығы үшін дінсіз болады. Кейбір философтар бұл екеуін мойындамады, себебі олар ақыретті де, оның жағдайларын да мойындамайды. Ал бұл екеуінің қазір барлығын мойындамаса және ақыретте болатынын мойындамаса, настардың (Аят, хадисты) тура мағынасына және мұсылмандардың бір ауыздан келіскен келісіміне мойынұсынбағаны себепті – пасық болады (дінсіз болмайды). Және кейбір Мұғтазилалар жәннәт пен тозақтың қазірдің өзінде бар болып тұрғанын мойындамаған, керісінше, бұл екеуі ақырзаманнан кейін жаратылады, әзірше ақырзаман болмағандығы себепті әлі жаратылған жоқ деп тұжырымдайды.

Жәннәт және оның нығметтері, әрі оған кіргендер онда мәңгі болады. Және тозақ азабы, әрі оған кіргендер тозақта мәңгі болады. Оған мұсылмандардың бәрі келісті және бұл Құран мен сүннетте келді. Бұған иман келтіру – уәжиб, ал мойындамаса, діндегі белгілі болған маңызды істі жоққа шығарғаны үшін (яғни дінімізде бар нәрсені мойындамағаны үшін) дінсіз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَبَشِّرِ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أَنَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ كُلَّمَا رُزِقُوا مِنْهَا مِنْ ثَمَرَةٍ رِزْقًا قَالُوا هَذَا الَّذِي رُزِقْنَا مِنْ قَبْلُ وَأُتُوا بِهِ مُتَشَابِهًا وَلَهُمْ فِيهَا أَزْوَاجٌ مُطَهَّرَةٌ

وَهُمْ فِيهَا خَالِدُونَ ﴿١١٨﴾

«Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді қуандыр! Ра-сында, олар үшін астарынан өзендер ағатын жәннәт-тар бар. Әрқашан оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар: «Осы бізге бұрын да беріліп еді» дейді. Тағы оның ұқсасы келтіріледі. Әрі олар үшін онда тап-таза жұбайлар да бар. Олар онда мәңгі қалады»¹¹⁸. Және бір аятта:

﴿ لَا يَذُوقُونَ فِيهَا الْمَوْتَ إِلَّا الْمَوْتَةَ الْأُولَىٰ وَوَقَاهُمْ عَذَابَ

الْحَرِّمْ فَضْلًا مِّن رَّبِّكَ ﴾

«Ол жерде дүниедегі алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім татпайды. Аллаһ оларды тозақтың азабынан сақтаған Раббыңнан кеңшілік»¹¹⁹. Тағы бір аятта:

﴿ إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ فِي نَارِ جَهَنَّمَ

خَالِدِينَ فِيهَا ﴾

«Сөз жоқ, сондай кітап иелерінен, мүшіріктерден қарсы шыққандар, мәңгі тозақ отында қалады»¹²⁰. Мына бір аятта:

﴿ لَا يُقْضَىٰ عَلَيْهِمْ فَيَمُوتُوا وَلَا يُخَفَّفُ عَنْهُمْ مِنْ عَذَابِهَا ﴾

«Оларға өлім үкімі берілмейді. Олардан азап жеңіл-детілмейді»¹²¹.

¹¹⁸ Бақара сүресі, 25-аят.

¹¹⁹ Дұхан сүресі, 56-аят.

¹²⁰ Бәйина сүресі, 6-аят.

¹²¹ Фатыр сүресі, 36-аят.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтты: «Егер жәннәт иелері – жәннәт-қа, тозақ иелері тозаққа кіргізілгенде, үндеуші жән-нәт пен тозақтың ортасында: ей, жәннәт иелері, өлімсіз мәңгі тіршілік, ей, тозақ иелері, өлімсіз мәңгі тіршілік», - деп үн қатады.

Ал Жәһмия тобы ақыретте жәннәт пен тозақ және ол екеуіне кіргендер аяқталады деп есептеді (яғни мәңгі болмайды деген). Олар жәннәт пен тозақтың мәңгі қалуын Аллаһтың мәңгі қалуына ұқсатып, егер ол екеуі аяқталмаса, мәңгі болса, Аллаһқа серіктес болып қалады деген (яғни Аллаһ қана мәңгі қалады, қалған жаратылыстың барлығы тіпті жәннәт та, тозақ та аяқталады дейді. Егер жәннәт пен тозақ аяқталмаса, Аллаһ сияқты мәңгі қала ма? дейді). Бұлай деу – бекершілік (мүлдем дұрыс емес). Оларға мұсылмандар былай тойтарыс берді: жәннәт пен тозақтың мәңгі қалуы Аллаһтың мәңгі болуына серіктес бола алмайды, өйткені Аллаһтың мәңгі қалуы – өздігінен, ал жәннәт пен тозақтың мәңгі қалуы, ықтимал, мүмкін істер-ден¹²² және Аллаһқа байланысты. Сондықтан бұл арада серіктестік деген болмайды.

Періштелер

الملائكة

9) Періштелер және олардың бар болуының дәлелі, әрі оларға иман келтірудің үкімі:

Періштелер нұрдан жаратылған, жұмсақ денеден

¹²² Аллаһтың бар болуы – уәжиб, өздігінен; мәңгі қалуы да – өздігінен, Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес. Ал жәннәт пен то-зақтың бар болуы да, мәңгі болуы да – Аллаһтың қалауыменен, күдіретіменен. Аллаһтың мәңгі қалуын бұл екеуінің мәңгі қалуы-на ұқсатуға болмайды.

тұрады, әртүлі жақсы кейіптерге ене алады, оларға (мынадай болады деп) арнайы бір түр бермейміз. Көбісінің орныққан мекені аспан болса, жерде тұратындары да бар. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿يُسَبِّحُونَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ لَا يَفْتُرُونَ﴾

«Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды»¹²³. Және бір аяттта:

﴿لَا يَعْصُونَ اللَّهَ مَا أَمَرَهُمْ وَيَفْعَلُونَ مَا يُؤْمَرُونَ﴾

«Олар Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды»¹²⁴.

Періштелер жемейді, ішпейді, ұйықтамайды, үйленбейді, ұрпақ сүймейді, әрі еркектік, ұрғашылық сипаттарыменен сипатталмайды. Кім періштелерді еркектікпен сипаттаса – пасық болады (яғни Құранда ер тегінде келгендіктен періштелерді еркек деуменен дінсіз болмайды, бірақ – күнәһар болады), ал ұрғашылықпен сипаттаса, Аллаһ Тағаланың сөзіне қайшы келгендігі үшін дінсіз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَجَعَلُوا الْمَلَائِكَةَ الَّذِينَ هُمْ عِبَادُ الرَّحْمَنِ إِنَانَا﴾

«Олар Аллаһтың құлдары – періштелерді өздерінше әйелдерге балайды»¹²⁵. Періштелерді қызтекелікпен сипаттаса - дінсіз болады. Ұрғашылықпен сипаттау – дінсіз болғанда, қызтекелікпен сипаттау тіпті күнә, өйткені қызтекелік – кемістік.

¹²³ Әнбия сүресі, 20-аят.

¹²⁴ Тахрим сүресі, 6-аят.

¹²⁵ Зухрұф сүресі, 19-аят.

Періштелердің бар екендігі Құран және сүннет, ижмағпен пысықталған. Оларға иман келтіру – уәжиб, ал мойындамаған адам – діндегі белгілі болған маңызды істі жоққа шығарғаны үшін имансыз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿آمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنْزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ بِاللَّهِ

وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ﴾

«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүминдер де барлығы: Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді»¹²⁶.

Пайғамбарымыз (оган Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Иман дегеніміз - Аллаһқа және Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне иман келтіру» - деді. Аллаһтың періштелерінің саны Аллаһқа ғана аян деп жалпылай иман келтіру міндет болады. Және арнайы бір тұлға, түр ретінде белгілі болған періштелерге жекелей иман келтіру міндет болады. Олар мыналар: Жәбірейіл, Микайл, Исафил, Әзірейіл (Өлім періштесі), Ридуан (нығмет періштесі), Мәлик (тозақ періштесі), Мүңкәр, Нәкир (қабірде сұрақ алушы періште) бұлардың барлығына Аллаһтың сәлемі болсын.

Періштелердің тағы бір түрі – аршыны¹²⁷ көтеріп тұрушы періштелер, олар бұл дүниеде төртеу болса, ақыретте сегіз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿وَيَحْمِلُ عَرْشَ رَبِّكَ فَوْقَهُمْ يَوْمَئِذٍ ثَمَانِيَةٌ﴾

¹²⁶ Бакара сүресі, 286-аят.

¹²⁷ (Аллаһ жаратқан ең үлкен жаратылыс, хақиқатын Аллаһ қана біледі, бізге мәлімі жаралған дене)

«Сондай-ақ Раббының аршысын сегіз періште үстіне көтереді»¹²⁷.

Періштелердің тағы бірі – сақтаушы періштелер, олар пенделерді зияннан сақтау үшін жіберілген. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿لَهُ مُعَقَّبَاتٌ مِّنْ بَيْنِ يَدَيْهِ وَمِنْ خَلْفِهِ يَحْفَظُونَهُ مِّنْ أَمْرِ اللَّهِ﴾

«Әркімнің алды-артынан Аллаһтың әмірі бойынша, өкшелеп, қорғаушы (періштелер) бар»¹²⁸. Олар тіпті пенденің үйінде қонырау, ит, сурет болса да одан бір сәтке де ажырамайды, жуынғанда ажырамағаны сияқты үлкен дәретке кірсе де, жақындасқанда да ажырамайды. Ал қонырауы бар үйге періштелер кірмейді дегенде хадисте айтылғаны – мейірім періштелері. Сақтаушы, жазушы періштелер емес; бұлар болса, пендеден сөз, іс, сенім, жақсылық, жамандық көрінсе болды, соны сақтап, жазып отырушылар, тіпті пенденің «жедім, іштім, кеттім» деген сөзіне дейін. Бұл жайында Ибн Аббастың (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) мына аятқа берген тәпсірінде келген. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿إِنَّ عَلَيْكُمْ لَحَافِظِينَ كَرَامًا كَاتِبِينَ يَعْلَمُونَ مَا تَفْعَلُونَ﴾

«Негізінен, сендерге, әлбетте, бақылаушылар бар. Ардақты жазушылар. Олар не істегендеріңді біледі»¹²⁹.

Пендеден ажырамайтын тіпті қонырауы, иті, суреті бар үйде болса да періштелердің тағы бір түрі тек үш жағдайда ғана: жақындасқанда, жуынғанда (ғұсыл құйынып), үлкен дәретте болғанда ажырайды. Дұрысы,

¹²⁷ Хаққа сүресі, 17-аят.

¹²⁸ Рағыд сүресі, 11-аят.

¹²⁹ Инфитар сүресі, 10,11,12-аяттар.

ол екі періштенің бірі жақсылық жазушы, екіншісі – жамандық жазушы, ал жақсылық жазушы періште жамандық жазушы періштеге жауапты. Егер жақсылық істелсе, жақсылық жазушы періште дереу жазады да, ал егер жамандық істелсе, жамандықты жазушы періште жақсылық жазушы періштеден «жазайын ба?» деп сұрайды, жақсылық жазушы періште оған: «жоқ, жазбай тұра тұр, мүмкін, кешірім сұрар немесе тәубе қылар» - деп айтады. Егер кешірім сұрамай, алты сағат өткен болса, жақсылық жазушы періште жамандық жазушы періштеге «жазып қой, Аллаһ бізді одан жеңілдетіп қойсын» деп айтады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿مَا يَلْفِظُ مِنْ قَوْلٍ إِلَّا لَدَيْهِ رَقِيبٌ عَتِيدٌ﴾

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын»¹³⁰. Бұл аяттағы «рақиб» - бақылаушы сөзінің мағынасы – сақтаушы, ал «гатиид» сөзінің мағынасы – дайын; бұл екі (рақиб, гатиид) сипаты – жазушы періштелерінен болған әрбір періштенің сипаттары. Бірақ «рақиб» сөзі періштенің есімі емес, ал «гатиид» сөзі – басқа бір періштенің есімі.

Жын

الجن

10) Жын және олардың бар болуының дәлелі, әрі оларға иман келтірудің үкімі:

Жындар оттан жаратылған, жұмсақ денеден тұрады, әртүлі жақсы, жаман кейіптерге ене алады, сондықтан оларға бейне бере аламыз. Олардың әр түрлі

¹³⁰ Қаф сүресі, 18-аят.

таңғажайып, қиын істерді істей алатын қуатты күші бар. Олар жаратылғаннан бері дін үкімдеріне жауапты және оларға да Пайғамбарымыз Мұхаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғабар етіп жіберілді. Олардың мүминдері, дінсіздері, бой ұсынушылары, күнәһарлары бар, ішеді, жейді, үйленеді, ұрпақ сүйеді, сондай-ақ олардың жемейтіні, ішпейтіні де бар. Жындардың бар екендігі Құран және сүннет, ижмағпен пысықталған. Олардың барлығына иман келтіру – уәжиб, ал мойындамаған адам – діндегі белгілі болған манызды істі жоққа шығарғандығы үшін имансыз болады. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿قُلْ أُوْحِي إِلَيَّ أَنَّهُ اسْتَمَعَ نَفَرٌ مِّنَ الْجِنِّ فَقَالُوا إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا عَجَبًا يَهْدِي إِلَى الرُّشْدِ فَآمَنَّا بِهِ وَلَنْ نُشْرِكَ بِرَبِّنَا أَحَدًا﴾

«Айт оларға: «Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маған уахи етілді», де. Сонда жындар: «Шынында, бір ғажайып Құран тыңдадық», - деді. «Құран, бізді тура жолға салады. Енді соған иман келтірдік. Раббымызға ешбіреуді ортақ қоспаймыз»¹³¹. Және бір аятта:

﴿يَا مَعْشَرَ الْجِنِّ وَالْإِنْسِ أَلَمْ يَأْتِكُمْ رُسُلٌ مِّنكُمْ يَقُصُّونَ عَلَيْكُمُ آيَاتِي وَيُنذِرُونَكُمْ لِقَاءَ يَوْمِكُمْ هَذَا﴾

«Әй, жын мен адамдар тобы! Сендерге іштеріңнен аяттарымды баян етіп, бұл күнге кездесулеріңді ескеретін елшілер келмеді ме?, - делінеді»¹³². Аллаһ Тағала Құранда:

¹³¹ Жын сүресі, 1,2-аяттар.

¹³² Өнғам сүресі, 130-аят.

﴿وَأَنَّهُ كَانَ رِجَالٌ مِّنَ الْإِنْسِ يَعُوذُونَ بِرِجَالٍ مِّنَ الْجِنِّ فَزَادُوهُمْ رَهَقًا﴾

«Шынында, адамдардан кейбір ерлер жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді де, сөйтіп олар, жындардың менменсуін арттыратын еді»¹³³. Және бір аятта:

﴿يَا مَعْشَرَ الْجِنِّ وَالْإِنْسِ إِنِ اسْتَطَعْتُمْ أَن تَنفُذُوا مِنْ أَقْطَارِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ فَانفُذُوا لَا تَنفُذُونَ إِلَّا بِسُلْطَانٍ﴾

«Әй, жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге шамаларың келсе, өтіңдер. Өте алмайсыңдар! Бірақ бір қуатпен өте аласыңдар»¹³⁴. Тағы бір аятта:


﴿وَإِذْ صَرَفْنَا إِلَيْكَ نَفَرًا مِّنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْآنَ فَلَمَّا حَضَرُوهُ قَالُوا أَنصِتُوا فَلَمَّا قُضِيَ وَلَّوْا إِلَى قَوْمِهِمْ مُنْذِرِينَ قَالُوا يَا قَوْمَنَا إِنَّا سَمِعْنَا كِتَابًا أُنْزِلَ مِنْ بَعْدِ مُوسَى مُصَدِّقًا لِّمَا بَيْنَ يَدَيْهِ يَهْدِي إِلَى الْحَقِّ وَإِلَى طَرِيقٍ مُّسْتَقِيمٍ يَا قَوْمَنَا أَجِيبُوا دَاعِيَ اللَّهِ وَآمِنُوا بِهِ يَغْفِرَ لَكُمْ مِّنْ ذُنُوبِكُمْ وَيُجِرْكُمْ مِنْ عَذَابٍ أَلِيمٍ﴾

¹³³ Жын сүресі, 6-аят.

¹³⁴ Рахман сүресі, 33-аят.

«Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте: «Үндемеңдер! десті. Сонда оқылуы біткен кезде, елдеріне ескертуші болып қайтты. Олар: «Әй, еліміз! Шын мәнінде біз Мұсадан кейін түсірілген алдыңғыны растаушы, сондай-ақ шындыққа және тура жолға салатын бір Кітап тыңдадық» деді. Әй, халқымыз! Аллаһтың шақырушысын қабылдаңдар. Күнәларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды»¹³⁵.

¹³⁵ Ахқаф сүресі, 29,30-аяттар.



ТАХАУИ АҚИДАСЫ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейірімді, рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

هَذَا مَا رَوَاهُ الْإِمَامُ أَبُو جَعْفَرٍ الطَّحَاوِيُّ فِي ذِكْرِ بَيَانِ اعْتِقَادِ أَهْلِ السُّنَّةِ وَالْجَمَاعَةِ عَلَى مَذْهَبِ فُقَهَاءِ الْمِلَّةِ أَبِي حَنِيفَةَ النُّعْمَانَ بْنِ ثَابِتِ الْكُوفِيِّ وَأَبِي يُوسُفَ يَعْقُوبَ بْنِ إِبْرَاهِيمَ الْأَنْصَارِيِّ وَأَبِي عَبْدِ اللَّهِ مُحَمَّدَ بْنَ الْحَسَنِ الشَّيْبَانِيَّ رِضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ وَمَا يَعْتَقِدُونَ مِنْ أُصُولِ الدِّينِ وَيَدِينُونَ بِهِ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ.

Ислам дәлелі аталған ұлы ғалым Имам Әбу Жағфар Өт-Тахауий (Аллаһ ол кісіні рақымына бөлесін) былай деді: «Бұл шығарма әһли сүннәһ¹³⁶ уәл жамағат¹³⁷

¹³⁶ (السنة) сүннәһ (сүннет) — жол деген мағына береді, діни мағынасы - Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын) салып, қалыптастырып кеткен жол.

¹³⁷ (الجماعة) жамағат - Мұхаммед (оған Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын) пайғамбарымыздың жолын ұстанушылар.

ақидасын (сенімін) ұстанған, осы діндегі шариғат мәзһабының ғалымдары Әбу Ханифа Ән-Нұғман ибн Әс-Сәбит Әл-Куфи және Әбу Юсуф Яғқұб ибн Ибраһим Әл-Ансарий және Әбу Абдұллаһ Мұхаммед ибн Әл-Хасан Әш-Шәйбаний (оларға Аллаһ разы болсын) ұстанымдары және олардың дін негіздеріндегі сенімдері бойынша әлемдердің Раббысына иман келтірулері хақында баяндайды».

قَالَ الْإِمَامُ — وَ بِهِ قَالَ الْإِمَامَانِ الْمَذْكُرَانِ رَحِمَهُمَا اللَّهُ تَعَالَى: نَقُولُ فِي تَوْحِيدِ اللَّهِ مُعْتَقِدِينَ بِتَوْفِيقِ اللَّهِ تَعَالَى: إِنَّ اللَّهَ وَاحِدٌ لَا شَرِيكَ لَهُ وَلَا شَيْءٌ مِثْلُهُ وَلَا شَيْءٌ يُعْجِزُهُ وَلَا إِلَهَ غَيْرُهُ.

1- Имам Әбу Ханифа және екі Имам Әбу Юсуф, Әбу Абдұллаһ Мухаммад (Аллаһ ол екеуіне рахым етсін) айтты: Біз сенімді түрде Аллаһқа иман келтіріп, Аллаһтың бірлігі жайлы былай дейміз: Ол жалғыз, серігі жоқ, Оған ұқсаған еш нәрсе жоқ, Оны әлсірететін еш нәрсе жоқ¹³⁸, Одан өзге тәңір жоқ.

قَدِيمٌ بَلَا أِبْدَاءَ دَائِمٌ بَلَا انْتِهَاءَ ، لَا يَفْنَى وَلَا يَبِيدُ ، وَلَا يَكُونُ إِلَّا مَا يُرِيدُ .

2- Ежелден бар, басталуы жоқ, Мәңгі, аяқталмайды, Ол ешқашан өлмейді және тіршілігі бітпейді, әрқашан Оның қалағаны ғана болады.

¹³⁸ Одан үстем зат жоқ.

لَا تُبْلَغُهُ الْأَوْهَامُ وَلَا تُدْرِكُهُ الْأَفْهَامُ وَلَا تُشَبِّهُهُ الْأَنَامُ .

3- Ешбір ой, қиял арқылы Оны (қандай екенін) көз алдымызға елестете алмаймыз және ешбір жағдайда Оны (қандай екенін) толық түсініп, түйсіне алмаймыз, ешбір жаратылыс Оған ұқсамайды.

حَيِّ لَا يَمُوتُ ، قَيُّوْمٌ لَا يَنَامُ ، خَالِقٌ بِلَا حَاجَةٍ ، رَازِقٌ لَهُمْ بِلَا مُؤْنَةٍ ، مُمِيتٌ بِلَا مَخَافَةٍ ، بَاعِثٌ بِلَا مَشَقَّةٍ .

4- Ол тірі - еш қашан өлмейді әрі өздігінен тұрушы – ұйықтамайды. Ол – Жаратушы, Өзі жаратқан нәрселеріне мұқтаж емес, оларға еш қиындықсыз ризық беруші, Ол (жаратқан нәрселеріне) өлім жібергенде қауіптенбейді және (оларды) тірілкенде (жаңадан жаратқанда) еш қиналмайды.

مَا زَالَ بِصِفَاتِهِ قَدِيمًا قَبْلَ خَلْقِهِ ، لَمْ يَزِدْ بِكَوْنِهِمْ شَيْئًا لَمْ يَكُنْ قَبْلَهُمْ مِنْ صِفَاتِهِ ، وَكَمَّا كَانَ بِصِفَاتِهِ أَزَلِيًّا كَذَلِكَ لَا يَزَالُ عَلَيْهَا أَبَدِيًّا .

5- Оның сипаттары жаратылған нәрселерді жаратудан бұрын, ежелден бар. Мақлұқтардың (жаратылған жанды-жансыз нәрселердің барлығы) пайда болуымен бірге Оның сипаттарына бұрын-соңды болмаған сипаттар қосылмады. Оның сипаттары ежелден бар еді, мәңгі-бақи солай қала береді.

لَيْسَ مِنْذُ خَلْقِ الْخَلْقِ اسْتِفَادَ اسْمَ الْخَالِقِ ، وَلَا يَأْخُذَاهُ الْبَرِيَّةُ

اسْتَفَادَ اسْمَ الْبَارِي ، لَهُ مَعْنَى الرُّبُوبِيَّةِ وَلَا مَرْبُوبَ ، وَمَعْنَى الْخَالِقِيَّةِ وَلَا مَخْلُوقَ ، وَكَمَّا أَنَّهُ مُحْيِي الْمَوْتَى بَعْدَمَا أَحْيَاهُمْ اسْتَحَقَّ هَذَا الْإِسْمَ قَبْلَ إِحْيَائِهِمْ ، كَذَلِكَ اسْتَحَقَّ اسْمَ الْخَالِقِ قَبْلَ إِنْشَائِهِمْ ، ذَلِكَ بِأَنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ وَكُلُّ شَيْءٍ إِلَيْهِ فَقِيرٌ ، وَكُلُّ أَمْرٍ عَلَيْهِ يَسِيرٌ ، لَا يَحْتَاجُ إِلَى شَيْءٍ : ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

6- Ол мақлұқтарды жаратқаннан кейін, содан бері ғана Жаратушы болған жоқ, Ол оларды жоқтан бар етуден бұрын да Бар қылушы еді, Ол ежелден Раббы еді, тіпті, жаратылған нәрселер болмай тұрып-ақ Ол ежелден Жаратушы еді, Ол Өзі жаратқан мақлұқтарына әуелгі, бірінші мәрте тіршілік сыйлаған соң, оларды екінші рет тірілтпестен бұрын-ақ «Өлілерді Тірілтуші» деп аталуға лайық болғанындай, жаратылған нәрселерді жаратпай тұрып-ақ «Жаратушы» есіміне лайық еді. Өйткені, Оның әр нәрсеге күші жетеді (Ол қалағанын істеуге құдіретті), барлық (жанды-жансыз) нәрсе Оған мұқтаж. Ол үшін бәрі оңай және Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. «Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ол Аллаһ, әр нәрсені естуші, (бар дүниені) толық көруші»¹³⁹.

خَلَقَ الْخَلْقَ يَعْلَمُهُ وَ قَدَّرَ لَهُمْ أَقْدَارًا وَ ضَرَبَ لَهُمْ أَجَالًا ،

¹³⁹ «Шура» сүресі, 11-аят.

وَلَمْ يَخَفْ عَلَيْهِ شَيْءٌ مِنْ أَعْمَالِهِمْ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَهُمْ ، وَعَلِمَ مَا هُمْ عَامِلُونَ قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَهُمْ ، وَأَمَرَهُمْ بِطَاعَتِهِ وَنَهَاَهُمْ عَنْ مَعْصِيَتِهِ ، وَكُلَّ شَيْءٍ يَجْرِي بِقُدْرَتِهِ وَمَشِيئَتِهِ ، وَمَشِيئَتُهُ تَنْفُذُ وَلَا مَشِيئَةَ لِلْعِبَادِ إِلَّا مَا شَاءَ لَهُمْ ، فَمَا شَاءَ لَهُمْ كَانَ وَمَا لَمْ يَشَأْ لَمْ يَكُنْ.

7- Ол барша жаратылысты Өз ілімімен жаратты, әрі олардың әрқайсысының тағдырын жазды (*шешіп қойды*), Олардың мерзімдерін (*ғұмырларын*) белгіледі, бұл мақлұқтарды жаратпастан бұрын-ақ Аллаһқа олардың (болашақта жүзеге асыратын) күллі іс-амалдары құпия емес-тін, Ол бұлардың жаралғаннан кейін не істейтінін де білді, Аллаһ оларға (Өзіне) бойұсынды бұйырып, қарсы шығуға тыйым салды, бәрі де Оның шешімі (тағдыры) әрі қалауымен болады. Және Оның қалауы (толық) орындалады. Ал адамдардың қалауы тек Аллаһтың (оларға) қалауымен ғана жүзеге асады. Ол пенделеріне не қаласа сол болады, қаламағаны болмайды.

يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ ، وَيَعْصِمُ وَيُعَافِي فَضْلًا ، وَيُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ وَيُخْذِلُ وَيَتَّبِلِي عَدْلًا ، وَهُوَ مُتَعَالٍ عَنِ الْأَضْدَادِ وَالْأَنْدَادِ ، لَا رَادَّ لِقَضَائِهِ وَلَا مُعَقِّبَ لِحُكْمِهِ وَلَا غَالِبَ لِأَمْرِهِ ، آمَنَّا بِذَلِكَ كُلِّهِ ، وَآمَنَّا أَنْ كَلَامًا مِنْ عِنْدِهِ.

8- Ол қалағанын тура жолға салады әрі оларды Өз Кеңшілігімен жамандықтардан сақтап, қорғайды. Қалағанын адастырады және оларды Әділдігімен сынап, жәрдемсіз қалдырады, Ол – қарсыласы немесе теңдесі болуынан пәк, Еш нәрсе Оның жазғанын (*тағдырын*), Өмірін кері қайтара әрі шешімінен асып кете алмайды, Біз осының бәріне иман келтіреміз және де бұл істер Аллаһтан екеніне анық сенеміз.

وَإِنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ الْمُصْطَفَى وَنَبِيُّهُ الْمُجْتَبَى وَرَسُولُهُ الْمُرْتَضَى، خَاتَمُ الْأَنْبِيَاءِ وَإِمَامُ الْأَتْقِيَاءِ وَسَيِّدُ الْمُرْسَلِينَ وَحَبِيبُ رَبِّ الْعَالَمِينَ، وَكُلُّ دَعْوَةٍ تُبَوِّءُ بَعْدَهُ فُجْيٌ وَهَوًى، وَهُوَ الْمَبْعُوثُ إِلَى عَامَّةِ الْجَنِّ وَكَافَّةِ الْوَرَى، الْمَبْعُوثُ بِالْحَقِّ وَالْهُدَى.

9- Біз, Мұхаммед (*оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын*) Аллаһтың таңдаулы құлы әрі тағайындаған пайғамбары және оған разы болған елшісі дейміз. Сондай-ақ ол пайғамбарлардың ең соңғысы, тақуалардың имамы, елшілердің мырзасы әрі әлемдердің Раббысының сүйіктісі дейміз. Одан кейінгі пайғамбармыз деушілердің барлығы жалған әрі алдаушылар, Ол барлық жындар мен адамзатқа жарқын жол көрсету үшін жіберілді.

وَإِنَّ الْقُرْآنَ كَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى بَدَأَ بِلَا كَيْفِيَّةٍ قَوْلًا وَأَنْزَلَهُ عَلَى نَبِيِّهِ وَحْيًا وَصَدَقَهُ الْمُؤْمِنُونَ عَلَى ذَلِكَ حَقًّا ، وَأَيُّقُنُوا أَنَّهُ كَلَامُ اللَّهِ

أَبْصَرَ عَتَبَرًا، وَ عَنْ مِثْلِ قَوْلِ الْكُفَّارِ انْزَجَرَ، وَعَلِمَ أَنَّ اللَّهَ تَعَالَى بِصِفَاتِهِ لَيْسَ كَالْبَشَرِ.

11- Кімде-кім Аллаһты пендеге тән бір қасиетпен сипаттаса, дінсізге айналады. Мұны түсінгендердің барлығы аузына абай болып, дінсіздердің сөздерін айтудан сақтанады. Және олар шынында да Аллаһтың сипаттары адамдардыкіндей емес екенін біледі.

وَالرُّؤْيَةُ حَقٌّ لِأَهْلِ الْجَنَّةِ بغيرِ إِحَاطَةٍ وَلَا كَيْفِيَّةٍ كَمَا نَطَقَ بِهِ كِتَابُ رَبِّنَا حَيْثُ قَالَ: ﴿وَجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَاضِرَةٌ إِلَىٰ رَبِّهَا نَاطِرَةٌ﴾ وَتَفْسِيرُهُ عَلَىٰ مَا أَرَادَهُ اللَّهُ تَعَالَى وَعَلِمَهُ، وَكُلُّ مَا جَاءَ فِي ذَلِكَ مِنَ الْحَدِيثِ الصَّحِيحِ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَنْ أَصْحَابِهِ رِضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ فَهُوَ كَمَا قَالَ، وَمَعْنَاهُ تَفْسِيرُهُ عَلَىٰ مَا أَرَادَ، لَا نَدْخُلُ فِي ذَلِكَ مُتَأَوِّلِينَ بِأَرَائِنَا وَلَا مُتَوَهِّمِينَ بِأَهْوَائِنَا، فَإِنَّهُ مَا سَلَّمَ فِي دِينِهِ إِلَّا مَنْ سَلَّمَ لِلَّهِ تَعَالَى وَلِرَسُولِهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَرَدَّ عِلْمَ مَا اشْتَبَهَ عَلَيْهِ إِلَىٰ عَالِمِهِ.

12- Жәннәт иелерінің Аллаһты көретіні хақ, бірақ олардың көрулері (толыққанды) қамтусыз әрі ке-

تَعَالَى بِالْحَقِيقَةِ، لَيْسَ بِمَخْلُوقٍ كَكَلَامِ الْبَرِيَّةِ. فَمَنْ سَمِعَهُ فَرَعَمَ أَنَّهُ كَلَامُ الْبَشَرِ فَقَدْ كَفَرَ، وَقَدْ ذَمَّهُ اللَّهُ وَعَابَهُ وَأَوْعَدَهُ عَذَابُهُ حَيْثُ قَالَ تَعَالَى: ﴿سَأُصْلِيهِ سَقَرَ﴾ فَلَمَّا أَوْعَدَ اللَّهُ سَقَرَ لِمَنْ قَالَ: ﴿إِنْ هَذَا إِلَّا قَوْلُ الْبَشَرِ﴾ عَلِمْنَا أَنَّهُ قَوْلُ خَالِقِ الْبَشَرِ وَلَا يُشَبِّهُ قَوْلَ الْبَشَرِ.

10 - Құран – Аллаһтың сөзі. Ешбір түр-тұлғасыз, сөз қалпында басталған. Ол оны Елшісіне (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) уаһи етіп түсірді. Мүминдер оны хақ деп растады және Құранның Аллаһтың ақиқи сөзі екеніне сенді. Ол пенделердің сөздері сияқты жаратылған сипатта емес және кімде-кім оны естіп, бұл адамның сөзі десе, ол дінсізге айналады. Аллаһ ондай құлына ескерту жасап, сөгіп, оған азап дайындап, былай дейді: «Оны лаулап жанған тозаққа тастаймын»¹⁴⁰,

Аллаһ «Бұл адамның ғана сөзі»¹⁴¹ - деушілерге азап дайындады. Ал, біз оның пенделерді Жаратушының сөзі екеніне анық көзіміз жетіп, толық мойындаймыз және ол адамзаттың сөзіне мүлдем ұқсамайтынын мойындаймыз.

وَمَنْ وَصَفَ اللَّهُ تَعَالَى بِمَعْنَى مَنْ مَعَانِي الْبَشَرِ فَقَدْ كَفَرَ، مَنْ

¹⁴⁰ «Мүддәсир» сүресі, 26-аят.

¹⁴¹ «Мүддәсир» сүресі, 25-аят.

йіпсіз жүзеге асады, Раббымыз Кітабында айтқандай: «Қиямет күні, кейбір жүздер жарқылдап Раббыңа қарайды»¹⁴². Бұл жайтты Аллаһтың ілімімен әрі қалауымен түсіндіруге болады деп білеміз және осыған орай ол Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) және оның сахабаларынан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткен сахих хадистерге сай жүзеге асады. Ал мұның түсіндірмесі мен мағынасына терең бойламаймыз, оны өзімізше түсіндірмейміз және бұған байланысты ойымызға ерік бермейміз. Өзін Аллаһ Тағалаға және Оның ең мақтаулы Елшісіне толық тапсырмағанша және анық емес нәрсені білетіндерден сұрамағанша ешкім өз дінінде, аман қала алмайды.

وَلَا يَثْبُتُ قَدَمُ الْإِسْلَامِ إِلَّا عَلَى ظَهْرِ التَّسْلِيمِ وَالِاسْتِسْلَامِ،
مَنْ رَامَ عِلْمَ مَا حُظِرَ عَلَيْهِ وَلَمْ يَقْنَعِ بِالتَّسْلِيمِ فَهَمُّهُ حَاجِبُهُ
مَرَامُهُ عَنِ خَالِصِ التَّوْحِيدِ وَصَافِي الْمَعْرِفَةِ وَصَحِيحِ الْإِيمَانِ،
فَيَتَذَبَذُّ بَيْنَ الْكُفْرِ وَالْإِيمَانِ وَالتَّصَدِيقِ وَالتَّكْذِيبِ، وَالْإِقْرَارِ
وَالْإِنْكَارِ، مُوسِسًا تَائِهًا زَائِعًا شَاكًّا، لَا مُؤْمِنًا مُصَدِّقًا وَلَا
جَاهِدًا مُكَذِّبًا.

13- Пенденің Исламы бағыну мен бойұсынуға негізделсе мықты болады. Кімде-кім (дін)тануда өз шамасынан тыс ілімге ұмтылса, бойұсынуға разылық

¹⁴² «Қиямет» сүресі, 22,23-аяттар.

білдірмесе, Аллаһтың бірлігін ақиқи түсінуден, таза ілімнен және дұрыс иманнан махрұм қалады да, сөйтіп, күпірлік пен иманның куәлік ету мен мойындамаудың, қабылдау мен бас тартудың арасында жанталасып (күмәнданып), уәсуәсаға (азғыруға), адасу мен күмәнға түсіп, не (дінді) шынайы қабылдаушы мүмин, не бас тартушы өтірікші де емес, екі ортада жүреді.

وَلَا يَصِحُّ الْإِيمَانُ بِالرُّؤْيَةِ لِأَهْلِ دَارِ السَّلَامِ لِمَنْ اعْتَبَرَهَا مِنْهُمْ
بِهِمْ أَوْ تَأَوَّلَهَا بِفَهْمٍ إِذَا كَانَ تَأْوِيلُ الرُّؤْيَةِ وَتَأْوِيلُ كُلِّ مَعْنَى
يُضَافُ إِلَى الرُّبُوبِيَّةِ تَرَكَ التَّأْوِيلَ وَلِزُومِ التَّسْلِيمِ وَ عَلَيْهِ دِينَ
الْمُرْسَلِينَ وَ شَرَائِعِ النَّبِيِّينَ.

14- Пенденің жәннаттықтардың Аллаһты көретіндігі жайлы иманы (сенімі) дұрыс болмайды, мәселен, пенде оны бір нәрсеге ұқсатып, бейнелеу арқылы немесе өз ұғымы бойынша түсіндірсе. Себебі, бұлай көрудің немесе Аллаһ Тағаланың Раббылығына қатысты әрбір мән-мағыналардың түсініктемесіне бойұрмай толық мойынсұну – Елшілердің діні және Пайғамбарлардың шарияты.

وَمَنْ لَمْ يَتَوَقَّ النَّفْيَ وَالتَّشْبِيهَ زَلَّ وَلَمْ يُصِبِ التَّنْزِيهَ ، فَإِنَّ
رَبَّنَا جَلَّ وَعَلَا مَوْصُوفٌ بِصِفَاتِ الْوَحْدَانِيَّةِ مَنْعُوتٌ بِمَنْعُوتِ
الْفَرْدَانِيَّةِ لَيْسَ فِي بَعْضِهِ أَحَدٌ مِنَ الْبَرِيَّةِ ، وَتَعَالَى اللَّهُ عَنِ

الْحُدُودِ وَالْغَايَاتِ وَالْأَرْكَانِ وَالْأَدَوَاتِ ، لَا تَحْوِيهِ الْجِهَاتُ
السَّتُ كَسَائِرِ الْمُبْتَدَعَاتِ .

15- Аллаһ Тағаланың сипаттарын жоққа шығарудан немесе Аллаһ Тағаланы бір нәрсеге ұқсатудан сақтанбаған әрбір жан тура жолдан адасып, Аллаһтың даңқын түсіне алмағаны, себебі, біздің Раббымыз тек қана жалғыздық және мінсіз бірлік сипаттарымен сипатталады, Оған ешбір жаратылған нәрсе ұқсамайды. Аллаһ Тағала шектелуден шекаралардан, бөлшектерден, мүшелерден пәк. Оны мақұлықтарды қоршағандай алты тарап қоршамайды.

وَالْمِعْرَاجِ حَقٌّ، وَقَدْ أُسْرِيَ بِالنَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعُرِجَ
بِشَخْصِهِ فِي الْيَقَظَةِ إِلَى السَّمَاءِ ثُمَّ إِلَى حَيْثُ شَاءَ اللَّهُ تَعَالَى
مِنَ الْعَالَمِ، وَأَكْرَمَهُ اللَّهُ تَعَالَى بِمَا شَاءَ ﴿فَأَوْحَى إِلَى عَبْدِهِ مَا
أَوْحَى﴾.

16- Әл-Миғраж (Көкке көтерілу) – хақ. Осы түні Пайғамбарымыз (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) исра жасады және ояу күйінде денесімен көкке көтерілді, кейін Аллаһ қалаған биіктікке көтерілді. Аллаһ оны қалағанынша құрметтеді. «Сонда Аллаһ, құлына уахи ететін нәрселерін көкейіне салды»¹⁴³.

¹⁴³ «Нажім» сүресі, 10-аят.

وَالْحَوْضُ الَّذِي أَكْرَمَهُ اللَّهُ تَعَالَى بِهِ غِيَاثًا لِأُمَّتِهِ حَقٌّ ،
وَالشَّفَاعَةُ الَّتِي ادَّخَرَهَا اللَّهُ لَهُمْ كَمَا رُوي فِي الْأَخْبَارِ ،
وَالْمِيثَاقُ الَّذِي أَخَذَهُ اللَّهُ تَعَالَى مِنْ آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَذُرِّيَّتِهِ
حَقٌّ.

17- Әл-Хауд (көл) Аллаһ Қиямет күні Пайғамбарына (Оған Аллаһ сәлемі мен игілігі болсын) құрмет белгісі ретінде, үмметінің шөлін қандыруға беретін көл – хақ. Әрі Шапағат (қамқорлық) жайлы хабарда айтылатындай, Аллаһ Қиямет Күніне сақтап қойған, мұсылмандарға арналған қамқорлық – хақ. Және Әл-Мисақ (келісім) (Аллаһ Адам ата мен оның ұрпақтарынан алған келісім) - хақ.

وَقَدْ عَلِمَ اللَّهُ تَعَالَى فِيمَا لَمْ يَزَلْ عَدَدَ مَنْ يَدْخُلُ الْجَنَّةَ وَ يَدْخُلُ
النَّارَ جُمْلَةً وَاحِدَةً ، لَا يَزَادُ فِي ذَلِكَ الْعَدَدِ وَلَا يُنْقُصُ مِنْهُ ،
وَكَذَلِكَ أَفْعَالُهُمْ فِيمَا عَلِمَ مِنْهُمْ أَنَّهُمْ يَفْعَلُونَهُ ، وَ كُلُّ مُيَسَّرٍ
لِمَا خُلِقَ لَهُ.

18- Аллаһ Тағала ежелден жәннәтқа нақты қанша адамның, тозаққа нақты қанша кісінің кіретінін білді. Осы сан көбеймейді де, азаймайды. Және де олардың жүзеге асыратын істерін де білді. Әрқайсы не үшін жаратылса, соны орындайды.

وَالْأَعْمَالُ بِالْخَوَاتِمِ، وَالسَّعِيدُ مَنْ سَعَدَ بِقَضَاءِ اللَّهِ تَعَالَى
وَالشَّقِيُّ مَنْ شَقِيَ بِقَضَاءِ اللَّهِ تَعَالَى.

19- Істер аяқталған соң ғана есепке алынады. Кім бақытқа қол жеткізсе, Аллаһтың шешімімен (қазылығымен) бақытты, кім бақытсыздыққа ұшыраса, ол да Аллаһтың шешімімен бақытсыз болады.

وَأَصْلُ الْقَدْرِ سِرُّ اللَّهِ تَعَالَى فِي خَلْقِهِ، لَمْ يَطَّلِعْ عَلَى ذَلِكَ
مَلَكٌ مُقَرَّبٌ وَلَا نَبِيٌّ مُرْسَلٌ، وَالتَّعَمُّقُ وَالنَّظَرُ فِي ذَلِكَ ذَرِيعَةُ
الْخُذْلَانِ وَسَلْمُ الْحَرَمَانِ وَدَرَجَةُ الطُّغْيَانِ، فَالْحَذَرُ كُلُّ
الْحَذَرِ مِنْ ذَلِكَ نَظَرًا أَوْ فِكْرًا أَوْ وَسْوَسَةً، فَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى طَوَى
عِلْمَ الْقَدْرِ عَنْ أَنْامِهِ وَنَهَاهُمْ عَنْ مَرَامِهِ كَمَا قَالَ تَعَالَى فِي
كِتَابِهِ: ﴿لَا يُسْأَلُ عَمَّا يَفْعَلُ وَهُمْ يُسْأَلُونَ﴾ فَمَنْ سَأَلَ: لِمَ
فَعَلَ؟ فَقَدْ رَدَّ حُكْمَ كِتَابِ اللَّهِ، وَمَنْ رَدَّ حُكْمَ كِتَابِ اللَّهِ
تَعَالَى كَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ.

20- Тағдыр – Аллаһтың құпиясы, ол жайлы жаратылған мақлұқтардың ешқайсысы білмейді, періштелердің ешқайсысында әрі елшілік міндеті жүктелген ешбір Елшіде де бұл мәселеге байланысты ілім жоқ. Бұған тереңдей бойлау және осы төңіректе тым көп

ойлану пендені сәтсіздікке, қиыншылыққа ұрындырады да, ақырсоңы бойұсынбаумен аяқталады. Сол себепті аталмыш тақырып жайында ойланудан әрі осыған орай туындайтын күмәндардан қатты сақтанған жөн. Себебі, Аллаһ Тағала ол туралы ілімді адамдардан жасырып, бұл бағытта ізденуді харам етті. Өз кітабында ашық ескертті: «Ол, істегендерінен сұралмайды, олар сұралады»¹⁴⁴. Сондықтан кім: «Аллаһ неге бұлай істеді?» - десе, ол Аллаһтың Кітабындағы шешімге қарсы шыққаны, ал кімде-кім Аллаһтың Кітабындағы шешімге қарсы келсе, имансыз болғаны.

فَهَذَا جُمْلَةٌ مَا يَحْتَاجُ إِلَيْهِ مَنْ هُوَ مُنَوَّرٌ قَلْبُهُ مِنْ أَوْلِيَاءِ اللَّهِ تَعَالَى،
وَهِيَ دَرَجَةُ الرَّاسِخِينَ فِي الْعِلْمِ؛ لِأَنَّ الْعِلْمَ عِلْمَانِ: عِلْمٌ فِي
الْخَلْقِ مَوْجُودٌ وَعِلْمٌ فِي الْخَلْقِ مَفْقُودٌ، فَإِنْكَارُ الْعِلْمِ الْمَوْجُودِ
كُفْرٌ، وَادِّعَاءُ الْعِلْمِ الْمَفْقُودِ كُفْرٌ، وَلَا يَصِحُّ الْإِيمَانُ إِلَّا بِقَبُولِ
الْعِلْمِ الْمَوْجُودِ وَتَرْكِ طَلَبِ الْعِلْمِ الْمَفْقُودِ.

21- Бұл жүректері нұрланған, Аллаһ Тағаланың достарынан салатын пенделер білуге тиіс нәрселердің қысқаша мазмұны, өйткені, олар ілімде озат болғандардың дәрежесінде. Себебі, ілімнің екі түрі бар: жаратылған мақлұқтар қол жеткізе алатын ілім және қол жеткізе алмайтын ілім. Пенде үшін белгілі ілімді мойындамау күпірлікке жатса, жасырын ілімге қол жеткізем деу де күпірлік. Иман анық, ашық ілімді мең-

¹⁴⁴ «Әнбия» сүресі, 23-аят.

герумен, сондай-ақ өзін құпия ілімнен аулақ ұстаумен ғана берік болады.

وَنُؤْمِنُ بِاللَّوْحِ وَالْقَلَمِ بِجَمِيعِ مَا فِيهِ قَدْ رُقِمَ ، فَلَوْ اجْتَمَعَ
الْخَلْقُ كُلُّهُمْ عَلَى شَيْءٍ كَتَبَهُ اللَّهُ تَعَالَى فِيهِ أَنَّهُ كَائِنٌ لِيَجْعَلُوهُ
غَيْرَ كَائِنٍ لَمْ يَقْدِرُوا عَلَيْهِ ، حَفَّ الْقَلَمُ بِمَا هُوَ كَائِنٌ إِلَى يَوْمِ
الْقِيَامَةِ.

22- Біз Әл-Ләухқа (тағдыр жазылған тақта) әрі Әл-Қаламға, ондағы жазылғанның бәріне иман келтіреміз. Егер барлық жаратылған нәрселер жиналып, Аллаһ Әл-Ләухта белгілеп қойған бір нәрсені болдырмаймыз десе, олардың қолынан түк келмес еді. Қалам құрғады. Қалам Қиямет Қайымға дейінгі жүзеге асатын жайттың бәрін жазып қойды.

وَمَا أَخْطَأَ الْعَبْدَ لَمْ يَكُنْ لِيُصِيبْهُ وَمَا أَصَابَهُ لَمْ يَكُنْ لِيُخْطِئَهُ ،
وَعَلَى الْعَبْدِ أَنْ يَعْلَمَ أَنَّ اللَّهَ قَدْ سَبَقَ عِلْمُهُ فِي كُلِّ شَيْءٍ كَائِنٍ
مِنْ خَلْقِهِ ، وَقَدَرَ ذَلِكَ بِمَشِيئَتِهِ تَقْدِيرًا مُحْكَمًا مُبْرَمًا ، لَيْسَ فِيهِ
نَاقِضٌ وَلَا مُعَقِّبٌ وَلَا مُزِيلٌ وَلَا مُغَيِّرٌ وَلَا مُحَوِّلٌ وَلَا زَائِدٌ وَلَا
نَاقِصٌ مِنْ خَلْقِهِ فِي سَمَاوَاتِهِ وَأَرْضِهِ ، وَذَلِكَ مِنْ عَقْدِ الْإِيمَانِ
وَأَصُولِ الْمَعْرِفَةِ وَالْاعْتِرَافِ بِتَوْحِيدِ اللَّهِ تَعَالَى وَرُبُوبِيَّتِهِ ، كَمَا

قَالَ تَعَالَى فِي كِتَابِهِ الْعَزِيزِ : ﴿ وَخَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ فَقَدَرَهُ تَقْدِيرًا ﴾ .
وَقَالَ تَعَالَى : ﴿ وَكَانَ أَمْرُ اللَّهِ قَدَرًا مَقْدُورًا ﴾ . فَوَيْلٌ لِمَنْ
صَارَ لَهُ اللَّهُ فِي الْقَدَرِ خَصِيمًا وَ أَحْضَرَ لِلنَّظَرِ فِيهِ قَلْبًا سَقِيمًا ،
لَقَدْ التَّمَسَّ بِوَهْمِهِ فِي مَحْضِ الْغَيْبِ سِرًّا كَتِيمًا وَعَادَ بِمَا قَالَ
فِيهِ أَفَّاكًا أَثِيمًا .

23- Адам тағдырында жазылмаған нәрсеге ешқашан жолықпайды және неге қол жеткізсе, одан ешқашан құр қалмайды. Құлға Аллаһ Тағаланың жаратқан нәрселерінің қандай жағдайға ұшырайтынын білетіндігін және тағдырларындағы ұсақ-түйек жайттарға дейін белгілеп қойғандығын, ал, Оның шешімі міндетті түрде жүзеге асатындығын білу міндет. Жер-көкте Аллаһ Тағаланың белгілеген тағдырына мойынсұнбай қандай да бір жолмен Оның осы ісіне қарсы келетін немесе оған бір нәрсе қосатын, немесе оны өшіретін, немесе оны өзгертетін, немесе оны азайтатын, немесе оны көбейтетін ешкім жоқ. Бұл діндегі әр пенде сенуге тиісті негізгі мәселелердің бірі әрі Аллаһтың мінсіздігі мен билігін білдіретін ілімнің ажырамас бөлігі. Аллаһ Өз кітабында былай дейді: «Сондай-ақ әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі»¹⁴⁵. Және бір аятта: «Аллаһтың әмірі тұжырымды бір үкім»¹⁴⁶. Аллаһтың үкіміне разы болмай, Онымен жауласқан және жүрегіндегі дертінің себебінен осы іске тереңдеп кіріскен

¹⁴⁵ «Фұрқан» сүресі, 2-аят.

¹⁴⁶ «Ахзаб» сүресі, 38-аят.

кісінің басына қайғы келсін. Ол өз елестеріне ілесіп, өзі ешқашан анықтай алмайтын нәрсеге ұмтылып, жалған сөйлеуші күнәһарға айналады.

وَالْعَرْشُ وَالْكُرْسِيُّ حَقٌّ ، وَهُوَ عَزَّ وَجَلَّ مُسْتَعْنٍ عَنِ الْعَرْشِ
وَمَا دُونَهُ ، مُحِيطٌ بِكُلِّ شَيْءٍ وَبِمَا فَوْقَهُ ، وَقَدْ أَعْجَزَ عَنِ
الْإِحَاطَةِ خَلْقَهُ.

24- Әл-Аршы да және Әл-Курси де – хақ. Ол Аршыға да, одан басқаға да мұқтаж емес. Ол барлығын ілімімен қамтиды және бәрінен Ұлық (бұл жерде «фәуқә» сөзі орынды, тарапты емес, ұлықтықты білдіреді), жаратылған нәрселер Оны қамти алмайды.

وَنَقُولُ: إِنَّ اللَّهَ اتَّخَذَ إِبْرَاهِيمَ خَلِيلًا وَكَلَّمَ مُوسَى تَكْلِيمًا إِمَامًا
وَتَصَدِّقًا وَتَسْلِيمًا.

25- Біз, Аллаһ Ибраһимді халил (дос) қылғанына, сол сияқты Мұсамен сөйлескеніне иман келтіреміз, осыған куәлік беріп, мұны толық мойындаймыз.

وَنُؤْمِنُ بِالْمَلَائِكَةِ وَالنَّبِيِّينَ وَالْكِتَابِ الْمُنَزَّلَةِ عَلَى الْمُرْسَلِينَ ،
وَنَشْهَدُ أَنَّهُمْ كَانُوا عَلَى الْحَقِّ الْمُبِينِ ، وَنُسَمِّي أَهْلَ قِبَلَتِنَا
مُسْلِمِينَ مُؤْمِنِينَ مَا دَامُوا بِمَا جَاءَ بِهِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ مُعْتَرِفِينَ وَلَهُ بِكُلِّ مَا قَالَ وَأَخْبَرَ مُصَدِّقِينَ

غَيْرَ مُكَذِّبِينَ.

26- Біз періштелерге, пайғамбарларға және елшілерге түскен Кітаптарға иман келтіреміз, олардың барлығы Хақ жолында болғанына куәлік етеміз. Сол секілді біз Қыбла иелерін (жүзін қыблаға бұрғандар), егер, олар Пайғамбарымызды (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) әрі ол алып келген нәрселерді мойындап, оның бізге айтып жеткізген хабарын растап, өтірікке шығармаса, «мұсылман», «мүмин» деп атаймыз.

وَلَا نَخُوضُ فِي اللَّهِ وَلَا نُمَارِي فِي دِينِ اللَّهِ تَعَالَى وَلَا نُجَادِلُ
فِي الْقُرْآنِ ، وَنَعْلَمُ أَنَّهُ كَلَامُ رَبِّ الْعَالَمِينَ نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ
الْأَمِينُ فَعَلَّمَهُ سَيِّدَ الْمُرْسَلِينَ مُحَمَّدًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ وَ
صَحْبِهِ أَجْمَعِينَ ، وَكَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى لَا يُسَاوِيهِ شَيْءٌ مِنْ كَلَامِ
الْمَخْلُوقِينَ ، وَلَا نَقُولُ بِخَلْقِ الْقُرْآنِ ، وَلَا نُخَالِفُ جَمَاعَةَ
الْمُسْلِمِينَ.

27- Біз Аллаһтың сипаттарына терең бойламаймыз, сондай-ақ Аллаһтың дініне еш күмән келтірмейміз әрі біз Құран хақында тартыспаймыз, себебі, оны Елшілердің мырзасы Мұхаммедке (Оған және оның отбасына, сахабаларына Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) Сенімді Рух (Жебірейіл) алып түсіп, үйреткенін, сондықтан оның әлемдердің Раббысының сөзі екенін білеміз. Бұл Аллаһтың сөзі және оған ешбір

жаратылған мақлұқтардың сөзі тең келмейді. Ендеше біз Құранды жаратылған демейміз және осы мәселеде Әһлүс-сүннәт нанымына қарсы шықпаймыз.

وَلَا نَقُولُ لَا يَضُرُّ مَعَ الْإِسْلَامِ ذَنْبٌ لِمَنْ عَمِلَهُ ، وَنَرْجُو
لِلْمُحْسِنِينَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَ لَا نَأْمَنُ عَلَيْهِمْ وَلَا نَشْهَدُ لَهُمْ
بِالْحَنَّةِ ، وَنَسْتَغْفِرُ لِمُسِيئِهِمْ وَنَخَافُ عَلَيْهِمْ وَلَا نَقْنَطُهُمْ.

28- Біз адам исламды ұстанса, күнәсі оған әсер етпейді демейміз, әрі жақсылық істеуші мұминдерге Аллаһтың рақымын тілейміз, бірақ, біз жағдай дәл осылай болады, олар жұмаққа кіреді деп сенім арта, куәлік те бере алмаймыз. Біз имандылар қатарындағы күнәһар пенделердің (насықтардың) күнәларының кешірілуін тілейміз, олар үшін қорқамыз, олардан (түзелуінен) үмітімізді үзбейміз.

وَالْأَمْنُ وَالْإِيَّاسُ يَنْقِلَانِ عَنِ الْمَلَّةِ ، وَسَبِيلُ الْحَقِّ بَيْنَهُمَا لِأَهْلِ
الْقِبْلَةِ ، وَلَا يَخْرُجُ الْعَبْدُ مِنَ الْإِيمَانِ إِلَّا بِجُحُودٍ مَا أَدْخَلَهُ فِيهِ.

29- Сенімділік және үмітсіздік адамды үмметтен шығарады, ал Қыбла иелері үшін ақиқат жолы осы екеуінің арасында (мысалы, пенде Аллаһтың рақымына қалай үміт етсе, есеп алатынынан да дәл солай қорқып, осы төңіректе өзіне-өзі есеп беруі тиіс). Адам өзін осы дінге кіргізген нәрседен бас тартқанынша діннен шықпайды.

وَالْإِيمَانُ هُوَ الْإِقْرَارُ بِاللِّسَانِ وَالتَّصَدِيقُ بِالْحَنَانِ ، وَإِنْ جَمِيعَ

مَا أُنْزِلَ اللَّهُ فِي الْقُرْآنِ وَ جَمِيعَ مَا صَحَّ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ مِنَ الشَّرْعِ وَالْبَيَانِ كُلُّهُ حَقٌّ.

30- Иман тілмен айтып, жүрекпен қабылдаудан тұрады. Және Аллаһ түсірген Құрандағы әрі Пайғамбарымыздан (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) (жеткен) дұрыс Шариғатты түсіндіруге (Құран және Исламға) қатысты (хабарлар) – хақ.

وَالْإِيمَانُ وَاحِدٌ وَأَهْلُهُ فِي أَصْلِهِ سَوَاءٌ وَالتَّفَاضُلُ بَيْنَهُمْ بِالتَّقْوَى
وَمُخَالَفَةِ الْهَوَى.

31- Барлық пенделердің иманы бірдей, әйтсе де, арадағы артықшылық тақуалығы әрі жалған нәрсеге қарсы тұруы арқылы білінеді.

وَالْمُؤْمِنُونَ كُلُّهُمْ أَوْلِيَاءُ الرَّحْمَنِ ، وَأَكْرَمُهُمْ أَطْوَعُهُمْ وَأَتْبَعُهُمْ
لِلْقُرْآنِ.

32- Иманды пенделердің барлығы – Аллаһтың достары және олардың ішіндегі ең құрметтілері, бойұсынушылары және Құранды мықты ұстанушылары.

وَالْإِيمَانُ هُوَ الْإِيمَانُ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ
الْآخِرِ وَالْبَعْثِ بَعْدَ الْمَوْتِ وَ الْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ وَ حُلُوهِ وَ مُرِّهِ
مِنْ اللَّهِ تَعَالَى ، وَنَحْنُ مُؤْمِنُونَ بِذَلِكَ كُلِّهِ ، وَ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ

أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ وَنُصِدُّهُمْ كُلَّهُمْ عَلَى مَا جَاءُوا بِهِ.

33- Иман дегеніміз – Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне, өлгеннен кейін қайта тірілуге және тағдырдың жақсылығы, жамандығы, тәттісі, ащысы Аллаһтан дегенге сену. Біз осының бәріне иман келтіреміз және елшілерді бір-бірінен алаламаймыз, әрі олардың әкелгендерін хақ деп білеміз.

أَهْلُ الْكِبَائِرِ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِي النَّارِ لَا يُخَلَّدُونَ إِذَا مَاتُوا وَهُمْ مُوحَّدُونَ وَإِنْ لَمْ يَكُونُوا تَائِبِينَ بَعْدَ أَنْ لَقُوا اللَّهَ عَارِفِينَ مُؤْمِنِينَ ، وَهُمْ فِي مَشِئَتِهِ وَحُكْمِهِ إِنْ شَاءَ غَفَرَ لَهُمْ وَعَفَا عَنْهُمْ بِفَضْلِهِ كَمَا قَالَ تَعَالَى فِي كِتَابِهِ الْعَزِيزِ: ﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ﴾ وَإِنْ شَاءَ عَذَّبُهُمْ فِي النَّارِ بِقَدْرِهِ جَنَائِتِهِ بَعْدَ أَنْ تَمَّ يُخْرِجُهُمْ مِنْهَا بِرَحْمَتِهِ وَشَفَاعَةِ الشَّافِعِينَ مِنْ أَهْلِ طَاعَتِهِ ثُمَّ يَنْعُثُهُمْ إِلَى جَنَّتِهِ. وَذَلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ مَوْلَى أَهْلِ مَعْرِفَتِهِ وَلَمْ يَجْعَلْهُمْ فِي الدَّارَيْنِ كَأَهْلِ نَكَرَتِهِ الَّذِينَ خَابُوا مِنْ هِدَايَتِهِ وَلَمْ يَنَالُوا مِنْ وَلَايَتِهِ، اللَّهُمَّ يَا وَلِيَّ الْإِسْلَامِ وَأَهْلِهِ مَسْكِنَا عَلَى بِالْإِسْلَامِ حَتَّى نَلْقَاكَ بِهِ.

34- Ал енді Мұхаммедтің (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) үмметіндегі үлкен (ауыр) күнә жасаушылар Отқа тасталады, бірақ, Аллаһтың бірлігін мойындаған халде өліп, тіпті тәубасына келмей кетсе де, Аллаһқа жолыққан кезде иманды, Оның бірлігін мойындаған халде болса, тозақта мәңгі қалмайды. Олардың жағдайы Аллаһтың қалауы мен төрелігіне байланысты. Егер Аллаһ қаласа, жомарттығымен оларды кешіріп, жазаламайды, ұлық кітабы (Құранда) айтқандай: «Негізінен Аллаһ, Өзіне ортақ қосуды кешірмейді. Одан басқа кімді қаласа, кешіреді»¹⁴⁷. Қаласа әділдігімен оларды жасаған күнәлеріне қарай Отпен азаптайды да, кейін Өзіне бойұсынғандардың қамқорлығының (шапағатының) себебімен, Мейрімімен оларды Оттан шығарып, жәннатына кіргізеді. Себебі, Аллаһ Өзін мойындаушылардың Қамқоршысы (Қорғаушысы) әрі оларды екі дүниеде де Аллаһтың нидәяты мен қамқорлығынан құр қалғандардың санатынан қылмайды. Уа, Аллаһ! Сен Ислам мен мұсылмандардың қамқоршысысың, Өзіңе жолығатын күнге дейін Исламды берік ұстануымызды нәсіп ет!

وَنَرَى الصَّلَاةَ خَلْفَ كُلِّ بَرٍّ وَفَاجِرٍ مِنْ أَهْلِ الْقِبْلَةِ، وَ نُصَلِّي عَلَى مَنْ مَاتَ مِنْهُمْ وَلَا نُنْزِلُ أَحَدًا مِنْهُمْ جَنَّةً وَلَا نَارًا، وَلَا نَشْهَدُ عَلَيْهِمْ بِكُفْرٍ وَلَا شِرْكِ وَلَا نِفَاقٍ مَا لَمْ يَظْهَرْ مِنْهُمْ شَيْءٌ مِنْ ذَلِكَ شَيْءٌ، وَنَذَرُ سَرَائِرَهُمْ إِلَى اللَّهِ تَعَالَى.

¹⁴⁷ Ниса сүресі, 48-аят.

35- Біз жақсы немесе күнәһар жан болса да Қыбла иелерінің кез-келгенінің артында тұрып намаз оқуға болады деп есептейміз және олардан кім өлсе де барлығына жаназа намазын оқимыз. Біз олардың ешқайсы жайлы ол міндетті түрде Жұмаққа немесе Тозаққа кіреді демейміз, әрі ешқайсысын күфірлік, серік қосу, екіжүзділікпен айыптамаймыз, егер өздерінен бұл нәрселердің бірі көрінбесе. Олардың жасырғанын (ішкі сырларын) Аллаһқа тапсырамыз.

وَلَا نَرَى السَّيْفَ عَلَى أَحَدٍ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِلَّا مَنْ وَجَبَ عَلَيْهِ السَّيْفُ ، وَلَا نَرَى الْخُرُوجَ عَلَى أَيْمَتِنَا وَوَلَاةِ أُمُورِنَا وَإِنْ جَارُوا ، وَلَا نَدْعُو عَلَى أَحَدٍ مِنْهُمْ ، وَلَا نَنْزِعُ يَدًا مِنْ طَاعَتِهِمْ ، وَنَرَى طَاعَتَهُمْ مِنْ طَاعَةِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ فَرِيضَةً مَا لَمْ يَأْمُرُوا بِمَعْصِيَةٍ ، وَنَدْعُوا لَهُمْ بِالصَّلَاحِ وَالنَّجَاحِ وَالْمُعَافَاةِ.

36- Біз Шариғат үкіміне сай келгенде ғана болмаса, Мұхаммедтің (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) үмметінен бірде-бір кісіні өлтіруге рұқсат бермейміз. Біз имамдарымызға және істерімізді басқарушыларға қарсы шықпаймыз, тіпті олар әділетсіздік қылса да олардың ешқайсына жамандық тілемейміз әрі оларға еруден бас тартпаймыз. Өздері бізге күнә жасауды бұйырмағанша оларға бағынуды Пәк Аллаһқа бағынудың бір бөлігі деп білеміз. Біз олардың тура жолға түсуін, амандығын тілеп, әділетсіздіктері (жаман істерін түзетулері) үшін көмек сұраймыз.

وَنَتَّبِعُ السُّنَّةَ وَالْجَمَاعَةَ وَنَجْتَنِبُ الشُّذُودَ وَالْخِلَافَ وَالْفُرْقَةَ ، وَنُحِبُّ أَهْلَ الْعَدْلِ وَالْأَمَانَةِ وَنُبْغِضُ أَهْلَ الْجَوْرِ وَالْخِيَانَةِ.

37- Біз Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) сүннеті мен жамағатының жолын ұстанамыз және одан ауытқудан, алауыздықтан, бөлінуден сақтанамыз. Әділеттілер мен аманатқа берік, адалдарды жақсы көреміз де, әділетсіздер мен қиянатшылдарды жек көреміз.

وَنَرَى الْمَسْحَ عَلَى الْخُفَّيْنِ فِي السَّفَرِ وَالْحَضَرَ كَمَا جَاءَ فِي الْأَثَرِ ، وَالْحَجَّ وَالْجِهَادَ فَرَضَانِ مَاضِيَانِ مَعَ أُولِي الْأَمْرِ مِنْ أَيْمَةِ الْمُسْلِمِينَ بَرَّهْمَ وَفَاجِرِهِمْ لَا يُطِلُّهُمَا شَيْءٌ وَلَا يَنْقُضُهُمَا.

38- Біз хадистерде айтылғандай, сапарда да, сапардан тысқары уақытта да мәсіге мәсих тартуға болады деп есептейміз. Қажылық пен жиһад жақсы я жаман болсын, мұсылмандардың басшыларының басқаруымен өтелетін парыз амал. Бұл екеуін ештеңе жоққа шығара немесе бұза алмайды.

وَنُؤْمِنُ بِالْكَرَامِ الْكَاتِبِينَ فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ جَعَلَهُمْ حَافِظِينَ ، وَنُؤْمِنُ بِمَلَكِ الْمَوْتِ الْمُوَكَّلِ بِقَبْضِ أَرْوَاحِ الْعَالَمِينَ ، وَبِعَذَابِ الْقَبْرِ لِمَنْ كَانَ لَهُ أَهْلًا ، وَبِسُؤَالِ مُنْكَرٍ وَنَكِيرٍ لِلْمَيِّتِ فِي

قَبْرِهِ عَنْ رَبِّهِ وَدِينِهِ وَنَبِيِّهِ عَلَى مَا جَاءَتْ بِهِ الْأَخْبَارُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَعَنِ الصَّحَابَةِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أَجْمَعِينَ ، وَالْقَبْرِ رَوْضَةً مِنْ رِيَاضِ الْجَنَّةِ أَوْ حُفْرَةً مِنْ حُفْرِ النَّارِ .

39- Біз істерімізді жазып отыратын Кирамин мен Кәтибинге (істерді жазушы періштелер) иман келтіреміз, өйткені, Аллаһ ол екеуін біздің үстімізден бақылаушы етіп қойды. Біз бүкіл әлемдердің рухтарын алуға міндеттелген өлім періштесіне иман келтіреміз.

Сол сияқты көр азабына лайықтылардың азапталуына және Пайғамбарымыздан (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) және сахабалардан (Оларға Аллаһ разы болсын) жеткен хабарларда айтылатын Мүңкәр мен Нәкір атты періштелер қабірде пендеден Раббысы, діні және Пайғамбары жайында сұрайтынына, көрде Жұмақ бақтарынан бір бақ немесе Тозақтың шұңқырларынан бір шұңқыр болатынына иман келтіреміз.

وَنُؤْمِنُ بِالْبَعْثِ وَجَزَاءِ الْأَعْمَالِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ وَالْعَرْضِ وَالْحِسَابِ وَقِرَاءَةِ الْكِتَابِ وَالنَّوَابِ وَالْعِقَابِ وَالصِّرَاطِ ، وَالْمِيزَانِ يُوزَنُ بِهِ أَعْمَالُ الْمُؤْمِنِينَ مِنَ الْخَيْرِ وَالْشَّرِّ وَالطَّاعَةِ وَالْمَعْصِيَةِ .

40- Біз өлгеннен кейін қайта тірілетінімізге, сондай-ақ Қиямет күні жасаған істеріміз үшін сұраламызымызға, Әл-Ардқа (ұсыну), Әл-Хисабқа (есеп алу), амал дәптерінің оқылатынына және сауап пен азапқа, Сират пен (көпір) Мизанға (тааразы), онымен мұминдердің жақсы, жаман істерінің өлшенетініне иман келтіреміз.

وَالْجَنَّةُ وَالنَّارُ مَخْلُوقَتَانِ لَا يَنْفِيَانِ وَلَا يَبِيدَانِ ، وَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى خَلَقَ الْجَنَّةَ وَالنَّارَ وَ خَلَقَ لَهُمَا أَهْلًا ، فَمَنْ شَاءَ مِنْهُمْ إِلَى الْجَنَّةِ أَدْخَلَهُ فَضْلًا مِنْهُ وَمَنْ شَاءَ مِنْهُمْ إِلَى النَّارِ أَدْخَلَهُ عَذَابًا مِنْهُ ، وَكُلٌّ يَعْمَلُ لِمَا قَدْ فُرِغَ مِنْهُ وَصَائِرُ إِلَى مَا خُلِقَ لَهُ ، وَالْخَيْرُ وَالشَّرُّ مُقَدَّرَانِ عَلَى الْعِبَادِ .

41- Жәннәт та, жәһәннәм да – жаратылған нәрселер, ол екеуі ешқашан жойылмайды да, ақыр соны да болмайды. Аллаһ Тағала Пейіш және Тозақпен қатар ол екеуінің тұрғындарын да жаратты. Қалағанын Жомарттығымен Жәннәтқа кіргізеді, қалағанын Әділдігімен Тозаққа жібереді. Барлығы тағдырында жазылғанды істейді және сол үшін жаратылған нәрсеге (ұрмақ немесе жәһәннәмға) барады. Жақсылық та, жамандық та пендеге жазылып қойылған.

وَالْإِسْطَاعَةُ الَّتِي يَجِبُ بِهَا الْفِعْلُ مِنْ نَحْوِ التَّوْفِيقِ الَّذِي لَا يَحُوزُ أَنْ يُوصَفَ الْمَخْلُوقُ بِهَا تَكُونُ مَعَ الْفِعْلِ ، وَأَمَّا

الِاسْتِطَاعَةَ مِنَ الصَّحَّةِ وَالْوُسْعِ وَالتَّمَكُّنِ وَسَلَامَةِ الْآلَاتِ فَهِيَ
قَبْلَ الْفِعْلِ وَبِهَا يَتَعَلَّقُ الْخِطَابُ ، وَهُوَ كَمَا قَالَ اللَّهُ تَعَالَى:
﴿ لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا ﴾.

42- Қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыратын жаратылған мақлұқтың сипатталуы дұрыс болмаған тауфик (жәрдем табу) сияқты күш (шама жету) іспен бірге болады. Бұл іс-әрекеттен ажырамайтын қасиет, ал енді денсаулық, мүмкіндік, икем және дұрыс, бабындағы аспаптардың себебімен болған күш іс-әрекеттен бұрын болады. Міне, осылайша Шариғат бұйырған істерге бағытталады. Аллаһ айтады: «Аллаһ кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді»¹⁴⁸.

وَأَفْعَالُ الْعِبَادِ هِيَ بِخَلْقِ اللَّهِ وَكَسْبِ مِنَ الْعِبَادِ ، وَلَمْ يُكَلِّفْهُمْ إِلَّا مَا يُطِيقُونَ وَلَا يُطِيقُونَ إِلَّا مَا كَلَّفَهُمْ ، وَهُوَ حَاصِلُ تَفْسِيرِ قَوْلِ: لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ ، نَقُولُ: لَا حِيلَةَ وَلَا حَرَكَةَ لِأَحَدٍ عَنْ مَعْصِيَةِ اللَّهِ إِلَّا بِمُعُونَةِ اللَّهِ ، وَلَا قُوَّةَ لِأَحَدٍ عَلَى إِقَامَةِ طَاعَةٍ وَالتَّابَاتِ عَلَيْهَا إِلَّا بِتَوْفِيقِ اللَّهِ.

43- Адамдардың іс-әрекеті Аллаһтың жаратуымен және пенденің кәсіп етуімен жүзеге асады. Аллаһ Тағала адамдарға шамалары келетін нәрсені ғана жүк-

¹⁴⁸ Бақара сүресі, 286-аят.

тейді және олар Аллаһтың өздері үшін қалағанын ғана істейді. Бұл «Аллаһтан басқада күш-құдірет жоқ» деген сөздің тәфсірінен (түсіндірмесінен) шығып отыр. Біздің бұған қосарымыз – қандай да бір қулық арқылы Аллаһқа бойұсынбауға ешкімнің шамасы келмейді, егер оған Аллаһтың жәрдемі болмаса. Шын мәнінде өз еркімен Аллаһқа құлшылық етуде және бойұсынуда ешкім де табандылық таныта алмайды, егер Аллаһтың Өзі оған бұл істі мүмкін етіп қоймаса.

وَكُلُّ شَيْءٍ يَجْرِي بِمَشِيئَةِ اللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ وَعِلْمِهِ وَقَضَائِهِ وَقَدَرِهِ ، غَلَبَتْ مَشِيئَتُهُ الْمَشِيئَاتِ كُلَّهَا وَغَلَبَ قَضَاؤُهُ الْحِيلَ كُلَّهَا ، يَفْعَلُ مَا يَشَاءُ وَهُوَ غَيْرُ ظَالِمٍ أَبَدًا ، تَقَدَّسَ عَنْ كُلِّ سُوءٍ وَتَنَزَّاهُ عَنْ كُلِّ عَيْبٍ وَشَيْنٍ ﴿ لَا يُسْأَلُ عَمَّا يَفْعَلُ وَهُمْ يُسْأَلُونَ ﴾.

44- Барлығы Аллаһтың қалауымен, білімімен, тағдырымен және шешімімен жүзеге асады. Оның қалауы барлық қалаулардан үстем және Оның шешімі барлық айлалардан күшті. Ол қалағанын істейді және ешқашан әділетсіздік жасамайды. Ол барлық жамандықтан мінсіз және Ол барлық кемшіліктен, кемістіктен пәк. «Ол істегендерінен сұралмайды олар сұралады»¹⁴⁹.

وَفِي دُعَاءِ الْأَحْيَاءِ لِلْأَمْوَاتِ وَصَدَقَاتِهِمْ مَنَفَعَةٌ لِلْأَمْوَاتِ ،

¹⁴⁹ «Әнбия» сүресі, 23-аят.

وَاللَّهُ تَعَالَى يَسْتَجِيبُ الدَّعَوَاتِ وَيَقْضِي الْحَاجَاتِ ، وَيَمْلِكُ كُلَّ شَيْءٍ وَلَا يَمْلِكُهُ شَيْءٌ ، وَلَا يُسْتَعْنَى عَنِ اللَّهِ طَرْفَةً عَيْنٍ ، وَمَنْ اسْتَعْنَى عَنِ اللَّهِ طَرْفَةً عَيْنٍ فَقَدْ كَفَرَ وَكَانَ مِنْ أَهْلِ الْخُسْرَانِ ، وَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى يَغْضِبُ وَيَرْضَى ، لَا كَأَحَدٍ مِنَ الْوَرَى.

45- Тірілердің өлілер үшін жасаған дұға, садақтарында марқұмдарға пайда бар. Аллаһ адамдардың дұға-тілектерін қабылдайды және қажеттерін өтейді. Аллаһ барлығын иемденеді, Оны еш нәрсе иемдене алмайды. Ешбір нәрсе қасқағым сәтке де Аллаһқа мұқтаж болмай тұра алмайды, ал кім өзін Аллаһтан қасқағым сәтке де мұқтаж емеспін деп есептесе, имансызға айналады да қасіретке ұшыраушылардың қатарына қосылады. Аллаһ Тағала йағдабу (азаптайды), йарда (жарылқайды), жаратылған нәрселер сияқты емес.

وَنُحِبُّ أَصْحَابَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَلَا نَفِرُ فِي حُبِّ أَحَدٍ مِنْهُمْ وَلَا نَتَبَرَّأُ مِنْ أَحَدٍ مِنْهُمْ ، وَنَبْغُضُ مَنْ يَبْغِضُهُمْ ، وَبِغَيْرِ الْحَقِّ لَا نَذْكُرُهُمْ ، وَنَرَى حُبَّهُمْ دِينًا وَإِيمَانًا وَإِحْسَانًا وَبُغْضُهُمْ كُفْرًا وَنِفَاقًا وَطُغْيَانًا.

46- Біз Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың сәлемі

мен игілігі болсын) сахабаларын жақсы көреміз, әрі жақсы көру сезімінде біреуін екіншісінен төмен қоймаймыз және олардың ешқайсысынан теріс айнамаймыз. Оларды жек көргендерді және олар туралы жақсы пікір айтпайтындарды жек көреміз. Оларға деген махаббат – діннен, иманнан, жақсылықтан, ал оларды жек көру – күбірлік, екіжүзділік және бағынбау (бетімен кету) деп есептейміз.

وَتُثِبَتِ الْخِلَافَةُ بَعْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَوَّلًا لِأَبِي بَكْرٍ الصِّدِّيقِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ تَفْضِيلًا وَتَقْدِيمًا عَلَى جَمِيعِ الْأُمَّةِ ثُمَّ لِعُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ ثُمَّ لِعُثْمَانَ بْنِ عَفَّانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ ثُمَّ لِعَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ أَجْمَعِينَ ، وَهُمْ الْخُلَفَاءُ الرَّاشِدُونَ وَالْأَئِمَّةُ الْمُتَهْتَدُونَ الَّذِينَ قَضَوْا بِالْحَقِّ وَكَانُوا بِهِ يَعْدِلُونَ.

47- Біз Пайғамбарымыздан (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) кейін халифаттықты әуелі Әбу Бәкір Әс-Сиддиқ (Аллаһ оған разы болсын) басқарғанын және бұл оның басқа мұсылмандардан артықшылығы мен үлкендігін, одан кейін Омар ибн Әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын), кейін Осман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болсын), кейін Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ олардың барлығына разы болсын) басқарғандығын пысықтаймыз. Және Олар шындықпен басқарған әрі әділдік танытқан шыншыл халифтер, әділетті басшылар.

وَأَنَّ الْعَشْرَةَ الَّذِينَ سَمَّاهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 نَشَّهَدُ لَهُمْ بِالْجَنَّةِ كَمَا شَهِدَ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
 وَسَلَّمَ وَقَوْلُهُ الْحَقُّ وَهُمْ: أَبُو بَكْرٍ وَعُمَرُ وَعُثْمَانُ وَعَلِيٌّ وَطَلْحَةُ
 وَالزُّبَيْرُ وَسَعْدُ وَسَعِيدٌ وَعَبْدُ الرَّحْمَنِ بْنُ عَوْفٍ وَأَبُو عُيَيْدَةَ بْنُ
 الْحَرَّاحِ وَهُوَ أَمِينُ هَذِهِ الْأُمَّةِ ، رُضْوَانُ اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ ،
 وَمَنْ أَحْسَنَ الْقَوْلَ فِي أَصْحَابِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
 وَأَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّاتِهِ فَقَدْ بَرِيَ مِنَ النِّفَاقِ ، وَعُلَمَاءُ السَّلَفِ مِنَ
 الصَّالِحِينَ وَالتَّابِعِينَ وَمَنْ بَعْدَهُمْ مِنْ أَهْلِ الْخَيْرِ وَالْإِثْرِ وَأَهْلِ
 الْفَقْهِ وَالنَّظَرِ لَا يُذَكِّرُونَ إِلَّا بِالْحَمِيلِ ، وَمَنْ ذَكَرَهُمْ بِسُوءٍ فَهُوَ
 عَلَى غَيْرِ السَّبِيلِ .

48- Біз Аллаһтың Елшісі (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) Ұжмақпен сүйіншілеп атаған он адамның Аллаһтың Елшісінің (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) Өзі оларға куәлік еткеніндей, Жәннәтқа баратынына куәлік етеміз. Ол кісінің айтқаны хақ. Олар: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Али, Талха, Зүбәйр, Сағд, Сағийд, Абдұррахман ибн Ауф және үмметтің сенімдісі атанған Әбу Убайдаһ ибн Жаррах (Аллаһ олардың барлығына разы болсын). Кімде-кім Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың сәлемі мен игі-

лігі болсын) сахабалары, әйелдері және ұрпақтары жайында жақсы сөз айтса, сөзсіз екі жүзділіктен аман болғаны.

Алғашқы ғасырлардағы (хижраның алғашқы үш ғасырының адамдары) және олардың жолына ілескен жақсы іс адамдары, мұхаддистер (хадисшілер), фақиһтер (фиқһшылар) және ақыл иелері жөнінде тек жақсы лебіз білдіру керек, ал кім олар туралы жаман сөз айтса, ол тура жолда емес.

وَلَا نَفْضُلُ أَحَدًا مِنَ الْأَوْلِيَاءِ عَلَى أَحَدٍ مِنَ الْأَنْبِيَاءِ ، وَنَقُولُ:
 نَبِيِّ وَاحِدٍ أَفْضَلُ مِنْ جَمِيعِ الْأَوْلِيَاءِ ، وَنُؤْمِنُ بِمَا جَاءَ مِنْ
 كَرَامَاتِهِمْ وَصَحَّ عَنْ الثَّقَاتِ مِنْ رَوَايَاتِهِمْ .

49- Біз Үмметтің әулиелерінің бір де бірін еш пайғамбардан жоғары қоймаймыз, керісінше бір пайғамбар барлық әулиелерден артық дейміз, егер сенімді риуаяттармен жетсе, біз әулиелерге келген кереметтерге сенеміз.

وَنُؤْمِنُ بِأَشْرَاطِ السَّاعَةِ وَمِنْهَا: خُرُوجُ الدَّجَالِ وَنُزُولُ عِيسَى
 عَلَيْهِ السَّلَامُ مِنَ السَّمَاءِ ، وَطُلُوعُ الشَّمْسِ مِنْ مَغْرِبِهَا وَخُرُوجُ
 دَابَّةِ الْأَرْضِ مِنْ مَوْضِعِهَا .

50- Біз Сағаттың (Қияметтің) белгілеріне: Дәжжәлдің келетініне, Исаның (Оған Аллаһтың сәлемі болсын) көктен түсетініне, күннің батыстан шығатынына және жерден Хайуанның шығатынына иман келтіреміз.

وَلَا نُصَدِّقُ كَاهِنًا وَلَا عَرَّافًا وَلَا مَنْ يَدَّعِي شَيْئًا بِخِلَافِ
الْكِتَابِ وَالسُّنَّةِ وَإِجْمَاعِ الْأُمَّةِ ، وَنَرَى الْجَمَاعَةَ حَقًّا وَصَوَابًا
وَالْفُرْقَةَ زَيْغًا وَعَذَابًا.

51- Біз балгер, тәуіптердің болжамдарын, сонымен қатар, Құран мен Сүннетке және мұсылман үмметінің келіскеніне қарсы келгендердің айтқандарын растамаймыз. Біз ауыз-бірлікті – хақ әрі тура деп есептейміз және бөлінуді – ауытқу әрі азап деп түсінеміз.

وَدِينُ اللَّهِ فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ وَاحِدٌ وَهُوَ دِينُ الْإِسْلَامِ كَمَا
قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ﴾، وَقَالَ تَعَالَى:
﴿وَمَنْ يَلْتَمِعْ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا فَلَنْ يُقْبَلَ مِنْهُ﴾، وَقَالَ تَعَالَى:
﴿وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾، وَهُوَ بَيْنَ الْغُلُوِّ وَالتَّقْصِيرِ
وَالْتَشْبِيهِ وَالتَّعْطِيلِ وَالْحَبْرِ وَالْقَدَرِ وَالْإِيمَانِ وَالْإِيَّاسِ.

52- Аллаһтың жер-көктегі жалғыз діні Ислам. Аллаһ Тағала: «Аллаһтың құзырындағы шынайы дін Ислам»¹⁵⁰ -деді. Және бір аятта: «Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді»¹⁵¹. Тағы бір аятта: «Сондай-ақ сендерге Ислам дінін

¹⁵⁰ «Әл Ғыман» сүресі, 19-аят.

¹⁵¹ «Әл Ғыман» сүресі, 85-аят.

қоштап ұнаттым»¹⁵² - деді. Ислам асыра сілтеу мен тар ойлаудың арасында, тәшбиһ пен (Аллаһтың сипаттарын жаратылыстарының сипаттарына ұқсату) тағтил (Аллаһтың сипаттарын мойындамау) арасында, тағдырды мәжбүрлеу мен тағдырды мойындамау арасында, сенімділік пен үмітсіздік арасында болады.

فَهَذَا دِينُنَا وَاعْتِقَادُنَا ظَاهِرًا وَبَاطِنًا ، وَنَحْنُ نَبْرَأُ إِلَى
اللَّهِ تَعَالَى مِمَّنْ خَالَفَ الَّذِي ذَكَرْنَاهُ وَبَيَّنَّاهُ، وَنَسْأَلُ اللَّهَ
تَعَالَى أَنْ يُثَبِّتَنَا عَلَيْهِ وَيَخْتِمَ لَنَا بِهِ وَيَعْصِمَنَا مِنَ الْأَهْوَاءِ
الْمُخْتَلِطَةِ وَالْآرَاءِ الْمُتَفَرِّقَةِ وَالْمَذَاهِبِ الرَّدِّيَّةِ كَالْمُشَبَّهَةِ
وَالْحُجْمِيَّةِ وَالْجَبَرِيَّةِ وَالْقَدَرِيَّةِ وَغَيْرِهِمْ مِمَّنْ خَالَفَ السُّنَّةَ
وَالْجَمَاعَةَ وَاتَّبَعَ الْبِدْعَةَ وَالضَّلَالَةَ ، وَنَحْنُ مِنْهُمْ بَرَاءٌ وَهُمْ
عِنْدَنَا ضَلَالٌ وَأَرْدِيَاءٌ.

53- Бұл біздің дініміз, іштей әрі сырттай иман келтірген сеніміміз, және біз айтып, түсіндіріп өткен сенімдермен келіспеген адамды Аллаһпен ешқандай байланысы жоқ деп білеміз. Біз Аллаһтан иманымызда берік болуымызды, әрі өмірімізді иманмен аяқтауымызды бекітіп қоюын тілейміз және бізді күмән

¹⁵² «Мәидә» сүресі, 3-аят.

араласқан ойлар мен қарама-қайшы пікірлерден, жаман ағымдардан: мүшәббихәһ, жахмияһ, жәбрияһ, қадария сияқты, бұлардан басқа да Сүннетке және жамағатқа қайшы келетін, адасу сеніміне ілескендердің жолынан сақтай көр деп тілейміз. Біз олардан аулақпыз, ал олар болса адасу әрі құру жолында деген ойдамыз.

وَاللّٰهُ اَعْلَمُ بِالصَّوَابِ وَ اِلَيْهِ الْمَرْجِعُ وَالْمَآبُ.

Дұрысын Аллаһ біледі және Оның Өзіне қайтып ораламыз.

Имам Әт-Тахауи

Имам Әбу Жағфар Ахмад ибн Мұхаммад ибн Сәләма Әл-Әздий Әл-Мысрий Әт-Тахауи. Мысырдың «Таха» деген ауылында һижраның 229-шы жылы, кейбір деректе 239-шы жылдары (*алтын ғасыр¹ атанған Сәләф заманында*) дүниеге келіп, һижраның 321-ші жылы қайтыс болған. Өзінің нағашысы Исмағил ибн Яхия Әбу Ибраһим Әл-Музәний Әл-Мысридан дәріс алып фикһты үйренген. Кейін Ханафий мәзһәбына өтіп, ханафилық әрі хадисшы Әбу Жағфар Ахмад ибн Әби Имран Әл-Бағдадидан сабақ алады. Кейін һижраның 268-ші жылы Шамға барып Әбу Хазимнан (*Аллаһ оларға рахым етсін*) ханафи әрі шафиғи мәзһәбының фикһын үйренеді. Исламда орны бөлек, ханафи мәзһәбына үлкен еңбегі сіңген, осы мәзһәбтың мәшһүр имамдарының бірі болған, көп ілімді меңгерген әрі көптеген еңбектер жазған ғалым (Аллаһ оған рахым етсін).

Жазған еңбектері:

1. Қолымыздағы ақида кітабы;
2. Әхкәм Әл-Құран (Құран hükімдері);
3. Мағани Әл-Әсар (Хадистің мағыналары);
4. Баян Мүшкіл Әл-Әсар (Хадистің мүшкіл жерлерінің баяны);
5. Әл-Мұхтасар фил Фикһ (Қысқаша фикһ жайлы)
6. Шарх Әл-Жамиғ Әл-Кәбир;
7. Шарх Әл-Жамиғ Әс-Сағир;
8. Әш-Шурут Әл-Кәбир;
9. Әш-Шурут Әс-Сағир;
10. Әш-Шурут Әл-Уста;
11. Әт-Тарих Әл-Кәбир (Үлкен тарих);

¹ Алтын ғасыр деп отырғанымыз Пайғамбарымыз (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ғасырлардың жақсысы менің ғасырым және кейінгі екі ғасыр (яғни һижраның алғашқы үш ғасыры жатады)»*. Және бір хабарда: *«Адамдардың жақсысы менің ғасырымдағы және кейінгі екі ғасырдағылар»* - деген.

12. Манакиб Әби Ханифәһ (Әбу Ханифаның даналықтары);
13. Әл-Қира'ат (Құранның оқылу жолдары);
14. Ән-Нәуадир әл-фикһияһ (Фикһтың сирек тұстары);
15. Ән-Нәудир әл-хикаят (Хикаяның сирек тұстары);
16. Қисмат әл-фай уәл-ғанә'им (Үлес пен олжаның бөлінуі);
17. Ихтиләф ән-нәсәб (Тектердегі қайшылық);
18. Ихтиләф әр-риуаят (Риуаяттардағы қайшылық);
19. Ихтиләф әл-фуқаһа' (Фақиһтардың қайшылығы).

Имамға ғалымдардың баға беруі:

Тарихшы, хадисшы Ахмад ибн Юунс Әл-Мысрий (281-347 һижра): *«Имам Тахауи сиқа (сенімді), фикһшы болған (шаригат ілімдерін жақсы білген) және оған тең келер ешкім жоқ»*-деген.

Хадисшы, фикһшы Ибн Асакир Әш-Шафиғий (499-571 һижра) және Хадисшы, фикһшы, тәпсірші Әбу Әл-Фараж Әл-Жәузий Әл-Ханбалий (һижраның 597-ші жылы қайтыс болған) және Хадисшы, фикһшы, тарихшы Ибн Абдұлбар Әл-Мәликий (368-463 һижра) тағы басқалары: *«Имам Тахауий адамдардың білгірі әрі бүкіл мәзһәбтардың фикһшыларымен серіктес болған»*, - деген.

Имамнан риуаят етушілер:

- Ирактың Хадисшысы Мұхаммед ибн Әл-Мұзаффар (286-379 һижра) Тахауидан хадис жеткізген. Бұл кісіден: Әд-Даракутний, Әл-Бағауий, Әт-Табарий және басқалары хадис жеткізген.
- Һибатуллаһ Әт-Табарий Әш-Шафиғийда (һижраның 418-ші жылы қайтыс болған) хадис жеткізген (*Аллаһ оларға рахым етсін*). Және басқа да көптеген адамдар хадис жеткізген.

Егер кімде-кім Имам Тахауидың (*Аллаһ оған рахым етсін*) өмірбаянын жақсылап зерттеген болса, ол кісінің өте ілімді, хадис ілімінің шебері екендігіне және ғалымдардың барлығы бір ауыздан мойындаған Ислам ғалымы екендігіне көз жеткізеді.

ӘЛ-ФИҚҲҮЛ ӘКБАР

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейрімді, рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

متن الفقه الأكبر

Әл-фиқһул әкбардың мәтіні

أَصْلُ التَّوْحِيدِ وَ مَا يَصِحُّ الإِعْتِقَادُ عَلَيْهِ يَجِبُ أَنْ يَقُولَ : آمَنْتُ
بِاللَّهِ ، وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَابْعَثَ بَعْدَ الْمَوْتِ ، وَالْقَدَرِ
خَيْرِهِ وَشَرِّهِ مِنَ اللَّهِ تَعَالَى ، وَالْحِسَابِ وَالْمِيزَانِ وَالْجَنَّةِ
وَالنَّارِ حَقٌّ كُلُّهُ .

Таухидтың негізі және оған дұрыс сенім білдіру үшін Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, өлгеннен кейін қайта тірілетінімізге, тағдырдың жақсылығы мен жамандығы Аллаһтан екендігіне, есеп-қисапқа, таразыға, жәннәтқа тозаққа иман келтірдім әрі осының бәрі хақ деп айту міндет (*uəjibin*) болады.

وَاللَّهُ تَعَالَى وَاحِدٌ ، لَا مِنْ طَرِيقِ الْعَدَدِ ، وَلَكِنْ مِنْ طَرِيقِ أَنَّهُ لَا

شَرِيكَ لَهُ ﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ اللَّهُ الصَّمَدُ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ﴾ .

Аллаһ Тағала жалғыз, жалғыздығы реттік санақ жағынан емес¹⁵³, серігі жоқ жағынан, «Мұхаммед (с.ғ.с) айт: Ол Аллаһ-жалғыз, Аллаһ-мұңсыз, Ол тумады да туылмады, Әрі оған ешкім тең емес»¹⁵⁴.

لَا يُشَبِّهُ شَيْئًا مِنَ الْأَشْيَاءِ مِنْ خَلْقِهِ ، وَلَا يُشَبِّهُهُ شَيْءٌ مِنْ خَلْقِهِ ، لَمْ يَزَلْ وَلَا يَزَالُ بِأَسْمَائِهِ وَصِفَاتِهِ الذَّاتِيَّةِ وَالْفِعْلِيَّةِ .
أَمَّا الذَّاتِيَّةُ : فَالْحَيَاةُ وَالْقُدْرَةُ وَالْعِلْمُ وَالْكَلَامُ وَالسَّمْعُ وَالْبَصَرُ وَالْإِرَادَةُ . وَأَمَّا الْفِعْلِيَّةُ فَالتَّخْلِيقُ وَالتَّرْزِيقُ وَالْإِنْشَاءُ وَالْإِبْدَاعُ وَالصَّنْعُ وَغَيْرُ ذَلِكَ مِنَ الصِّفَاتِ الْفِعْلِ .

Ол жаратылған нәрселердің ешқайсысына ұқсамайды¹⁵⁵, жаратылған нәрселерден де (мақлұқтардан да) еш нәрсе Оған ұқсамайды¹⁵⁶. Зати және фиғли есімдері мен сипаттары таусылып біткен жоқ, бітпейді де. Зати сипаттары тірі, құдіретті, білуші, сөйлеуші, естуші, көруші, қалаушы болу. Ал фиғли сипаттарына

¹⁵³ Аллаһ жалғыз дегенде санақ жағынан емес яғни серігі жоқ жалғыз деп білу жағынан.

¹⁵⁴ «Ықлас» сүресі, 1,2,3,4-аяттар.

¹⁵⁵ Аллаһ жаратылған нәрселерге ұқсамайды, мақлұқтар да Оған ұқсамайды.

¹⁵⁶ Бұл сөздің қайталанып келуі алдындағы сөйлемді қуаттайды.

жаратушы, ризықтандырушы, жасаушы, және басқа да фиғли сипаттар жатады.

لَمْ يَزَلْ وَلَا يَزَالُ بِأَسْمَائِهِ وَصِفَاتِهِ، لَمْ يَحْدُثْ لَهُ اسْمٌ وَلَا صِفَةٌ، لَمْ يَزَلْ عَالِمًا بِعِلْمِهِ، وَالْعِلْمُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَقَادِرًا بِقُدْرَتِهِ، وَالْقُدْرَةُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَتُكَلِّمًا بِكَلَامِهِ، وَالْكَلَامُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَخَالِقًا بِتَخْلِيْقِهِ، وَالتَّخْلِيْقُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَفَاعِلًا بِفِعْلِهِ وَالفِعْلُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَالفَاعِلُ هُوَ اللَّهُ تَعَالَى، وَالفِعْلُ صِفَةٌ فِي الْأَزَلِ، وَالمَفْعُولُ مَخْلُوقٌ، وَفِعْلُ اللَّهِ تَعَالَى غَيْرُ مَخْلُوقٍ، وَصِفَاتُهُ فِي الْأَزَلِ غَيْرُ مُحَدَّثَةٍ وَلَا مَخْلُوقَةٍ، فَمَنْ قَالَ إِنَّهَا مَخْلُوقَةٌ أَوْ مُحَدَّثَةٌ أَوْ وَقَفَ فِيهَا أَوْ شَكَّ فِيهَا فَهُوَ كَافِرٌ بِاللَّهِ تَعَالَى.

Есімдері және сипаттары таусылып біткен жоқ, әрі бітпейді де¹⁵⁷. Оған жаңадан (кейіннен) есімдер мен сипаттар қосылған жоқ¹⁵⁸, Ол ежелден¹⁵⁹ ілімімен

¹⁵⁷ Аллаһ Тағала кемелділік және ұлық сипаттармен танылған. Аллаһтың есімдері, сипаттары басталуы, аяқталуы жоқ, мәңгі.

¹⁵⁸ Аллаһтың есімдері мен сипаттары өзәлі, әбәді (яғни басталуы, аяқталуы жоқ).

¹⁵⁹ Ежелден, яғни Аллаһтың бар болуының басталуы жоқ, басталусыз бар Құдірет, өйткені, Аллаһтың бар болуы міндетті (уәжиб). Бұл әлем, ондағы нәрселердің барлығы Аллаһтың болуы уәжиб екендігіне дәлел. Егер Аллаһтың бар болуы уәжиб болмағанда өзіміз көріп, өмір сүріп отырған мына әлем болмас еді.

білуші еді, ілімі басталуы болмаған, ежелден бар сипат, Ежелден құдіретімен құдіретті еді, құдіреті басталуы болмаған, ежелден бар сипат, Ежелден сөзімен сөйлеуші еді, сөйлеуі басталуы болмаған, ежелден бар сипат¹⁶⁰, Ежелден жаратуымен жаратушы еді, жаратуы басталуы болмаған, ежелден бар сипат, Ежелден ісімен істеуші еді, істеуі басталуы болмаған, ежелден бар сипат, Аллаһ Тағала жасаушы, жасалған нәрсе – жаратылған, ал Аллаһтың ісі жаратылмаған, ежелден бар, Оның сипаттары жаратылған жоқ, пайда да болмаған, егер кім бұл сипаттарды жаратылған немесе пайда болған десе, осылай деушілерге ерсе, сөйтіп, ақиқатқа күмәнданса, онда ол имансызға айналады¹⁶¹.

وَالْقُرْآنُ كَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى فِي الْمَصَاحِفِ مَكْتُوبٌ، وَفِي الْقُلُوبِ مَحْفُوظٌ، وَ عَلَى الْأَلْسِنِ مَقْرُوءٌ، وَعَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ وَسَلَّمَ مُنْزَلٌ، وَلَفْظُنَا بِالْقُرْآنِ مَخْلُوقٌ، وَكِتَابَتُنَا لَهُ مَخْلُوقَةٌ، وَقِرَاءَتُنَا لَهُ مَخْلُوقَةٌ، وَالْقُرْآنُ غَيْرُ مَخْلُوقٍ.

Құран – қағаз беттеріне жазылған, жүректерде

¹⁶⁰ Аллаһтың сөйлеуі әріпсіз, дыбыссыз, жаратылған мақлұқтардың сөйлеуіне ұқсамайды

¹⁶¹ Бұл сипаттардың Аллаһта барлығына иман келтіріп әрі жаратылған нәрселердің сипаттарына ұқсатпауымыз керек. Жаратылған мақлұқтардың сипаттарының басталуы, аяқталуы бар, өзгереді, ал Аллаһтың сипаттары басталуы, аяқталуы жоқ, өзгермейді.

сақталған, тілмен оқылған, сондай-ақ Пайғамбарымызға (*Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын*) түсірілген Аллаһ Тағаланың сөзі, Құрандағы сөзіміз¹⁶², жазуымыз¹⁶³, оқуымыз¹⁶⁴ жаратылған, ал Құран жаратылмаған.

وَمَا ذَكَرَهُ اللَّهُ تَعَالَى فِي الْقُرْآنِ حِكَايَةً عَنْ مُوسَى وَغَيْرِهِ مِنَ الْأَنْبِيَاءِ عَلَيْهِمُ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ، وَعَنْ فِرْعَوْنَ وَإِبْلِيسَ، فَإِنَّ ذَلِكَ كُلُّهُ كَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى إِنْخِبَارًا عَنْهُمْ، وَكَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى غَيْرُ مَخْلُوقٍ وَكَلَامُ مُوسَى وَغَيْرِهِ مِنَ الْمَخْلُوقِينَ مَخْلُوقٌ، وَالْقُرْآنُ كَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى فَهُوَ قَدِيمٌ لَا كَلَامُهُمْ.

Аллаһ Тағаланың Құранда Мұса және басқа да пайғамбарлар (*Оларға Аллаһтың сәлемі болсын*) жайлы және Перғаун мен Ібіліс туралы хикая қылып айтқан нәрселерінің бәрі – Аллаһ Тағаланың сөзі. Аллаһ Тағаланың сөзі жаратылмаған, ал Мұсаның (*Оған Аллаһтың сәлемі болсын*) және басқа да мақлұқтардың сөздері жаратылған. Құран олардың (*мақлұқтардың*)

¹⁶² Біздің сөздеріміз жаратылған, басталуы, аяқталуы бар, ал Аллаһтың сөзі жаратылмаған, басталуы, аяқталуы болмайды, өзгермейді.

¹⁶³ Біздің әріптер мен жазуымыздың барлығы жаратылған, Аллаһтың сөзі әріпсіз, дыбыссыз, мақлұқтардың сөзіне ұқсамайды.

¹⁶⁴ Дыбыстап, екпіндеп, буынға бөліп оқуымыздың бәрі жаратылған. Қолымыздағы Құранның мұқабасы, парақтары, әріптері, бояулары, барлығы жаратылған. Бірақ Аллаһтың сөзі Құран жаратылмаған.

сөздері сияқты емес, ол – Аллаһтың басталуы болмаған, ежелден бар сөзі.

وَسَمِعَ مُوسَى عَلَيْهِ السَّلَامُ كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى كَمَا قَالَ اللَّهُ تَعَالَى: ﴿كَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا﴾ وَقَدْ كَانَ اللَّهُ تَعَالَى مُتَكَلِّمًا وَلَمْ يَكُنْ كَلَّمَ مُوسَى عَلَيْهِ السَّلَامُ، وَقَدْ كَانَ اللَّهُ تَعَالَى خَالِقًا فِي الْأَرْضِ وَلَمْ يَخْلُقِ الْخَلْقَ: ﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيمُ الْبَصِيرُ﴾.

Аллаһ Тағала: «Аллаһ Мусамең тілдесті»¹⁶⁵ дегендей Муса (*Оған Аллаһтың сәлемі болсын*) Аллаһтың сөзін естіді. Аллаһ Тағала Мусамең (*Оған Аллаһтың сәлемі болсын*) сөйлеспей тұрып-ақ сөйлеуші сипатына ие еді. Аллаһ Тағала жаратылыс атаулы жаратылмай тұрып-ақ ежелден Жаратушы еді: «*Оған ұқсас еш нәрсе жоқ, Ол – естуші, көруші*»¹⁶⁶.

فَلَمَّا كَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى كَلِمَةً بِكَلَامِهِ الَّذِي هُوَ لَهُ صِفَةٌ فِي الْأَرْضِ وَصِفَاتُهُ كُلُّهَا فِي الْأَرْضِ بِخِلَافِ صِفَاتِ الْمَخْلُوقِينَ، يَعْلَمُ لَا كَعِلْمِنَا، وَيَقْدِرُ لَا كَقُدْرَتِنَا، وَيَرَى لَا كَرُؤُوتِنَا، وَيَسْمَعُ لَا كَسَمْعِنَا، وَيَتَكَلَّمُ لَا كَكَلَامِنَا.

¹⁶⁵ «Ниса» сүресі, 164-аят.

¹⁶⁶ «Шура» сүресі, 11-аят.

Аллаһ Тағала Мусамен (Оған Аллаһтың сәлемі болсын) сөйлескенде ежелден Өзіне тән сипатпен сөйлесті, Аллаһтың сипаттарының бәрі ежелден, мақлұқтардың сипаттарына ұқсамайды. Аллаһ Тағала біледі, бірақ, біздің білуіміз сияқты емес, Құдіретті, біздің құдіретіміз сияқты емес, Көреді, біздің көруіміз сияқты емес, Естиді, біздің естуіміз сияқты емес, Сөйлейді, біздің сөйлеуіміз сияқты емес.

وَنَحْنُ نَتَكَلَّمُ بِالْأَلَاتِ وَالْحُرُوفِ، وَاللَّهُ تَعَالَى يَتَكَلَّمُ بِأَلَاةٍ وَلَا حُرُوفٍ، وَالْحُرُوفُ مَخْلُوقَةٌ، وَكَلَامُ اللَّهِ تَعَالَى غَيْرُ مَخْلُوقٍ.

Біздер белгілі бір құрал¹⁶⁷, әріптер арқылы сөйлейміз, Аллаһ Тағала құралсыз, әріптерсіз сөйлейді, әріптер жаратылған, Аллаһтың сөзі жаратылмаған.

وَهُوَ شَيْءٌ لَا كَالْأَشْيَاءِ، وَمَعْنَى الشَّيْءِ إِثْبَاتُهُ بِأَلَا جِسْمٍ وَلَا جَوْهَرٍ وَلَا عَرَضٍ، وَلَا حَدٌّ لَهُ، وَلَا ضِدٌّ لَهُ، وَلَا نَدٌّ لَهُ، وَلَا مِثْلٌ لَهُ.

Аллаһ Тағала «шәй»¹⁶⁸ жаратылған нәрселер тәрізді емес, «шәй» сөзінің мағынасы – ешбір денесіз¹⁶⁹,

¹⁶⁷ Тіл, көмей, дыбыстар, әріптер арқылы сөйлейміз.

¹⁶⁸ Тілдік мағынасы «нәрсе», «зат», бірақ, тілдік мағынасы Аллаһтың болмысына бағытталмайды. Аллаһты «шәй» деп айтсақ, бұл басқа нәрселерді айтқандағы сияқты емес.

¹⁶⁹ Жисм деп мүшелерден құралған денені айтады, Аллаһ дене емес.

жауһарсыз¹⁷⁰, кейіпсіз¹⁷¹ (түр-тұлғасыз) Аллаһ Тағалаға бекіту. Аллаһ Тағаланың шегі¹⁷² жоқ, Оның қарсыласы да, Оның серігі де, Оның ұқсасы да жоқ.

وَلَهُ يَدٌ وَوَجْهٌ وَنَفْسٌ، فَمَا ذَكَرَهُ اللَّهُ تَعَالَى فِي الْقُرْآنِ، مِنْ ذِكْرِ الْوَجْهِ وَالْيَدِ وَالنَّفْسِ فَهُوَ لَهُ صِفَاتٌ بِأَلَا كَيْفٍ.

Құранда Өзі айтқандай Аллаһтың иәд¹⁷³, уәжһ¹⁷⁴, нәфсі¹⁷⁵, сипаттары бар. Бұлардың бәрі Аллаһтың еш кейіпке ие емес сипаттары.

وَلَا يُقَالُ إِنَّ يَدَهُ قُدْرَتُهُ أَوْ نِعْمَتُهُ، لِأَنَّ فِيهِ إِبْطَالُ الصِّفَةِ، وَهُوَ قَوْلُ أَهْلِ الْقَدْرِ وَالْإِعْتِرَالِ، وَ لَكِنْ يَدُهُ صِفَتُهُ بِأَلَا كَيْفٍ، وَ غَضْبُهُ وَ رِضَاهُ صِفَاتَانِ مِنْ صِفَاتِهِ بِأَلَا كَيْفٍ.

¹⁷⁰ Жауһарды материя немесе атом десе болады.

¹⁷¹ Арад көріністі, түр-тұлғаны, кейіпті, бейнені айтады, бұл нәрселер арқылы Аллаһ Тағаланы сипаттауға немесе сипаттарын осы нәрселерге ұқсатуға болмайды.

¹⁷² Хад деп «шектелу, шегі болу», «кейіптелуді» айтады. Аллаһ Тағала шектелу деген ұғымнан пәк. Аллаһ Тағаланың кейпі (түр-тұлғасы) бар, бірақ оны Өзі ғана біледі деп айтуға болмайды.

¹⁷³ Иәд сөзінің тілдік мағынасы «қол».

¹⁷⁴ Уәжһ сөзінің тілдік мағынасы «жүз».

¹⁷⁵ Нәфс сөзінің тілдік мағынасы «жан», оның тілдік мағынасы Аллаһтың болмысына бағытталмайды, сондықтан бұл сөздерге тәуил жасап немесе мағынасын Аллаһ біледі деп тафуид жасап түсінеміз. Аллаһтың қолы, жүзі, жаны бар деп қазақ тіліндегі мағынасын айтқан дұрыс емес. Егер Аллаһтың иәд, уәжһ, нәфсі сипаттары бар, олар Өзіне лайықты, еш кейіп-бейнесіз деп Құранда келтірілгендей айтсақ болады.

Иәді – құдыреті немесе нығметі деп айтылмайды, өйткені, онда сипатты жоққа шығару бар¹⁷⁶. Негізінен ондай ойды Қадариялар мен Мұғтазилалар айтқан. Бірақ иәді (қолы) еш кейіпсіз сипаты. Ғадабуһу¹⁷⁷, Ридаһу (разы болуы) Аллаһтың сипаттарына тән еш кейіпсіз сипаттары.

خَلَقَ اللَّهُ تَعَالَى الْأَشْيَاءَ لَا مِنْ شَيْءٍ، وَ كَانَ اللَّهُ تَعَالَى عَالِمًا فِي الْأَزَلِ بِالْأَشْيَاءِ قَبْلَ كَوْنِهَا، وَهُوَ الَّذِي قَدَّرَ الْأَشْيَاءَ وَ قَضَاهَا، وَ لَا يَكُونُ فِي الدُّنْيَا وَ لَا فِي الْآخِرَةِ شَيْءٌ إِلَّا بِمَشِيئَتِهِ وَ عِلْمِهِ وَ قَضَائِهِ وَ قَدَرِهِ وَ كَتَبَهُ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ، وَ لَكِنْ كَتَبَهُ بِالْوَصْفِ لَا بِالْحُكْمِ.

Аллаһ Тағала бүкіл заттарды бір нәрседен алмай жаратты. Аллаһ Тағала нәрселердің жаратылуынан бұрын, ежелден білуші болды. Аллаһ Тағала барлық

¹⁷⁶ Имам Әбу Ханифа (Аллаһ оған разы болсын) бұл жерде тәуилді қолданудан бас тартпайды, бас тартатыны - егер тәуилді жасау арқылы сипатты жоққа шығарса, ол дұрыс емес. Имамның сөзі Қадарияһ, Мұғтазилах секілді Құранда келтірілген, мағынасы ұқсастықты білдіретін сөздерді жоққа шығарып барып, астарлап түсінушілерге, бірақ, Құранда келтірілген мүтәшәбиһ аяттардағы мағынасы ұқсастықты білдіретін сөзге иман келтіріп, оның тілдік мағынасы - мақсаты емес деп иман келтіріп, кейін астарлап түсінген Әхлүс-сүннәт уәл жамағатты жоққа шығарған жоқ. Имам жалпы бұл жерде тәуил тафсили жасау дұрыс емес десе де, тәуил ижмәлиді теріске шығарған жоқ.

¹⁷⁷ Тілдік мағынасы «ашулану». Аллаһ Тағала ашуланады деп айтылмайды. Ғадабы, азабы деп астарлаған.

нәрселердің тағдырын белгілеп, шешіп қойған, бұл дүниеде және ахиретте тек Аллаһтың-Ләухул махфуз-да жазып қойғаны, Оның қалауымен, ілімімен, шешімімен, тағдырымен жүзеге асады. Бірақ жазып қоюы сипаттаумен, үкімімен емес¹⁷⁸.

وَالْقَضَاءُ وَ الْقَدَرُ وَ الْمَشِيئَةُ صِفَاتُهُ فِي الْأَزَلِ بَلَا كَيْفٍ، يَعْلَمُ اللَّهُ تَعَالَى الْمَعْدُومَ فِي حَالِ عَدَمِهِ مَعْدُومًا، وَ يَعْلَمُ أَنَّهُ كَيْفَ يَكُونُ إِذَا أَوْجَدَهُ، يَعْلَمُ اللَّهُ تَعَالَى الْمَوْجُودَ فِي حَالِ وُجُودِهِ مَوْجُودًا، وَ يَعْلَمُ أَنَّهُ كَيْفَ يَكُونُ فَنَاقُؤُهُ، يَعْلَمُ اللَّهُ تَعَالَى الْقَائِمَ فِي حَالِ قِيَامِهِ قَائِمًا، وَ إِذَا قَعَدَ عِلْمُهُ قَاعِدًا فِي حَالِ قُعُودِهِ مِنْ غَيْرِ أَنْ يَتَغَيَّرَ عِلْمُهُ، أَوْ يَحْدُثَ لَهُ عِلْمٌ، وَلَكِنْ التَّغْيِيرُ وَ اخْتِلَافُ الْأَحْوَالِ يَحْدُثُ فِي الْمَخْلُوقِينَ.

Шешімі, тағдыры, қалауы – Аллаһ Тағаланың ежелден бар еш кейіпсіз сипаттары. Аллаһ Тағала жоқ нәрсені жоқ кезінде жоқ екенін және оны жаратса қандай болатынын біледі. Аллаһ Тағала бар нәрсені бар деп және оның қалай аяқталатынын да біледі. Аллаһ Тағала тұрып тұрғанның тұрғанын, егер ол отырса отырғанын, ілімі еш өзгерместен әрі жаңа ілім пайда болмастан біледі, ал бірақ, жаратылған мақлұқтарға өзгеру, жағдайлардың әртүрлі құбылуы тән.

¹⁷⁸ Әл-фиқһүл әкбардың түсіндірмесінде Мулла Али Сұлтан (Аллаһ оған рақым етсін): «Осылай болады деп келген, осындай болсын деп емес»-деген.

خَلَقَ الْخَلْقَ سَلِيمًا مِنَ الْكُفْرِ وَالْإِيمَانِ، ثُمَّ خَاطَبَهُمْ وَ أَمَرَهُمْ
وَنَهَاَهُمْ، فَكَفَرَ مَنْ كَفَرَ بِفِعْلِهِ وَ إِنكَارِهِ وَجُودِهِ الْحَقِّ بِخُذْلَانِ
اللَّهِ تَعَالَى إِيَّاهُ، وَآمَنَ مَنْ آمَنَ بِفِعْلِهِ وَإِقْرَارِهِ وَتَصَدِيقِهِ بِتَوْفِيقِ
اللَّهِ تَعَالَى إِيَّاهُ وَنُصْرَتِهِ لَهُ.

Аллаһ Тағала адамзатты күпірліктің белгілері мен иманның нұрынан аман-сау қылып жаратты. Кейін оларға шариғатты жүктеп имандылыққа бұйырды да күпірліктен қайтарды. Ал енді кім кәфир болса, Аллаһ Тағаланың оны жәрдемсіз қалдыруы әрі өзінің ісі және мойындамауы, ақиқаттан бас тартуы нәтижесінде болады. Кім иман келтірсе Аллаһ Тағаланың оны жарылқауы мен жәрдемі әрі өзінің ісі, мойындауы, растауы себепті болады.

أَخْرَجَ ذُرِّيَّةَ آدَمَ عَلَيْهِ السَّلَامُ مِنْ صُلْبِهِ عَلَى صُورِ الذَّرِّ، فَجَعَلَ
لَهُمْ عَقْلًا، فَخَاطَبَهُمْ وَ أَمَرَهُمْ بِالْإِيمَانِ وَ نَهَاَهُمْ عَنِ الْكُفْرِ،
فَأَقْرَبُوا لَهُ بِالرُّبُوبِيَّةِ، فَكَانَ ذَلِكَ مِنْهُمْ إِيْمَانًا، فَهُمْ يُلَدُونَ عَلَى
تِلْكَ الْفِطْرَةِ، وَ مَنْ كَفَرَ بَعْدَ ذَلِكَ فَقَدْ بَدَّلَ وَ غَيَّرَ، وَ مَنْ آمَنَ
وَ صَدَّقَ فَقَدْ ثَبَّتَ عَلَيْهِ وَ دَاوَمَ.

Аллаһ Тағала Адамның (Оған Аллаһтың сәлемі болсын) ұрпақтарын белінен зәредей түрде (кейбірі ақ, кейбірі қара) шығарып қойды да (бірінен кейін бірін) кейін оларға ақыл нәсіп етті («Мен сендердің

Раббыларыңмын» дегенде жауап беретіндей етіп). Әрі оларға шариғат түсіріп, иманға келуді бұйырып, дінсіз болудан қайтарды. Және олар Аллаһқа «иә, Раббымызсың деп» куәлік жасады. Міне, бұл олардың иман келтірулері еді. Сондықтан олар осы фитратта (сенімде, негізде) туылады. Ал енді кім осыдан кейін дінсізге айналса, онда оның (фитраттағы иманды) ауыстырғаны әрі өзгерткені. Кім иман келтірсе және растаса, онда оның (фитраттағы иманы) орныққаны әрі күшейе түскені.

وَلَمْ يُجْبِرْ أَحَدًا مِنْ خَلْقِهِ عَلَى الْكُفْرِ وَ عَلَى الْإِيمَانِ، وَ لَا
خَلَقَهُمْ مُؤْمِنًا وَ لَا كَافِرًا، وَ لَكِنْ خَلَقَهُمْ أَشْخَاصًا، وَ الْإِيمَانُ
وَ الْكُفْرُ فِعْلُ الْعِبَادِ، يَعْلَمُ اللَّهُ تَعَالَى مَنْ يَكْفُرُ فِي حَالِ كُفْرِهِ
كَافِرًا، فَإِذَا آمَنَ بَعْدَ ذَلِكَ عَلِمَهُ مُؤْمِنًا فِي حَالِ إِيْمَانِهِ، مِنْ غَيْرِ
أَنْ يَتَغَيَّرَ عِلْمُهُ وَصِفَتُهُ.

Аллаһ Тағала жаратқан мақұлықтарынан ешкімді күпірлікке не имандылыққа мәжбүрлемеді әрі оларды дінсіз не мұмин қылып та жаратпады, оларды тек пенде етіп жаратты. Иmandылық пен күпірлік пенденің ісі. Аллаһ Тағала кім дінсіз болса дінсіз деп, ал кейін иман келтірсе мұмин деп мұны Өзінің ілімі мен сипаты еш өзгерместен біледі.

وَ جَمِيعُ أَعْمَالِ الْعِبَادِ مِنَ الْحَرَكَةِ وَ السُّكُونِ كَسْبُهُمْ عَلَى
الْحَقِيقَةِ، وَ اللَّهُ تَعَالَى خَالِقُهَا، وَ هِيَ كُلُّهَا بِمَشِئَتِهِ وَ عِلْمِهِ وَ

قَضَائِهِ وَ قَدْرِهِ.

Пенденің іс-әрекеті – қимылсыз, әрекетсіз қалуы, ақиқатында, пенденің өз кәсібі. Аллаһ Тағала оның жаратушысы, бұлардың барлығы Аллаһ Тағаланың қалауымен, ілімімен, шешімімен, тағдырын белгілеуімен болады.

وَالطَّاعَاتُ كُلُّهَا مَا كَانَتْ وَاجِبَةً بِأَمْرِ اللَّهِ تَعَالَى وَبِمَحَبَّتِهِ وَ
بِرِضَائِهِ وَعِلْمِهِ وَمَشِيئَتِهِ وَ قَضَائِهِ وَتَقْدِيرِهِ، وَالْمَعَاصِي كُلُّهَا
بِعِلْمِهِ وَقَضَائِهِ وَتَقْدِيرِهِ وَمَشِيئَتِهِ، لَا بِمَحَبَّتِهِ وَلَا بِرِضَائِهِ وَلَا
بِأَمْرِهِ.

Сондай міндет (*уәжип*) бойұсынудың бәрі де Аллаһ Тағаланың бұйрығы, жақсы көруі, разы болуы, ілімі, қалауы, шешімі, тағдырында белгілеуі арқылы болды. Ал күнәлардың барлығы Аллаһ Тағаланың ілімі, шешімі, қалауы, тағдырында белгілеуі себепті болады да, разылығымен, жақсы көруімен, бұйрығымен болмайды.

وَالْأَنْبِيَاءُ عَلَيْهِمُ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ كُلُّهُمْ مُنْزَهُونَ عَنِ الصَّغَائِرِ
وَ الْكِبَائِرِ وَالْكَفْرِ وَالْفَضَائِحِ، وَقَدْ كَانَتْ مِنْهُمْ زَلَّاتٌ
وَخَطِيئَاتٌ، وَمُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ
وَسَلَّمَ، نَبِيُّهُ وَعَبْدُهُ وَرَسُولُهُ وَصَفِيُّهُ، وَلَمْ يَعْْبُدِ الصَّنَمَ، وَلَمْ

يُشْرِكُ بِاللَّهِ طَرَفَةً عَيْنٍ قَطُّ، وَلَمْ يَرْتَكِبْ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً قَطُّ.

Пайғамбарлардың (Оларға Аллаһтың сәлемі болсын) барлығы жаман әдеттен, үлкенді-кішілі күнәлардан пәк (*күнә жасамайды*). Тек кейбір ұсақ-түйек қателіктерге ғана жол берді (*тіпті, мұндай істерді де жасаған жоқ*)¹⁷⁹. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) Аллаһ Тағаланың пайғамбары, құлы, таңдаулысы әрі елшісі. Пұтқа табынбаған, тіпті, Аллаһқа бір сәт те серік қоспаған әрі ешбір үлкенді – кішілі күнә жасамаған.

وَأَفْضَلُ النَّاسِ بَعْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ وَسَلَّمَ
: أَبُو بَكْرٍ الصِّدِّيقُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، ثُمَّ عُمَرُ بْنُ الْخَطَّابِ ثُمَّ
عُثْمَانُ بْنُ عَفَّانٍ ثُمَّ عَلِيٌّ بْنُ أَبِي طَالِبٍ رِضْوَانُ اللَّهِ تَعَالَى
عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ، عَابِرِينَ عَلَى الْحَقِّ، وَمَعَ الْحَقِّ، كَمَا كَانُوا
نَتَوَلَّاهُمْ جَمِيعًا.

¹⁷⁹ Жалпы Елшілер мен Пайғамбарлардың (Оларға Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) үлкенді-кішілі қателіктерден таза екендігіне ғалымдар бір ауыздан келісті. Тек пайғамбарлық пен елшілік міндеті жүктелгенге дейінгі кейбір кішігірім қателіктерге байланысты үш пікір бар. а) Пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де кішігірім қателіктерге жол берілмейді. б) Пайғамбарлықтан бұрын кішігірім қателіктер жасалады, бірақ, пайғамбарлық келгеннен кейін болмайды дейді. в) Пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де кішігірім қателіктер жасалады дейді.

Аллаһтың Елшісі Пайғамбарымыздан (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) кейінгі адамдардың абзалы Әбу Бәкір Әс-Сиддик (Аллаһ оған разы болсын), одан кейін Омар ибн Әл-Хаттаб, одан кейін Осман ибн Ааффан, одан кейін Али ибн Әбу Талиб (Аллаһ барлығына разы болсын). Бұлар әрқашан шыншыл, әділ еді. Олар бұрын қандай болса¹⁸⁰, солай барлығын жақсы көреміз.

وَلَا نَذْكُرُ أَحَدًا مِنْ أَصْحَابِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى
آلِهِ وَسَلَّمَ إِلَّا بِخَيْرٍ.

Аллаһтың Елшісі Пайғамбарымыздың (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) сахабаларың тек жақсы дейміз (еш кемсітпейміз).

وَلَا نَكْفُرُ مُسْلِمًا بِذَنْبٍ مِنَ الذُّنُوبِ وَإِنْ كَانَتْ كَبِيرَةً إِذَا لَمْ
يَسْتَحِلِّهَا، وَلَا نُزِيلُ عَنْهُ اسْمَ الْإِيمَانِ وَنُسَمِّهِ مُؤْمِنًا حَقِيقَةً،
وَيَجُوزُ أَنْ يَكُونَ مُؤْمِنًا فَاسِقًا غَيْرَ كَافِرٍ.

¹⁸⁰ Пайғамбарымыз (Оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) дүниеден өткеннен кейін мұсылмандар ісін басқару міндеті бір ауыздан осы ұлығ Имамдарға (Аллаһ оларға разы болсын) өткені белгілі. Кейін қателесуші топтар шығып бұлардың имамдықта-рын мойындамай жағымсыз пікірлер айтты. Сондықтан Имам Әбу Ханифа бұл Имамдарды (Аллаһ оларға разы болсын) Пайғамбарымыз (Оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) тірі күнінде қалай жақсы көрсе, ол кісі бұл дүниемен қош айтысқаннан кейін де оларды дәл солай жақсы көреміз дейді.

Мұсылманды бір күнәсі үшін, тіпті, үлкен күнә жасаса да, егер ол харамды халал деп айтпаса діннен шығармаймыз әрі оны имансыз демейміз, мүмин деп атаймыз. Оның дінсіз емес, пасық (күнәһар) мүмин болуы әбден мүмкін.

وَالْمَسْحُ عَلَى الْخُفَّيْنِ سُنَّةٌ، وَالتَّارُوحُ فِي شَهْرِ رَمَضَانَ سُنَّةٌ،
وَالصَّلَاةُ خَلْفَ كُلِّ بَرٍّ وَفَاجِرٍ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ جَائِزَةٌ.

Мәсіге мәсіх тарту және рамазан айында тарауих намазын оқу сүннет. Мүминдердің жақсысы я жама-ны болсын, барлығының артында тұрып намаз оқи аламыз.

وَلَا نَقُولُ إِنَّ الْمُؤْمِنَ لَا تَضُرُّهُ الذُّنُوبُ، وَإِنَّهُ لَا يَدْخُلُ النَّارَ،
وَلَا إِنَّهُ يُحْلَدُ فِيهَا وَإِنْ كَانَ فَاسِقًا بَعْدَ أَنْ يَخْرُجَ مِنَ الدُّنْيَا
مُؤْمِنًا.

Мүмин адамға жасаған күнәсі зиян шектірмейді және тозаққа кірмейді деп айтпаймыз. Әйтсе де ол пасық (күнәһар) болса да дүниеден мүмин қалыпта өтсе, тозақта мәңгі қалмайды.

وَلَا نَقُولُ إِنَّ حَسَنَاتِنَا مَقْبُولَةٌ، وَسَيِّئَاتِنَا مَغْفُورَةٌ كَقَوْلِ الْمَرْجَةِ
وَلَكِنْ نَقُولُ الْمَسْئَلَةُ مُبَيَّنَةٌ مُفْصَلَةٌ مِنْ عَمَلٍ حَسَنَةٍ بِشَرَائِطِهَا
خَالِيَةً عَنِ الْعُيُوبِ الْمُفْسَدَةِ وَالْمَعَانِي الْمُبْطِلَةِ وَلَمْ يُبْطَلْهَا

حَتَّى خَرَجَ مِنَ الدُّنْيَا فَإِنَّ اللَّهَ تَعَالَى لَا يُضِيعُهَا بَلْ يَقْبَلُهَا مِنْهُ
وَيُثَبِّتُهَا عَلَيْهِ.

Біздер жақсылықтарымыз қабыл, жамандықтарымыз кешірілген деп Муржиялар сияқты айтпаймыз. Бірақ, бұл мәселе анықталып, ажыратылған, егер кімде-кім тәртіптерін (*шарттарын*) орындай отырып, сыртқы және ішкі кемшіліктерден сақтанып жақсылық істесе және оны бұ дүниеден өткенше бұзып алмаса, Аллаһ Тағала оны жоймайды, керісінше, қабыл етіп, сауапқа бөлейді дейміз.

وَمَا كَانَ مِنَ السَّيِّئَاتِ دُونَ الشُّرْكِ وَالْكَفْرِ وَلَمْ يَتَّبِعْ عَنْهَا
حَتَّى مَاتَ مُؤْمِنًا فَإِنَّهُ فِي مَشِئَةِ اللَّهِ تَعَالَى إِنْ شَاءَ عَذَّبَهُ وَإِنْ
شَاءَ عَفَا عَنْهُ وَلَمْ يُعَذِّبْهُ بِالنَّارِ أَبَدًا.

Ал енді серік қосу мен күпірліктен басқа күнәлары үшін бұ дүниеден өткенше тәубә қылмаса, онда ол пенде Аллаһ Тағаланың еркінде, қаласа азаптайды, қаласа жарылқап, кешіреді, тозақ азабынан да сақтайды.

وَالرَّيَاءُ إِذَا وَقَعَ فِي عَمَلٍ مِنَ الْأَعْمَالِ فَإِنَّهُ يُبْطَلُ أَجْرُهُ، وَكَذَا الْعُجْبُ.

Егер көз бояушылық (*рия*) амалдарда болса, өзінің жасаған амалдарына таңқалу да сауапты жойып жібереді.

وَالْآيَاتُ لِلنَّبِيِّاءِ وَ الْكَرَامَاتُ لِلْأَوْلِيَاءِ حَقٌّ. وَأَمَّا الَّتِي تَكُونُ
لَأَعْدَائِهِ مِثْلُ إِبْلِيسَ وَفِرْعَوْنَ وَالدَّجَالِ مِمَّا رُويَ فِي الْأَخْبَارِ
أَنَّهُ كَانَ لَهُمْ فَلَا نُسَمِّيْهَا آيَاتٍ وَلَا كَرَامَاتٍ، وَلَكِنْ نُسَمِّيْهَا
قَضَاءَ حَاجَاتِ لَهُمْ، وَذَلِكَ لِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى يَقْضِي حَاجَاتِ
أَعْدَائِهِ اسْتِدْرَاجًا وَعُقُوبَةً لَهُمْ، وَيَزِدَادُونَ عِصْيَانًا أَوْ كُفْرًا،
وَذَلِكَ كُلُّهُ جَائِزٌ وَمُمْكِنٌ.

Пайғамбарлардың (*Оларға Аллаһтың сәлемі болсын*) мұғжизалары, әулиелердің кереметтері – хақ. Ал енді хабарлардағы риуаят етілген Аллаһтың дұшпандары Ібіліс (*шайтан*), Перғауын (*өзін құдай санаған имансыз*), Дәжжәл (*Қиямет жақындағанда шығатын имансыз*), міне, осылардағы белгілерді (*таңғажайып әрекеттерді*) кереметтер деп айтпаймыз, бірақ өздерінің қажеттерін өтеуі дейміз. Өйткені, Аллаһ Тағала масқаралау, жазалау үшін олардың қажеттерін өтеуге мүмкіндік береді. Сөйтіп олар күпірліктері мен қарсылықтарын арттырады. Міне, бұның бәрі мүмкін іс.

وَكَانَ اللَّهُ خَالِقًا قَبْلَ أَنْ يَخْلُقَ، وَرَازِقًا قَبْلَ أَنْ يَرْزُقَ.

Аллаһ Тағала барша жаратылысты жаратпай тұрып жаратушы, ризықтандырмай тұрып ризықтандырушы болды.

وَاللَّهُ تَعَالَى يُرَى فِي الْآخِرَةِ، وَيَرَاهُ الْمُؤْمِنُونَ وَهُمْ فِي الْجَنَّةِ

بَاعَيْنِ رُؤُوسَهُمْ بِلاَ تَشْبِيهِ وَلَا كَيْفِيَّةٍ وَلَا كِمِّيَّةٍ وَلَا يَكُونُ
بَيْنَهُ وَبَيْنَ خَلْقِهِ مَسَافَةٌ.

Аллаһ Тағала ақыретте көрінеді, мүминдер жәннатта көздерімен ұқсағусыз, кейіпсіз, шектеусіз (белгілі бір мөлшерсіз) және араларында арақашықтық болмастан Аллаһ Тағаланы көреді.

وَالْإِيمَانُ هُوَ الْإِقْرَارُ وَالتَّصَدِيقُ.

Иман дегеніміз – тілмен айту, жүрекпен сену.

وَالْإِيمَانُ أَهْلُ السَّمَاءِ وَالأَرْضِ لَا يَزِيدُ وَلَا يَنْقُصُ.

Аспандағы (періштелер) мен жердегілердің (мүмин пенделердің) имандары көбеймейді де азаймайды.

وَالْمُؤْمِنُونَ مُسْتَوُونَ فِي الْإِيمَانِ وَ التَّوْحِيدِ مُتَفَاوِلُونَ فِي
الْأَعْمَالِ.

Мүминдер иманда және таухидте (Аллаһты тануда) тең де, амалдарда (құлшылық жасауда) әртүрлі болады.

وَالْإِسْلَامُ هُوَ التَّسْلِيمُ وَ الانْقِيَادُ لِأَوَامِرِ اللَّهِ تَعَالَى، فِي طَرِيقِ
اللُّغَةِ فَرَقَ بَيْنَ الْإِيمَانِ وَالْإِسْلَامِ وَلَكِنْ لَا يَكُونُ إِيْمَانٌ بِلاَ
إِسْلَامٍ، وَلَا إِسْلَامٌ بِلاَ إِيْمَانٍ، فَهُمَا كَالظَّهْرِ مَعَ الْبَطْنِ.

Ислам дегеніміз – Аллаһ Тағаланың әмірлеріне бағыну әрі бойұсыну. Иман мен Исламның тілдік мағынасы екі түрлі, бірақ Исламсыз иман, имансыз Ислам болмайды. Ислам мен Иман бір заттың іші мен сырты сияқты (бірінсіз бірі болмайды).

وَالدِّينُ اسْمٌ وَقَعَ عَلَى الْإِيمَانِ وَالْإِسْلَامِ وَالشَّرَائِعِ كُلِّهَا.

Дін дегеніміз – Ислам мен иман және шариғаттың барлығына берілген бір есім.

نَعْرِفُ اللَّهَ تَعَالَى حَقَّ مَعْرِفَتِهِ كَمَا وَصَفَ نَفْسَهُ وَلَيْسَ يَقْدِرُ
أَحَدٌ أَنْ يَعْبُدَ اللَّهَ تَعَالَى حَقَّ عِبَادَتِهِ كَمَا هُوَ أَهْلٌ لَهُ، لَكِنَّهُ
يَعْبُدُهُ بِأَمْرِهِ، كَمَا أَمَرَ. وَيَسْتَوِي الْمُؤْمِنُونَ كُلُّهُمْ فِي الْمَعْرِفَةِ
وَالْيَقِينِ وَالتَّوَكُّلِ وَالْمَحَبَّةِ وَالرِّضَاءِ وَالْخَوْفِ وَالرَّجَاءِ وَالْإِيمَانِ،
وَيَتَفَاوَتُونَ فِي مَا دُونَ الْإِيمَانِ فِي ذَلِكَ كُلِّهِ.

Аллаһ Тағаланы Ол Өзін сипаттағанындай шынайы түрде танимыз. Ешбір адам, тіпті, құлшылық етуші жан да Аллаһ Тағалаға шынайы құлшылық қылуға шамасы жетпейді (яғни, пенде үзбестен, әркез құлшылық, зікір, шүкір етіп тұра алмайды). Бірақ, Аллаһтың әміріне сай құлшылық қылады. Мүминдердің барлығы Аллаһты тану, шынайы сенім, тәуекел ету, жақсы көру, разы болу, қорқу, үміттену мен иманда тең және иманнан басқасында әртүрлі болады.

وَاللَّهُ تَعَالَى مُتَفَضِّلٌ عَلَى عِبَادِهِ، عَادِلٌ، قَدْ يُعْطَى مِنَ الثَّوَابِ

أَضْعَافَ مَا يَسْتَجِبُهُ الْعَبْدُ تَفْضُلًا مِنْهُ، وَقَدْ يُعَاقَبُ عَلَى الذَّنْبِ
عَدْلًا مِنْهُ، وَقَدْ يَعْفُو فَضْلًا مِنْهُ.

Аллаһ Тағала пенделерін (бір-бірінен) ардақтаушы әрі әділдік қылушы. Аллаһ Тағала өз кеңшілігімен сауапқа лайықты пенделеріне сауабын еселеп береді. Және Әділдігімен күнәсына қарай (күнә жасаушы пендені) жазалайды.

وَالشَّفَاعَةُ الْأَنْبِيَاءِ عَلَيْهِمُ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ حَقٌّ، وَشَفَاعَةُ نَبِيِّنَا
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ وَسَلَّمَ لِلْمُؤْمِنِينَ الْمُدْنِيِّينَ، وَأَهْلِ
الْكِبَائِرِ مِنْهُمْ الْمُسْتَوْجِبِينَ لِلْعِقَابِ حَقٌّ ثَابِتٌ.

Пайғамбарлардың (Оларға Аллаһтың сәлемі болсын) шапағаты – хақ. Пайғамбарымыздың (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) шапағаты мұминдердің күнәһарларына және азапқа лайықты үлкен күнә жасаушыларға да болатыны – хақ.

وَوَزْنُ الْأَعْمَالِ بِالْمِيزَانِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ حَقٌّ، وَالْقِصَاصُ فِيمَا بَيْنَ
الْخُصُومِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَإِنْ لَمْ يَكُنْ لَهُمُ الْحَسَنَاتُ طُرِحَ السَّيِّئَاتُ
عَلَيْهِمْ جَائِزٌ وَحَقٌّ.

Қиямет күні амалдардың таразымен өлшенетіні – хақ. Және Қиямет күні залым мен зәбір көрушінің

арасында алынатын жаза да – хақ, егер залымның берер жақсылығы болмаса, зәбір көрушінің жамандықтары залымға берілетіні де – мүмкін іс әрі хақ.

وَالْحَوْضُ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَقٌّ، وَالْجَنَّةُ وَالنَّارُ
مَخْلُوقَتَانِ الْيَوْمَ لَا تَفْنِيَانِ أَبَدًا.

Пайғамбарымыздың (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) хауды (хәуізі) – хақ. Жәннат пен Тозақ жаратылып қойылған, ешқашан аяқталмайды.

وَاللَّهُ تَعَالَى يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ فَضْلًا مِنْهُ، وَيُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ عَدْلًا
مِنْهُ، وَإِضْلَالُهُ خِذْلَانُهُ، وَتَفْسِيرُ الْخِذْلَانِ: أَنْ لَا يُؤَفَّقَ الْعَبْدَ إِلَى
مَا يَرْضَاهُ مِنْهُ، وَهُوَ عَدْلٌ مِنْهُ، وَكَذَا عُقُوبَةُ الْمَخْذُولِ عَلَى
الْمَعْصِيَةِ.

Аллаһ Тағала қалағанын Кеңшілігімен тура жолға салады. Және қалағанын Әділдігімен адастырады. Адастыруы дегеніміз – жәрдемсіз қалдыруы. Жәрдемсіз қалдыруы дегеніміздің түсіндірмесі: Аллаһ Тағала пендені разы болған ісіне (иман келтіру, жақсылық жасау сияқты) сәйкес келтірмеуі. Бұл Аллаһтың әділдігі, сол сияқты жәрдемсіз қалған пенденің күнәсіне орай жаза алуы да осылай.

وَلَا نَقُولُ إِنَّ الشَّيْطَانَ يَسْلُبُ الْإِيمَانَ مَنْ عَبْدَهُ الْمُؤْمِنُ قَهْرًا وَ

جَبْرًا، وَلَكِنْ نَقُولُ الْعَبْدُ يَدْعُ الْإِيمَانَ فَإِذَا تَرَكَهُ فَحِينَئِذٍ يَسْلُبُهُ مِنْهُ الشَّيْطَانُ.

Шайтан мүминнен иманды мәжбүрлеп және күштеп кетіре алмайды. Бірақ, пенде иманын тастай салады дейміз, пенде иманын тастаған кезде шайтан оны иманнан кетіреді.

وَسْأَلُ مَنْكَرٍ وَنَكِيرٍ فِي الْقَبْرِ حَقٌّ، وَإِعَادَةُ الرُّوحِ إِلَى الْعَبْدِ فِي قَبْرِهِ حَقٌّ، وَضَغْطَةُ الْقَبْرِ حَقٌّ وَعَذَابُهُ حَقٌّ كَائِنْ لِلْكَافِرِ كُلِّهِمْ وَلِبَعْضِ الْمُسْلِمِينَ.

Көрде Мүнкәр мен Нәкирдің сұрақ алатыны – хақ.

Пендеге қабірінде рухы қайтарылатындығы да – хақ. Және қабірдің тарылатындығы да, дінсіздердің барлығы әрі кейбір күнәһар мұсылмандардың көр азабына ұшырайтындығы да – хақ.

وَكُلُّ مَا ذَكَرَهُ الْعُلَمَاءُ بِالْفَارِسِيَّةِ مِنْ صِفَاتِ اللَّهِ تَعَالَى عَزَّتْ أَسْمَاؤُهُ وَتَعَالَتْ صِفَاتُهُ فَجَائِزُ الْقَوْلِ بِهِ، سِوَى الْيَدِ بِالْفَارِسِيَّةِ، وَيَجُوزُ أَنْ يُقَالَ بِرُؤْيِ خَدَا بِلَا تَشْبِيهِ وَلَا كَيْفِيَّةٍ.

Ғұламалардың барлығы есімдері, ұлы сипаттары (түсініктер мен ойлардан) пәк Аллаһ Тағаланың сипаттарын (мағынасы ұқсас) парсы тілінде (яғни араб тілінен басқа тілдерде) атап өту дұрыс, тек «иәд» сөзін

«қол» деп парсыша (басқа тілде) айтуға болмайды. Бірақ Аллаһтың «уәжһі» деп ұқсатусыз, кейіпсіз парсыша (басқа тілде де) атап өтуге болады дейді.

وَلَيْسَ قُرْبُ اللَّهِ تَعَالَى وَلَا بُعْدُهُ مِنْ طَرِيقِ طَوْلِ الْمَسَافَةِ وَقَصْرُهَا وَلَا عَلَى مَعْنَى الْكِرَامَةِ وَالْهَوَانِ، وَلَكِنْ الْمُطِيعُ قَرِيبٌ مِنْهُ بِلَا كَيْفٍ، وَالْعَاصِي بَعِيدٌ عَنْهُ بِلَا كَيْفٍ، وَالْقُرْبُ وَالْبُعْدُ وَالْإِقْبَالُ يَقَعُ عَلَى الْمُنَاجَى. وَكَذَلِكَ جَوَارُهُ فِي الْجَنَّةِ، وَالْوُقُوفُ بَيْنَ يَدَيْهِ بِلَا كَيْفٍ.

Аллаһ Тағаланың жақындығы мен алыстығы арақашықтықтың ұзын, қысқалығында емес, тіпті, жақсылық пен қорлық мағынасында да емес. Алайда, бойсұнушы еш кейіпсіз Аллаһқа жақын (ұқсатусыз). Күнәһар еш кейіпсіз Аллаһтан алыс (ұқсатусыз). Ал жақындық, алыстық, жүз бұру мінәжат қылушыда болады. Осылайша пенденің жәннатта Аллаһ Тағалаға көрші болуы және пенденің Аллаһтың құзырында болуы да еш кейіпсіз.

وَالْقُرْآنُ مُنَزَّلٌ عَلَى رَسُولِ اللَّهِ وَهُوَ فِي الْمُصْحَفِ مَكْتُوبٌ، وَآيَاتُ الْقُرْآنِ كُلُّهَا فِي مَعْنَى الْكَلَامِ مُسْتَوِيَةٌ فِي الْفَضِيلَةِ وَالْعَظَمَةِ، إِلَّا أَنَّ لِبَعْضِهَا فَضِيلَةَ الذِّكْرِ وَفَضِيلَةَ الْمَذْكُورِ مِثْلُ

كُنَّ جَمِيعًا بَنَاتِ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَعَلَى آلِهِ وَ سَلَّمَ
وَرَضِيَ عَنْهُنَّ.

Қасым, Таһир, Ибраһим – Пайғамбарымыздың (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) ұлдары; Фатима, Зәйнәб, Руқия, Үмму Күлсүм (Аллар оларға разы болсын) – Пайғамбарымыздың (Оған және отбасына Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) қыздары.

وَإِذَا أَشْكَلَ عَلَى الْإِنْسَانِ شَيْءٌ مِنْ دَقَائِقِ عِلْمِ التَّوْحِيدِ فَيَنْبَغِي لَهُ أَنْ يَتَقَدَّ فِي الْحَالِ مَا هُوَ الصَّوَابُ عِنْدَ اللَّهِ تَعَالَى، إِلَى أَنْ يَجِدَ عَالِمًا فَيَسْأَلَهُ، وَ لَا يَسْعُهُ تَأْخِيرُ الطَّلَبِ، وَ لَا يُعْذَرُ بِالْوَقْفِ فِيهِ، وَ يَكْفُرُ إِنْ وَقَفَ.

Таухид ілімінің нәзік мәселелеріне орай бір нәрсеге адам күмән келтірсе, дереу оның дұрысына иман келтіруі тиіс, сондықтан ғалымды тауып одан сұрауы керек, талап қылуды кешіктіруге болмайды, тоқтап тұру (мәселені сұрамай) үзір саналмайды, ал егер тоқтап қалса, имансызға айналады.

وَخَبَرُ الْمِعْرَاجِ حَقٌّ، فَمَنْ رَدَّهُ فَهُوَ ضَالٌّ مُبْتَدِعٌ، وَ خُرُوجُ الدَّجَالِ، وَ يَأْجُوجَ وَ مَاْجُوجَ، وَ طُلُوعُ الشَّمْسِ مِنْ مَغْرِبِهَا، وَ نُزُولُ عِيسَى عَلَيْهِ السَّلَامُ مِنَ السَّمَاءِ، وَ سَائِرُ عَلَامَاتِ يَوْمِ


آيَةِ الْكُرْسِيِّ، بَأَنَّ الْمَذْكُورَ فِيهَا جَلَالُ اللَّهِ وَ عَظَمَتُهُ وَ صِفَتُهُ، فَاجْتَمَعَتْ فِيهَا فَضِيلَتَانِ: فَضِيلَةُ الذَّكْرِ، فَضِيلَةُ الْمَذْكُورِ، وَ فِي صِفَةِ الْكُفَّارِ فَضِيلَةُ الذَّكْرِ فَحَسْبُ، وَلَيْسَ فِي الْمَذْكُورِ وَهُمْ الْكُفَّارُ فَضِيلَةٌ، وَكَذَلِكَ الْأَسْمَاءُ وَالصِّفَاتُ كُلُّهَا مُسْتَوِيَةٌ فِي الْفَضِيلَةِ وَ الْعَظَمَةِ لَا تَفَاوُتَ بَيْنَهُمَا.

Құран Аллаһтың Елшісіне (Оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) түсірілген. Ол Кітапта жазылған. Құран аяттарының бәрі сөйлем мағынасында артықшылықта, ұлықтықта өзара тең. Тек кейбірінің зікір (аяттығы) жағынан, ал кейбірінің мағынасы жөнінен артықшылығы бар, мысалы, «аятүл-күрси» сияқты. «Аятүл-күрсиде» Аллаһ Тағаланың ұлықтығын, үстемдігін, сипаттарын білдіретін мән-мағына бар, сондықтан да ол екі (зікір есепті де, мағынасы жағынан да) артықшылыққа ие. Дінсіздерді сипаттайтын аяттардың тек аяттығы жағынан ғана артықшылығы бар, мағынасы жағынан жоқ, өйткені, олар дінсіздер. Осылайша Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарының барлығы артықшылықта, ұлықтықта тең, араларында айырмашылық жоқ (бір-бірінен артық емес).

وَقَاسِمٌ وَ طَاهِرٌ وَ إِبْرَاهِيمُ كَانُوا بَنَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ عَلَى آلِهِ وَ سَلَّمَ، وَ فَاطِمَةُ وَ زَيْنَبُ وَ رُقِيَّةُ وَ أُمُّ كُلْثُومُ

الْقِيَامَةِ عَلَى مَا وَرَدَتْ بِهِ الْأَخْبَارُ الصَّحِيحَةُ حَقٌّ كَائِنْ، وَاللَّهُ
يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ .

Миғраж (Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аспанға көтерілуі) – хақ. Кім бұны мойындамаса бидғатшы (діннің негізіне жаңалық енгізуші), адасқаны. Дәжжәлдың шығуы, ияжүж бен мәжүж (Қиямет жақындағанда шығатын топ), күннің батыстан шығуы, Исаның (Оған Аллаһтың сәлемі болсын) аспаннан түсуі және де сахих хадистерде келтірілген Қияметтің белгілерінің барлығы – хақ. Аллаһ Тағала қалағанын тура жолға бастайды.



ИМАМ ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ӨСИЕТІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Мейрімді, рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

متن وصية الإمام أبي حنيفة

اعْلَمُوا يَا أَصْحَابِي وَإِخْوَانِي أَنَّ مَذْهَبَ أَهْلِ السُّنَّةِ وَالْجَمَاعَةِ عَلَى اثْنَتَيْ عَشْرَةَ خَصْلَةً، فَمَنْ كَانَ يَسْتَقِيمُ عَلَى هَذِهِ الْخِصَالِ لَا يَكُونُ مُتَدِعًا، وَلَا صَاحِبَ هَوًى، فَعَلَيْكُمْ بِهِذِهِ الْخِصَالِ حَتَّى تَكُونُوا فِي شَفَاعَةِ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ.

Уа, халқым! Бауырларым! Біліп қойыңдар, Әһлүс-сүннәт¹⁸¹ уәл жамағат¹⁸² мәзһәбында он екі қасиет бар.

¹⁸¹ (السنة) сүннәт – тілде жол деген мағына береді, діндегі мағынасы - Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) салып, қалыптастырып кеткен жолы.

¹⁸² (الجماعة) жамағат - Мұхаммед (оған Аллаһтың сәлемі мен игіліктері болсын) пайғамбарымыздың жолын ұстанушы қауым.

Кімде-кім осы қасиеттерді бекем ұстаса, ол ешқашан бидғатшы¹⁸³ әрі жалғаншылардан саналмайды. Пайғамбарымыздың (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) шапағатына ие жеткізулерің үшін сендерге осы қасиеттерді жүзеге асыру міндет.

الوصية الأولى

Бірінші өсиет

الإِيمَانُ إِقْرَارٌ بِاللَّسَانِ وَتَصْدِيقٌ بِالْحَنَانِ، وَالْإِقْرَارُ وَحْدَهُ لَا يَكُونُ إِيْمَانًا، لِأَنَّهُ لَوْ كَانَ إِيْمَانًا لَكَانَ الْمُتَنَافِقُونَ كُلُّهُمْ مُؤْمِنِينَ، وَكَذَلِكَ الْمَعْرِفَةُ وَحْدَهَا لَا تَكُونُ إِيْمَانًا، لِأَنَّهَا لَوْ كَانَتْ إِيْمَانًا لَكَانَ أَهْلُ الْكِتَابِ كُلُّهُمْ مُؤْمِنِينَ، قَالَ اللَّهُ تَعَالَى فِي حَقِّ الْمُتَنَافِقِينَ: ﴿وَاللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّ الْمُتَنَافِقِينَ لَكَاذِبُونَ﴾، وَقَالَ تَعَالَى فِي حَقِّ أَهْلِ الْكِتَابِ: ﴿الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ﴾.

Иман дегеніміз – тілмен айтып, жүрекпен бекіту. Жалғыз тілмен ғана айту, иманның кәміл болуы үшін жеткіліксіз. Егер тілмен айтудың бір өзі кәміл (толыққанды) иман болса, екіжүзділердің барлығы

¹⁸³ (діннің негізіне жаналық енгізушілерден)

мүмин саналар еді. Сол сияқты Аллаһты ғана танып қою да иманның толыққанды кемеліне келуі үшін жеткіліксіз, өйткені, танып қана қою толыққанды иман болса, онда Кітап иелерінің (христиан мен иахудиер) бәрі де мүмин саналар еді. Екі жүзділер жайында Аллаһ Тағала:

﴿وَاللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّ الْمُنَافِقِينَ لَكَاذِبُونَ﴾

«Сондай-ақ Аллаһ Тағала расында екі жүзділердің мүлдем өтірікші екендігіне куәлік етеді»¹⁸⁴. Және Кітап иелері жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ﴾

«Өздеріне кітап бергендеріміз Мұхаммедті (Оған Аллаһтың сәлем мен игілігі болсын) ұлдарын танығандай таниды»¹⁸⁵.

وَالْإِيمَانُ لَا يَزِيدُ وَلَا يَنْقُصُ، لَأَنَّهُ لَا يَتَصَوَّرُ نُقْصَانُهُ إِلَّا بِزِيَادَةِ الْكُفْرِ، وَلَا تَتَصَوَّرُ زِيَادَتُهُ إِلَّا بِنُقْصَانِ الْكُفْرِ، وَكَيْفَ يَجُوزُ أَنْ يَكُونَ الشَّخْصُ الْوَاحِدُ فِي حَالَةٍ وَاحِدَةٍ مُؤْمِنًا وَكَافِرًا!؟

Иман көбеймейді де, азаймайды. Өйткені, иман азайса – күпірліктің артқаны. Ал көбейсе – күпірліктің азайғанын білдіреді. Ал енді бір адамның бір уақытта мүмин әрі имансыз болуы мүмкін емес.

¹⁸⁴ «Мұнафиқун» сүресі, 1-аят.

¹⁸⁵ «Бақара» сүресі, 146-аят.

وَالْمُؤْمِنُ مُؤْمِنٌ حَقًّا، وَالْكَافِرُ كَافِرٌ حَقًّا، وَلَيْسَ فِي الْإِيمَانِ شَكٌّ، كَمَا أَنَّهُ لَيْسَ فِي الْكُفْرِ شَكٌّ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿أُولَئِكَ هُمُ الْمُؤْمِنُونَ حَقًّا﴾، وَ﴿أُولَئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ حَقًّا﴾، وَالْعَاصُونَ مِنْ أُمَّةٍ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كُلُّهُمْ مُؤْمِنُونَ وَلَيْسُوا بِكَافِرِينَ.

Мүмин ғана шынайы мүмин бола алады, ал дінсіз тек қана дінсіз бола алады. Күпірлікте күмән болмағаны сияқты, иманда да күмән болмайды. Аллаһ Тағала:

﴿أُولَئِكَ هُمُ الْمُؤْمِنُونَ حَقًّا﴾

«Міне солар, шынайы мұминдер»¹⁸⁶ десе және бір аятта:

﴿أُولَئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ حَقًّا﴾

«Міне олар анық кәфирлер»¹⁸⁷ - деді.

Және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) үмметіндегі күнәһарлардың барлығы мұсылман, олар имансыз емес.

وَالْعَمَلُ غَيْرُ الْإِيمَانِ، وَالْإِيمَانُ غَيْرُ الْعَمَلِ، بِدَلِيلِ أَنْ كَثِيرًا مِنَ الْأَوْقَاتِ يَرْتَفِعُ الْعَمَلُ عَنِ الْمُؤْمِنِ، وَلَا يَجُوزُ أَنْ يُقَالَ: ارْتَفَعَ

¹⁸⁶ «Әнфәл» сүресі, 4-аят.

¹⁸⁷ «Ниса» сүресі, 151-аят.

عَنْهُ الْإِيمَانُ، فَإِنَّ الْحَائِضَ رَفَعَ اللَّهُ سُبْحَانَهُ وَ تَعَالَى عَنْهَا
الصَّلَاةُ، وَ لَا يَحُوزُ أَنْ يُقَالَ: رَفَعَ عَنْهَا الْإِيمَانَ وَ أَمَرَهَا بِتَرْكِ
الْإِيمَانِ، وَقَدْ قَالَ لَهَا الشَّارِعُ: دَعِيَ الصَّوْمَ ثُمَّ أَقْضِيهِ، وَ لَا
يَحُوزُ أَنْ يُقَالَ: دَعِيَ الْإِيمَانَ ثُمَّ أَقْضِيهِ، وَ يَحْثُوزُ أَنْ يُقَالَ:
لَيْسَ عَلَى الْفَقِيرِ الزَّكَاةُ، وَ لَا يَحُوزُ أَنْ يُقَالَ: لَيْسَ عَلَى الْفَقِيرِ
الْإِيمَانُ.

Құлшылық иманның бір бөлігі емес, сол сияқты иман да құлшылықтан емес. Кей жағдайда мұминнің мойнынан құлшылық жасау міндеті түсіріледі, бірақ, одан иман келтіру парызы түседі деп айтылмайды. Мысалы, етеккірі келген әйелден Аллаһ Тағала намаз үкімін алып тастады, бірақ, одан иманды да түсірді, иманды тастауға бұйырды деп айтуға болмайды. Шын мәнінде Аллаһ Тағала оған (етеккірі келген әйелге) «оразанды үз, кейін өтейсің» деді емес пе? Алайда, «иманға келмей тұра тұр, кейін өтеп бересің» деп айта алмаймыз. Сол сияқты, кедейге зекет беру міндет емес десе де, оған иман келтірмесең болады деу дұрыс емес.

وَتَقْدِيرُ الْخَيْرِ وَ الشَّرِّ كُلُّهُ مِنَ اللَّهِ تَعَالَى، لِأَنَّهُ لَوْ زَعَمَ أَحَدٌ أَنْ
تَقْدِيرَ الْخَيْرِ وَ الشَّرِّ مِنْ غَيْرِهِ لَصَارَ كَافِرًا بِاللَّهِ تَعَالَى وَ بَطَلَ
تَوْحِيدُهُ.

Тағдырдағы жақсылық пен жамандықтың барлығы Аллаһ Тағаладан. Кімде-кім ондағы жақсылық пен жамандық Аллаһ Тағаладан басқа біреуден келеді деп сенсе, имансызға айналып, Аллаһты бірлеуі (тануы) бекерге шығады.

الوصية الثانية

Екінші өсиет

نُقِرُّ بِأَنَّ الْأَعْمَالَ ثَلَاثَةٌ: فَرِيضَةٌ وَفَضِيلَةٌ وَمَعْصِيَةٌ، فَالْفَرِيضَةُ
بِأَمْرِ اللَّهِ وَمَشِيئَتِهِ وَمَحَبَّتِهِ وَرِضَائِهِ وَقَضَائِهِ وَقَدْرِهِ وَتَخْلِيقِهِ
وَحُكْمِهِ وَعِلْمِهِ وَتَوْفِيقِهِ وَكِتَابَتِهِ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ.

Амалдар үш түрлі болатындығы бекітілген. Олар: парыз амалдар, қосымша амалдар және күнә істер.

Парыз – Аллаһ Тағаланың бұйрығымен, қалауымен, жақсы көруімен, разы болуымен, тағдырда белгілеуімен, шешімімен, жаратуымен, үкімімен, ілімімен, жәрдем беруімен әрі Әл-Ләухта (тақтада) жазып қоюымен болады.

وَالْفَضِيلَةُ لَيْسَتْ بِأَمْرِ اللَّهِ تَعَالَى، وَلَكِنْ بِمَشِيئَتِهِ وَمَحَبَّتِهِ
وَرِضَائِهِ وَقَضَائِهِ وَقَدْرِهِ وَحُكْمِهِ وَعِلْمِهِ وَتَوْفِيقِهِ وَتَخْلِيقِهِ
وَكِتَابَتِهِ فِي اللُّوحِ الْمَحْفُوظِ.

Ал қосымша амалдар Аллаһ Тағаланың бұйрығымен емес, бірақ қалауымен, жақсы көруімен, разы болуымен, шешімімен, тағдырда белгілеуімен, үкімімен, ілімімен, жәрдем беруімен және жаратуымен әрі Әл-Ләухта (*тақтада*) жазып қоюымен орындалады.

وَالْمَعْصِيَةُ لَيْسَتْ بِأَمْرِ اللَّهِ تَعَالَى، وَلَكِنْ بِمَشِيئَتِهِ لَا بِمَحَبَّتِهِ،
وَبِقَضَائِهِ لَا بِرِضَائِهِ، وَبِتَقْدِيرِهِ لَا بِتَوْفِيقِهِ، وَبِخُزْنِهِ وَعِلْمِهِ
وَكِتَابَتِهِ فِي اللَّوْحِ الْمَحْفُوظِ.

Күнә істер Аллаһ Тағаланың әмірімен, разы болуымен, жәрдем беруімен, жақсы көруімен болмайды, бірақ, қалауымен, шешімімен, тағдырында белгілеуімен, жәрдемсіз қалдыруымен, ілімімен әрі Әл-Ләухта (*тақтада*) жазып қоюымен жүзеге асады.

الوصية الثالثة

Үшінші өсиет

نَقْرُ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى، مِنْ غَيْرِ أَنْ تَكُونَ لَهُ
حَاجَةٌ وَاسْتِقْرَارٌ عَلَيْهِ، وَهُوَ حَافِظُ الْعَرْشِ وَغَيْرِ الْعَرْشِ مِنْ
غَيْرِ احتِياجٍ، فَلَوْ كَانَ مُحْتَاجًا لَمَا قَدَّرَ عَلَى إِبْجَادِ الْعَالَمِ وَ
تَدْبِيرِهِ كَالْمَخْلُوقِينَ، وَلَوْ كَانَ مُحْتَاجًا إِلَى الْجُلُوسِ وَالْقَرَارِ
فَقَبَّلَ خَلْقِ الْعَرْشِ أَيْنَ كَانَ اللَّهُ؟ تَعَالَى اللَّهُ عَنْ ذَلِكَ عُلُوًّا
كَبِيرًا.

Аллаһ Тағаланың Аршыға ешбір қажетсіз әрі оған орнығусыз истәуэ¹⁸⁸ қылғанына иман келтіреміз. Аллаһ Тағала Аршыны да, одан басқаны да сақтаушы әрі оған мұқтаж емес. Егер Аллаһ Тағала Аршыға мұқтаждық танытса, жаратылған мақұлықтарының деңгейіне түсіп, әлемдерді жаратуға, басқаруға шамасы келмес еді. Егер Аллаһ Тағала оған отыруға, орнығуға мұқтаждық танытса, Аршы жаратылмай тұрып Аллаһ қайда болды? Аллаһ Тағала мұндай кемшіліктерден биік әрі пәк.

الوصية الرابعة

Төртінші өсиет

نَقْرُ بِأَنَّ الْقُرْآنَ كَلَامُ اللَّهِ غَيْرُ مَخْلُوقٍ وَوَحْيُهُ وَتَنْزِيلُهُ
لَا هُوَ وَلَا غَيْرُهُ، بَلْ هُوَ صِفَتُهُ عَلَى التَّحْقِيقِ، مَكْتُوبٌ فِي
الْمَصَاحِفِ، مَقْرُوءٌ بِالْأَلْسِنَةِ، مَحْفُوظٌ فِي الصُّدُورِ، غَيْرُ حَالٍ
فِيهَا، وَالْحَبْرُ وَالْكَاغِدُ وَالْكِتَابَةُ كُلُّهَا مَخْلُوقَةٌ لِأَنَّهَا أَفْعَالُ
الْعِبَادِ، وَكَلَامُ اللَّهِ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى غَيْرُ مَخْلُوقٍ، لِأَنَّ الْكِتَابَةَ
وَالْحُرُوفَ وَالكَلِمَاتِ دَلَالَةُ الْقُرْآنِ لِحَاجَةِ الْعِبَادِ إِلَيْهَا، وَ

¹⁸⁸ «Истәуэ» сөзі араб тілінде «менгеру», «орнығу», «отыру», «басқару», т. б. бірнеше мағынада қолданылып келген. Халаф ғалымдары осы сөздердің ішіндегі Аллаһтың сипатына лайықты мағынасын алып, астарлап түсіндірген. Тауил жасау – таухид ілімін терең пайымдай бермейтін жалпы халықты қате ұғымнан, оялардан сақтау.

كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى قَائِمٌ بِذَنبِهِ، وَ مَعْنَاهُ مَفْهُومٌ بِهَذِهِ الْأَشْيَاءِ، فَمَنْ قَالَ بَأَنَّ كَلَامَ اللَّهِ تَعَالَى مَخْلُوقٌ فَهُوَ كَافِرٌ بِاللَّهِ الْعَظِيمِ، وَاللَّهُ تَعَالَى مَعْبُودٌ لَا يَزَالُ عَمَّا كَانَ، وَ كَلَامُهُ مَقْرُوءٌ وَ مَكْتُوبٌ وَ مَحْفُوظٌ مِنْ غَيْرِ مُزَايَلَةٍ عَنْهُ.

Құран – Аллаһ Тағаланың сөзі, ол жаратылмаған, Құран – Аллаһтың уахиы және түсірген Кітабы деп иман келтіреміз. Ол – қағаз беттеріне жазылған, тілмен оқылатын, жүректерде жатталатын Аллаһ Тағаланың сөзі, кітаптарға, жүректерге, тілдерге байланысты емес, Аллаһ Тағаланың сипаты. Сиясы, қағазы, жазылуына келсек, олардың барлығы жаратылған, өйткені ол нәрселер пенденің істерінен. Аллаһ Тағаланың сөзі жаратылмаған, ал жазу, әріптер, сөздер, аяттар бұл нәрселерді пенде қажет қылғандықтан Құранның дәлелі болып есептеледі. Аллаһ Тағаланың сөзі Өзіне тән сипаттарының бірінен, оның мағынасы осы нәрселермен түсіндіріледі. Ал енді кімде-кім Аллаһ Тағаланың сөзі жаратылған десе, ол діннен шығады. Құлшылық мәңгі өзгермейтін Аллаһ Тағалаға ғана бағышталады, Оған ғана лайық. Аллаһ Тағаланың сөзі оқылып, жазылып, жатталса да, Оның сипатынан ажырамайды.

الوصية الخامسة

Бесінші өсиет

نَقَرُ بَأَنَّ أَفْضَلَ هَذِهِ الْأُمَّةِ بَعْدَ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : أَبُو بَكْرٍ الصِّدِّيقُ، ثُمَّ عُمَرُ، ثُمَّ عُثْمَانُ، ثُمَّ عَلِيٌّ رِضْوَانُ

اللَّهِ عَلَيْهِمْ أَجْمَعِينَ، لِقَوْلِ تَعَالَى: ﴿وَالسَّابِقُونَ السَّابِقُونَ أُولَئِكَ الْمُقَرَّبُونَ فِي جَنَّاتِ النَّعِيمِ﴾، وَ كُلُّ مَنْ كَانَ كَانَ أَسْبَقَ فَهُوَ أَفْضَلُ، وَ يُحِبُّهُمْ كُلُّ مُؤْمِنٍ تَقِيٍّ، وَ يُنْغِضُهُمْ كُلُّ مُنَافِقٍ شَقِيٍّ.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) кейінгі осы үмбеттің ең абзал адамдары: Әбу Бәкір, Омар, Осман, Али (Олардың барлығына Аллаһ разы болсын) екенін мойындаймыз. Аллаһ Тағала:

﴿وَالسَّابِقُونَ السَّابِقُونَ أُولَئِكَ الْمُقَرَّبُونَ فِي جَنَّاتِ النَّعِيمِ﴾

«Озаттар алдыңғы қатарда болады. Міне, солар, Аллаһқа жақын жандар. Жәннәтта нығметке бөленеді»¹⁸⁹. Бізден бұрын өткендер (сахабалар) абзал адамдар, оларды әрбір тақуа мұмин жақсы көреді, ал бақытсыз, екіжүзділер жек көреді.

الوصية السادسة

Алтыншы өсиет

نَقَرُ بَأَنَّ الْعَبْدَ مَعَ أَعْمَالِهِ وَ إِقْرَارِهِ وَ مَعْرِفَتِهِ مَخْلُوقٌ، فَلَمَّا كَانَ الْفَاعِلُ مَخْلُوقًا فَأَفْعَالُهُ أَوْلَى أَنْ تَكُونَ مَخْلُوقَةً.

¹⁸⁹ «Уақиға» сүресі, 10,11,12-аяттар.

Пенденің өзі де, істері де, куәлік беруі мен Аллаһты тануы да жаратылған нәрселер екендігіне иман келтіреміз. Егер адамның өзі жаратылған мақұлық болса, онда істерінің де жаратылған нәрселер екендігі (оның табиғатына) әлдеқайда лайығырақ (ақиқат).

الوصية السابعة

Жетінші өсиет

نَقَرُ بَانَ اللَّهِ تَعَالَى خَلَقَ الْخَلْقَ وَلَمْ يَكُنْ لَهُمْ طَاقَةٌ،
لَأَنَّهُمْ ضِعْفَاءُ عَاجِزُونَ، وَاللَّهُ خَالِقُهُمْ وَرَازِقُهُمْ، لِقَوْلِهِ
تَعَالَى: ﴿اللَّهُ الَّذِي خَلَقَكُمْ ثُمَّ رَزَقَكُمْ ثُمَّ يُمِيتُكُمْ ثُمَّ يُحْيِيكُمْ﴾،
وَالْكَسْبُ حَلَالٌ، وَجَمْعُ الْمَالِ مِنَ الْحَلَالِ
حَلَالٌ، وَجَمْعُ الْمَالِ مِنَ الْحَرَامِ حَرَامٌ، وَالنَّاسُ عَلَى ثَلَاثَةِ
أَصْنَافٍ: الْمُؤْمِنُ الْمُخْلِصُ فِي إِيمَانِهِ، وَالْكَافِرُ الْجَاهِلُ
فِي كُفْرِهِ، وَالْمُنَافِقُ الْمُدَاهِنُ فِي نِفَاقِهِ. وَاللَّهُ تَعَالَى فَرَضَ
عَايَ الْمُؤْمِنِ الْعَمَلَ، وَعَلَى الْكَافِرِ الْإِيمَانَ، وَعَلَى الْمُنَافِقِ
الْإِخْلَاصَ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ﴾،
يَعْنِي أَيُّهَا الْمُؤْمِنُونَ أَطِيعُوا، وَأَيُّهَا الْكَافِرُونَ آمِنُوا، وَأَيُّهَا
الْمُنَافِقُونَ أَخْلِصُوا.

Әлбетте, Аллаһ Тағаланың барша жаратылысты жаратқандығына және олардың өз бетімен еш нәрсеге шамалары жетпейтіндігіне иман келтіреміз. Өйткені, олар өте әлсіз, дәрменсіз, сондықтан өздігінен ештеңе істей алмайды. Аллаһ олардың жаратушысы әрі ризық берушісі. Сол себепті Аллаһ Тағала айтады:

﴿اللَّهُ الَّذِي خَلَقَكُمْ ثُمَّ رَزَقَكُمْ ثُمَّ يُمِيتُكُمْ ثُمَّ يُحْيِيكُمْ﴾

«Ол Аллаһ сендерді жаратып, сосын ризық берді, одан кейін өлтірді, кейін тірілтеді»¹⁹⁰.

Кәсіп ету, малды адалдан жинау - халал, ал хараммен жинау – харам. Адамдар үш түрлі болады:

- ә) Иманына берік – шынайы мұмин.
- а) Күпірлігіне берік – бастартушы дінсіз.
- б) Екіжүзділігіне берік – екіжүзді айлакер.

Аллаһ Тағала мұминге амал етуді, дінсізге иман келтіруді, екі жүздіге ықыласты болуды парыз қылды. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ﴾

«Уа, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар»¹⁹¹.
Яғни, мағынасы – «Уа, мұминдер, бойұсыныңдар! Әй, дінсіздер, иман келтіріндер! Әй, екіжүзділер! Ықылас танытыңдар» дегенді білдіреді.

¹⁹⁰ «Рұм» сүресі, 40-аят.

¹⁹¹ «Ниса» сүресі, 1-аят.

الوصية الثامنة

Сегізінші өсиет

نَقَرُ بِأَنَّ الْإِسْطَاعَةَ مَعَ الْفِعْلِ ، لَا قَبْلَ الْفِعْلِ وَلَا بَعْدَ الْفِعْلِ ،
لَأَنَّهُ لَوْ كَانَ قَبْلَ الْفِعْلِ لَكَانَ الْعَبْدُ مُسْتَغْنِيًا عَنِ اللَّهِ تَعَالَى
وَقَتَّ الْحَاجَةِ ، وَهَذَا خِلَافُ حُكْمِ النَّصِّ ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى :
﴿ وَاللَّهُ الْغَنِيُّ وَأَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ ﴾ ، وَلَوْ كَانَ بَعْدَ الْفِعْلِ لَكَانَ مِنَ
الْمُحَالِ ، لَأَنَّهُ حُصُولُ بِلَا اسْتِطَاعَةٍ وَلَا طَاقَةٍ .

Адамның бір нәрсеге шамасы келуі амалмен бірге жүретіндігіне иман келтіреміз. Пенденің бір іске шамасының келуі сол істен бұрын немесе кейін мүмкін болды демейміз, себебі, егер шамасы келуі іс жүзеге аспастан бұрын мүмкін болса, онда өзіне қажет уақытта Аллаһ Тағалаға мұқтаждық танытпай қалады, ал бұл Құранның үкіміне қайшы. Аллаһ Тағала айтады:

﴿ وَاللَّهُ الْغَنِيُّ وَأَنْتُمُ الْفُقَرَاءُ ﴾

«Аллаһ бай, сендер кедейсіңдер»¹⁹².

Ал егер кейін болса, онда қарама-қайшылық туындайды, өйткені, іс-әрекет шамасы келуден, күші жетуден бұрын орындалып қойғаны.

¹⁹² «Мұхаммед» сүресі, 38-аят.

الوصية التاسعة

Тоғызыншы өсиет

نَقَرُ بِأَنَّ الْمَسْحَ عَلَى الْخُفَّيْنِ وَاجِبٌ لِلْمُقِيمِ يَوْمًا وَ لَيْلَةً ، وَ
لِلْمُسَافِرِ ثَلَاثَةَ أَيَّامٍ وَ لَيَالِيهَا ، لِأَنَّ الْحَدِيثَ وَرَدَ هَكَذَا ، فَمَنْ
أَنْكَرَهُ يُخْشَى عَلَيْهِ الْكُفْرُ ، لَأَنَّهُ قَرِيبٌ مِنَ الْخَبَرِ الْمُتَوَاتِرِ .
وَ الْقَصْرُ وَ الْإِفْطَارُ فِي السَّفَرِ رُخْصَةٌ بِنَصِّ الْكِتَابِ ، لِقَوْلِهِ
تَعَالَى : ﴿ وَإِذَا ضَرَبْتُمْ فِي الْأَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ
تَقْصُرُوا مِنَ الصَّلَاةِ ﴾ ، وَ فِي الْإِفْطَارِ قَوْلُهُ تَعَالَى : ﴿ فَمَنْ
كَانَ مِنْكُمْ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ ﴾ .

Мәсіге мәсіх тарту жергілікті тұрғын (үйіндегі кісі) үшін бір күн, бір түн, ал мүсәпірге үш күн, үш түн тарту уәжиб екендігін мойындаймыз. Өйткені, хадисте осылай айтылған. Кімде-кім оны мойындамаса, күпірлікке түсіп қалу қаупі бар, себебі, бұл хабар жайындағы хадис мұтауатирге жақын дәрежеде. Сапар кезінде намазды қысқарту және ораза ұстамау Құран аяттары арқылы рұқсат етілген. Аллаһ Тағала:

﴿ وَإِذَا ضَرَبْتُمْ فِي الْأَرْضِ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَقْصُرُوا مِنَ

الصَّلَاةِ ﴾

«Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәфирлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге намазды қысқартуларыңда күнә жоқ»¹⁹³, десе, ауыз бекітпеуге қатысты Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿فَمَنْ كَانَ مِنْكُمْ مَّرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِنْ أَيَّامٍ أُخَرَ﴾

«Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде өтер»¹⁹⁴.

الوصية العاشرة

Онныншы өсиет

نُقِرَ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى أَمَرَ الْقَلَمَ بِأَنْ يَكْتُبَ فَقَالَ الْقَلَمُ: مَاذَا أَكْتُبُ يَا رَبِّ؟ فَقَالَ اللَّهُ تَعَالَى: أَكْتُبْ مَا هُوَ كَاتِنٌ إِلَيَّ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿وَكُلُّ شَيْءٍ فَعَلُوهُ فِي الزُّبُرِ وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُسْتَطَرٌّ﴾.

Аллаһ Тағала Қаламға жазуды бұйырғандығына иман келтіреміз. Сонда Қалам: «Уа, Раббым, не жазамын? – дегенде, Аллаһ Тағала: «Қиямет күніне дейінгі болатын нәрсені жаз», – деді. Аллаһ Тағала:

﴿وَكُلُّ شَيْءٍ فَعَلُوهُ فِي الزُّبُرِ وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُسْتَطَرٌّ﴾

¹⁹³ «Ниса» сүресі, 101-аят.

¹⁹⁴ «Бақара» сүресі, 184-аят.

«Олар істеген әрнәрсе дәптерде бекітілген. Үлкенді-кішілі әр нәрсе жазулы»¹⁹⁵.

الوصية الحادية عشرة

Он бірінші өсиет

نُقِرَ بِأَنَّ عَذَابَ الْقَبْرِ كَاتِنٌ لَا مَحَالَةَ، وَ سُؤَالَ مُنْكَرٍ وَ نَكِيرٍ حَقٌّ لِرُودِ الْأَحَادِيثِ، وَالْحَنَّةُ وَ النَّارُ حَقٌّ، وَ هُمَا مَخْلُوقَتَانِ لِأَهْلِهِمَا، لِقَوْلِهِ تَعَالَى فِي حَقِّ الْمُؤْمِنِينَ: ﴿أُعِدَّتْ لِلْمُتَّقِينَ﴾، وَ فِي حَقِّ الْكَافِرِينَ: ﴿أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ﴾، خَلَقَهُمَا اللَّهُ لِلثَّوَابِ وَ الْعِقَابِ، وَ الْمِيزَانَ حَقٌّ لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ﴾، وَ الْقِرَاءَةُ الْكِتَابِ حَقٌّ لِقَوْلِهِ تَعَالَى: ﴿اقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَىٰ بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيبًا﴾.

Хадистерде айтылғандай, Қабір азабы сөзсіз болатынына және Мүңкәр мен Нәкирдің сұрақ алатын-

¹⁹⁵ «Қамар» сүресі, 52,53-аяттар.

дығына иман келтіреміз. Жәннат пен Тозақ – хақ. Ол екеуі өзіне лайықты тұрғындары үшін жаратылған. Мүминдердің хақында Аллаһ Тағала:

﴿أَعِدْتُ لِلْمُتَّقِينَ﴾

«Тақуалар үшін әзірленген»¹⁹⁶ десе, кәфирлер жа-
йында Аллаһ Тағала:

﴿أَعِدْتُ لِلْكَافِرِينَ﴾

«Кәпірлер үшін әзірленген»¹⁹⁷ дейді. Аллаһ Тағала
жәннат пен тозақты марапат пен жаза үшін жаратты.
Және Таразы – хақ. Аллаһ Тағала:

﴿وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ﴾

«Қиямең күні, тақуалық таразысын қоямыз»¹⁹⁸.
Кітаптың (амал дәптері) оқылуы да – хақ. Аллаһ
Тағала айтады:

﴿اقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَىٰ بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيبًا﴾

«Кітабыңды оқы. Бүгін есеп көру тұрғысынан өз-
өзіңе жеткіліктісің»¹⁹⁹.

¹⁹⁶ «Әл-Ғимран», сүресі, 133-аят.

¹⁹⁷ «Бақара» сүресі, 24-аят.

¹⁹⁸ «Әнбия» сүресі, 47-аят.

¹⁹⁹ «Исра» сүресі, 14-аят.

الوصية الثانية عشرة

Он екінші өсиет

نُقِرُّ بِأَنَّ اللَّهَ تَعَالَى يُحْيِي هَذِهِ النُّفُوسَ بَعْدَ الْمَوْتِ ، وَ يَجْعَلُهُمْ فِي
يَوْمٍ كَانَ مِقْدَارُهُ خَمْسِينَ أَلْفَ سَنَةٍ لِلْجَزَاءِ وَ الثَّوَابِ وَ أَدَاءِ
الْحَقُوقِ لِقَوْلِهِ تَعَالَى : ﴿ وَأَنَّ اللَّهَ يَبْعَثُ مَنْ فِي الْقُبُورِ ﴾ .

وَلِقَاءِ اللَّهِ تَعَالَى لِأَهْلِ الْجَنَّةِ حَقٌّ بِلَا كَيْفِيَّةٍ وَ لَا تَشْبِيهِ وَ لَا
جِهَةٍ .

وَشَفَاعَةُ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ حَقٌّ لِكُلِّ مَنْ هُوَ
مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ ، وَإِنْ كَانَ صَاحِبَ الْكِبِيرَةِ .

وَعَائِشَةُ بَعْدَ حَدِيثَةِ الْكُبْرَى رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَفْضَلُ نِسَاءِ
الْعَالَمِينَ ، وَأُمُّ الْمُؤْمِنِينَ ، وَمُطَهَّرَةٌ عَنِ الزَّنَا بَرِيئَةٌ عَمَّا قَالَتْ
الرَّوَافِضُ ، فَمَنْ شَهِدَ عَلَيْهَا بِالزَّنَا فَهُوَ وَلَدُ الزَّنَا .

وَأَهْلُ الْجَنَّةِ فِي الْجَنَّةِ خَالِدُونَ ، وَأَهْلُ النَّارِ فِي النَّارِ خَالِدُونَ ،

لَقَوْلِهِ تَعَالَى فِي حَقِّ الْمُؤْمِنِينَ : ﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾ ، وَفِي حَقِّ الْكُفَّارِ : ﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾.

Аллаһ Тағала жандарды (әруақтарды) өлгеннен кейін қайта тірілтетіндігіне және оларды шамамен елу мың жылға созылатын бір күні хұқықтарын өтеу, сауаптарын беру мен жазасын өтеуге қайта жинайтындығына иман келтіреміз. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿وَأَنَّ اللَّهَ يَبْعَثُ مَنْ فِي الْقُبُورِ﴾

«Шәксіз Аллаһ, қабірдегілерді тірілтеді»²⁰⁰.

Аллаһ Тағала Ұжмақ иелеріне еш кейіпсіз, тарапсыз, ұқсаусыз көрінуі – хақ.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) шапағаты жәннаттық әрбір пендеге бағышталады, тіпті, үлкен күнә жасағандар да оның шапағатынан құр қалмайтындығы – хақ.

Хадиша анамыздан кейінгі әлемдегі әйелдердің абзалы әрі мұминдердің анасы Айша анамыз (Аллаһ ол екеуіне разы болсын), зинақорлықтан пәк, Рауафидтер²⁰¹ жапқан жалалардан пәк. Ал кімде-кім Айша анамызға зинақорлық жасады деп айып тақса, онда оның өзі ойнастан туғаны.

Жұмақ иелері сол пейіште мәңгі қалады, Жәһәннәм иелері сол тозақта мәңгі қалады. Мұминдер хақында Аллаһ Тағала:

²⁰⁰ «Хаж» сүресі, 7-аят.

²⁰¹ Шиғалардан шыққан адасқан топтардың бірі.

﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾

«Жәннаттық болып, олар онда мәңгі қалады»²⁰² десе, кәфирлер жайлы Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿أُولَئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ﴾

«Тоzaқтық болып, олар онда мәңгі қалады»²⁰³.

²⁰² «Бақара» сүресі, 82-аят.

²⁰³ «Бақара» сүресі, 39-аят.

Ризабек Батталұлы

АҚИДА САБАҚТАРЫ

Әзірлеген: *Ризабек Батталұлы*

Әдеби мұхәррирлері: *Гүлбағрам Жебесін*
Мақсат Нұрадинұлы

Діни мұхәррирлері: *Рахымжан Сабыржанұлы*
Әбдімүтәліп Қайназарұлы
Исмайыл Сейітбек
Талғат Дайрабайұлы

Басуға 30.10.2011 ж. қол қойылды.

Қаріп түрі «Times New Roman». Пішімі 84х108/32.

Баспа табағы 11.75. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс 1321.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpk-dauir81@mail.ru